COVID-19
ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

Qazaq

№ 46 (1 045), 17 қараша, 2020 жыл
Республикалық қоғамдық-саяси газет

qazaq1913.com | +7 (701) 505 48 48 | +7 (777) 797 77 88 | kazakh_2006@mail.ru | qazaq gazeti | qazaq gazeti | qazaq_gazeti | qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266–санынан бастап қайта жаңғыртты.

ДЕПУТАТ ДАБЫЛ ҚАҚТЫ

«Байқоңырдағы жеті мектепте Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті оқытылмайды» дейді сенатор

08

АЛЖИРДЕ АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР

Сталин қайтыс болған 1953 жылға дейін АЛЖИР-де 20 мыңдай әйел отырды

10

ТАРИХТАҒЫ ҚАРАЛЫ КҮН

Жыл сайын 24 қазанда «Байқоңырдың» жұмысы неге тоқтайды?

12

ҚАРАБАҚТАҒЫ 44 КҮНДІК ҚАҚТЫҒЫС

Таулы Қарабақтың даулы мәселесіне нүкте қойылды ма?

Әзербайжан мен Армения арасындағы кезекті қақтығыстың басталғанына 1,5 ай болды. 10 қарашаға қараған түні Ресей Федерациясының президенті Таулы Қарабақта атысты тоқтату туралы келісім жасалғанын мәлімдеді. Аталған келісімге Әзербайжан Республикасының президенті Ильхам Әлиев, Армения Республикасының премьер-министрі Никол Пашинян және Ресей Федерациясының президенті Владимир Путин қол қойған. Онда 2020 жылғы 10 қарашада Мәскеу уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап Таулы Қарабақ аймағындағы атысты және барлық әскери әрекеттерді толық тоқтату туралы келісім жасалған.

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ,
саяси шолушы

Владимир Путиннің айтуынша, Ресей Федерациясының бітімгершілік контингенті Таулы Қарабақтағы байланыс сызығы бойында және Таулы Қарабақты Армения Республикасымен байланыстыратын дәліз бойында орналасады. Ішкі қоныс аударушылар мен босқындар БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының бақылауымен Таулы Қарабақ аумағына және оған іргелес жатқан аудандарға қайтарылады. Екі ел әскери тұтқындар мен басқа да ұсталғандармен және қаза тапқандардың мәйіттерін бір-біріне беретін болады.

Ильхам Әлиев те Таулы Қарабақтағы әскери қимылдың тоқтатылуына байланысты халыққа үндеу жасады. Әзербайжан президенті аймаққа ресейлік бітімгерлерден бөлек, түркиялық бітімгерлер де келетінін хабарлады. Дегенмен, Таулы Қарабақта атысты тоқтату туралы келісімде Түркия туралы бірауыз сөз жоқ.

«Мәселенің әскери шешімі бар, бірақ мен мәселені саяси жолмен шешкім келді. Айтқанымдай болды: әскери кезең аяқталды, саяси мәселеге көштік. Біз үшін барынша тиімді құжатқа қол қойдық», – деп мәлімдеді Әзербайжан президенті.

05-бетте

САЛАҚТЫҚ САЛДАРЫ

Коронавирус кезінде медициналық қалдықтарды көрінген жерге тастауға бола ма?

Елімізде коронавирус жұқтырған науқастарды емдеуде қолданылған медициналық құрылғылардың қалдығын жою нормалары бұзылған. Бұны ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой да растап отыр. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті медициналық қалдықтарды қайта өңдеу және жою бойынша қызмет көрсететін барлық кәсіпорындарға талдау жүргізді. Ал, коронавирус жағдайында медқалдықтарға деген салақтық жекелеген аймақтарда ғана емес, түгел республикада санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды күрделендіруі мүмкін. Сондықтан қоқыс мәселесі бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып отыр.

Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ,
саяси шолушы

ТАЗАЛЫҚ – САУЛЫҚ НЕГІЗІ

Егілген ине қалдықтары, адам қаны қатқан контейнерлер, қан құйылған пробиркалар, пайдаланылған бір реттік қолдануға арналған таңғыштар, қорғаныш костюмдері... Жергілікті тұрғындар осындай жиіркенішті әрі қауіптілігі жоғары медқалдықтарды ауладағы қоқыс тастауға арналған орындардан көргенін хабарлаған. Бұл көрініс ауылдық жерлермен қатар, қалаға жақын аумақтарда да орын алған. Әсіресе, бұндай «бетімен кету» соңғы айларда жиі кездесіп отыр деп дабыл қағады жүргізілген зерттеу нәтижесі. Осындай оқиғаның бірі сәуірдің соңында Түркістан облысының Ленгер қаласында қайталанған.

03-бетте

«БІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІН ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ»

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Оспанұлы Балықбаевпен ашық әңгіме)

Біздер кейде өткенді еске алсақ, сол өткеннен тұтас тұлғаны іздейміз, кесек-кесек керемет көріністерді жіліктеуге немесе тұлғаға қатысты бір ерекше жәйтке мән бере қарағанды жөн санаймыз. Онымыз рас. Сол қазақы болмысқа тоқтап, біз де кейіпкеріміздің тұлғалық бастау бұлағынан, яғни кішіге жөн сілтер, көпшілікке елдікті айтар басшының балалығынан бүгінгі лауазымына дейінгі кезеңдерінен сыр суыртпақтап, басқаруындағы қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны туралы ашық әңгімелескен едік.

Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ,
«Qazaq» газетінің бас редакторы

«МЕНІҢ ӨМІРЛІК ҰСТАЗЫМ – ӘКЕМ»

– «Ауыл – алтын бесік» дейміз. Ендеше, сұхбатымызды туған ауылыңыздан бастасақ орынды болар. Сұхбатты бұл тақырыптан бастап отырғаным да тегін емес. Өйткені, «Алма ағашынан алысқа түспейді» дегендей, ұстаздар ұясынан ұшып шыққаныңызды да білеміз. Педагог мамандығын таңдауыңызға әкеңіздің түрткі болғанын да әлеуметтік желідегі парақшаңызда күні кеше жаздыңыз. Ал, Сіз қандай ауылдан, отбасынан шықтыңыз?

07-бетте

ЗИМАНОВ ДӘРІСІ

(Салық Зиманов пен Қоғабай Сәрсекеевтің 2011 жылғы екеуара әңгімесі)

2011 жылдың қыркүйек айының соңында «Qazaq» газетінің алқа мүшесі, академик Салық Зиманов редакцияға екі күн бойы қатарынан келіп, қазақ даласындағы әділ сот, ел құқығын бағалау тарихы, «Қазақтың ата заңдарының» он томдығы жөнінде және бүгінгі өмір, қоғам жайлы кеңінен әңгіме қозғаған еді. Қазан айының ортасына қарай оқымысты өзімен болған сұхбаттың мәтінін оқып, қарап берген-ді. Содан бір ай өткен соң, 2011 жылдың 4 қарашасында ғазиз жанның жүрегі соғуын тоқтатты. Өкінішке қарай, 3 жылдан кейін, 2014 жылдың 17 қарашасында «Qazaq» газетінің екінші тынысын ашқан Қоғабай Сәрсекеев те өмірден өтті. Яғни, қараша айы келген сайын біздің осы екі азаматқа деген сағынышымыз арта түседі. Өйткені, екіншісі 88 жылдан кейін газеттің қайта жарық көруіне ұйытқы болса, біріншісі қайта шыққан газетіміздің аяқтан тұрып кетуіне зор үлес қосты. Төменде ғалым Салық Зиманов пен жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің сол әңгімесін «Qazaq» газетіне қайта жариялап отырмыз.

Жасұлан МӘУЛЕНҰЛЫ,
«Qazaq» газетінің бас редакторы

БІРІНШІ КҮНГІ ӘҢГІМЕ

Қоғабай Сәрсекеев: Әңгімені денсаулықтан басталық. Салық аға, соңғы кездері ауруханада жиілетіп кеттіңіз...

Салық Зиманов: Шүкір, бірақ жас ұлғайғанда ыңқыл-сыңқыл көбейе бере ме, қалай, әйтсе де жұмыстан қалған жоқпын. Бір тәубем осы!

Қоғабай Сәрсекеев: Мықты болыңыз, аға, тілектеспіз!

Салық Зиманов: Тырысып бағамыз да...

Қоғабай Сәрсекеев: Енді ойда жүрген әңгімені басталық... Сөзіміздің бісмілләсі, өзіңіздің ұйытқы болуыңызбен жарыққа шыққан «Қазақтың ата заңдарының» он томдығы туралы болмақ. Мұның құнды еңбек екені сөзсіз. Осы көптомдыққа тоқталып өтсеңіз?

Салық Зиманов: Оқушылар назарына ұсынылған «Қазақтың ата заңдары» деп аталатын бұл он томнан тұратын көптомдық серия – концептуалды басылым, қазақ ғылымы саласындағы тың жұмыс. Менің тікелей басшылығыммен, дәлірек айтқанда, ғылыми жетекшілігіммен, басылымның бас редакторы әрі авторларының бірі ретінде мол күш жұмсалған осынау тарихи реформаторлық зерттеу еңбек қазақ халқының бай құқық саласының кемел шежіресі іспетті іргелі бастама.

Жә, сонымен «Қазақтың ата заңдары» көптомдық кітабының құрылымдық жобасын тізсек, төмендегіше боп шығады:

I-том. Белгілі тарихи тұлғалардың, ойшылдардың, жиһангерлердің, ғылым мен мәдениеттің бұрынғы-соңғы көрнекті өкілдерінің еркіндік идеяларына негізделген қазақ әдет-ғұрып заңдары, олардың «ежелгі болмысы» туралы ойлары мен пікірлері. Билер және билер сотының тарихы мен олардың қоғам, ел өміріндегі ерекше рөліне арналған зерттеулер.

06-бетте

#Баспасөз2021

«QAZAQ» ГАЗЕТІНЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ИНДЕКС 64048

«ҮРКЕР-2020» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Жұма, 13 қарашада Нұр-Сұлтанда баспа, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер-2020» ұлттық сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Салтанатты жиында 11 номинация бойынша мәртебелі журналистика сыйлығының жеңімпаздары анықталды.

Жылдың үздік фотосуреті:
Сәкен Ділдахмет, тәуелсіз экологиялық шолушы;
Жылдың үздік репортажы:
Нұрсұлтан Мықтыбаев, Kyzylorda-news.kz порталы;
Жылдың үздік аналитикалық материалы:
Қайрат Жандыбаев, Strategy2050.kz порталы;
Жылдың үздік журналистік зерттеуі:
Михаил Козачков, «Время» газеті;
Жылдың үздік сұхбаты:
Гүлбаршын Сабаева, «Egemen Qazaqstan» газеті;
Жылдың үздік танымдық материалы:
Тимур Ниталиев, Sputnik Қазақстан ақпараттық агенттігі;
Радиостанциядағы үздік жоба:
«Atýray» радиостанциясындағы «Эфирде 102 FM» бағдарламасы;
Жылдың үздік жаңалықтар порталы:
TengriNews порталы;
Жылдың үздік газеті:
«AQ JOL» газеті;
Жылдың үздік журналы:
«Жұлдыз» журналы;
Шерхан Мұртаза атындағы Номинация:
Қайнар Олжай, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, публицист.

Барлық финалистерге жеңімпаз сертификаты, «Үркер» естелік мүсіншесі және бір миллион теңге ақшалай сый табысталды.

Көрермендер марапаттау рәсімін тікелей эфирде urker-awards.kz ресми сайтынан көруге мүмкіндік алды.

Айта кетейік, «Үркер» ұлттық сыйлығы 2017 жылдан бастап, биыл төртінші рет өткізіліп отыр. Өтінімдер 2020 жылдың 2 қазанынан 5 қарашасына дейін қабылданды. Жалпы, қатысушылардан 470 өтінім келіп түсті. Үздік жұмыстар әділқазылар мүшелерімен таңдалды, олардың құрамына беделді қайраткерлер, шығармашылық зиялы қауым өкілдері және танымал қазақстандық журналистер кірді.

Ұлттық сыйлықты ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Іс-шараға «Қазақстан» РТРК мен «Хабар» Агенттігі» АҚ демеушілік жасады.

МАҚТААРАЛ АУДАНЫНЫҢ СУ БАСҚАН АЙМАҒЫНДА 494 ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ

Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен Фирдоуси мен Өргебас елді мекендерінде 504 тұрғын үйдің 494-нің құрылыстары аяқталып, 10 үй жақын арада пайдалануға беріледі. Бұл туралы кеше Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев брифинг барысында мәлім етті.

Өмірзақ Естайұлының айтуы бойынша, Мақтаарал ауданындағы Жеңіс, Жаңатұрмыс, Достық елді мекендерінің тұрғындарына, Мырзакент кентінде жаңадан бой көтерген ықшамауданда 386 жеке тұрғын үйдің құрылысы толық аяқталып, кілттері үй иелеріне табысталған. Оның ішінде 196 тұрғын үй құрылысына Үкіметтік резерв есебінен қаржы бөлінсе, қалған 190 тұрғын үйдің құрылысы қайырымдылық және өзге де қорлар арқылы жүргізілген. Ал, Мырзакент кентіндегі жаңа мөлтек ауданда 1 200 орындық мектеп пен 280 орындық балабақша, дәрігерлік амбулатория және полиция бекетінің құрылысы жүріп жатыр. Сондай-ақ, Фирдоуси ауылында 600 орындық мектеп ағымдағы жөндеуден өтсе, дәрігерлік амбулатория мен полиция бекеті, Өргебас ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт пен полициялық бекетінің құрылысы жүріп жатыр. Жоғарыда аталған мектеп пен балабақшаның ашылуы келесі жылға жоспарланса, қалған нысандардың құрылыс жұмыстары ағымдағы жылдың желтоқсан айында толық аяқталады.

Айта кетейік, баспасөз мәслихатында Өмірзақ Шөкеев Түркістан қаласын дамыту мақсатында биылғы жылғы мемлекеттік бюджеттен 161 нысанның құрылысына 124,2 млрд теңге бағытталғанын, құрылыс алаңына айналған көне шаһардың әкімшілік-іскерлік орталығында 14 нысанның құрылыс жұмыстары аяқталғанын айтты. Солардың ішінде Түркістан қаласының халықаралық әуежайы да бар. 2020 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларынан Түркістан қаласына әуе рейстері ұшуды бастайды.

ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ
«QAZAQ» ГАЗЕТІНІҢ ШОЛУШЫСЫ

Екі млн халқы бар мегаполис Алматыда барлығы

2 050

«Сергек» камерасы орнатылған болса, ал жыл соңына дейін қосымша 362 камера орнатылады

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай қазақстандықтар аптаның сейсенбісінде демалады. Сонымен қатар, Тәуелсіздік күні 16–17 желтоқсан күндері ресми түрде аталып өтіледі. Осы екі күндік демалысқа 18 желтоқсан қосылып, қазақстандықтар Тәуелсіздік күніне орай 16–19 желтоқсан аралығында төрт күн демалады. 18-і күні демалыс болғандықтан 20 желтоқсан жексенбіге сай келсе де жұмыс күні болып бекітілген. Осылайша, қазақстандықтар жылдың соңғы айында 11 күн демалады...

АЛТАЙ КӨЛГІНОВ,
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ:

«НҰР-СҰЛТАНДА ТҰРҒЫН ҮЙ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ»

Нұр-Сұлтанда тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай орталық ашылды (Республика даңғылы, 32). Бұл орталықта тұрғын үйге кезекке тұру, кезек нөмірін тексеру, тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, тұрғын үй сертификатын алу, кредиттік/жалға берілетін пәтерлер бойынша және тағы да басқа мәселелерге қатысты кеңес алуға болады. Бұл орталық қала тұрғындары үшін ыңғайлы. Себебі, олар тұрғын үй мәселелері бойынша қаланың әр ауданында орналасқан инстанцияларға бармай-ақ бір жерден кеңес ала алады...

(Әкімнің 16 қараша күнгі Instagram парақшасындағы жазбасынан)

http://qazaq1913.com

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ,
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ:

«ҚАЖЫМҰҚАН АТАМЫЗДЫҢ МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ 2021 ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ»

Қажымұқан Мұңайтпасұлы біздің атақты жерлесіміз. Келер жылы 150 жылдық мерейтойы өтеді. Соған байланысты жұртшылықтың ұсынысымен Ордабасы ауданында Қажымұқан атамыздың үлкен мемориалды кешенін салу қажет деген бастама көтерілді. Оған арнайы қаржы бөліп, тиісті құжаттарын дайындадық. Қазір сметалық-жобалау құжаты дайын. Тиісті министрлік арқылы Үкіметке ұсындық. Ол жерде қаржы мәселесі шешілетін болса, онда келесі жылы кешен құрылысын бастаймыз...

(Кеше, 16 қарашада Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтқан пікірі)

КОРОНАВИРУС ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ САЙТ
CORONAVIRUS2020.KZ

10 қараша күні Алматы қаласында ҚР ІІМ-нің Құрметті ардагері, Қазақстан Республикасы «Генералдар Кеңесі» РҚБ Президиумының төрағасы Рүстем Қайдаровтың құрметіне мемориалды тақтаның ашылу рәсімі өтті.

ГЕНЕРАЛ РҮСТЕМ ҚАЙДАРОВҚА АЛМАТЫДА ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Мемориалдың ашылу салтанатына Алматы әкімі аппаратының басшысы Талғат Сәрсенбаев, Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов, марқұмның туыстары және құқық қорғау органдарының еңбек сіңірген қызметкерлері қатысты.

Айта кетейік, Рүстем Есімханұлы Қайдаров – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, КСРО ІІМ Еңбек сіңірген қызметкері, Қазақстан Республикасы ІІМ Құрметті ардагері.

Мемориалды тақта Рүстем Қайдаров 1991-2019 жылдары тұрған Мәуленов көшесіндегі №120 үйге орнатылды.

13 қараша күні Алматы облысының әкімі Амандық Баталов Талдықорғандағы Көрме кешенінде облыста әзірленген қалақұрылыстық құжаттамалар мен сызбаларды көріп, соның негізінде жиын өткізді. Аталмыш құжаттамаларда өңірді аумақтық жағынан жан-жақты дамытудың 2045 жылға дейінгі жоспары қарастырылған. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің Баспасөз қызметі хабарлады.

ӨҢІРДІҢ 2045 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУЫН ЖОСПАРЛАУДЫҢ КЕШЕНДІ ҚАЛАҚҰРЫЛЫСТЫҚ СЫЗБАСЫ ДАЙЫНДАЛДЫ

Аталған құжаттамалар облыс әкімінің тапсырмасымен 2019 жылы дайындала басталып, екі жыл бойы әзірленді. Бұл жұмысты облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының тапсырысымен «Урбостиль» ЖШС дайындап шықты. Облыс басшысы Амандық Баталовқа жобаны серіктестік басшысы Любовь Нысанбаева таныстырды.

Жобада Алматы облысының тұтас дамуы, соның ішінде өңірдің экономикасы, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік өркендеуі, туристік бағыты, жол-көлік қатынасы, құрылыс және сәулет, абаттандыру, жалпы айтқанда, барлық жағынан 2045 жылға дейінгі даму жоспары толық қамтылған. Ол үшін барлық саланың аяқ алысы түгелге дерлік зерттеліп, есептік көрсеткіштерінің негізінде жоспар құрылып, осы жобаға енгізілді. Бұл – Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының басты стратегиялық құжаты деуге болады.

Алматы облысы – Алматы қаласымен шектесіп жатқан өңір. Сондықтан аймақтың дамуы қаламен тығыз байланысты. Бұл ретте Алматы маңындағы Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы (БАКАД) облыстың үш ауданымен – Қарасай, Талғар, Іле аудандарымен шектесетінін атап өту керек. Соған сәйкес аталған аудандардың 30 елді мекені ерекше қалақұрылыстық реттеу аймағында орналасқан деп саналады. Осы елді мекендерді көркейтудің қалақұрылыстық құжаттамасы да әзірленіп, облыс басшысының назарына ұсынылды.

Сол сияқты жалпы алаңы 8 мың гектардан астатын осы ерекше қалақұрылыстық аумақтағы 10 қалақұрылыстық тораптың топографиялық түсірілімі жасала отырып, егжей-тегжейлі жоспары дайындалған. Облыс әкіміне таныстырылған жобалардың ішінде бұл да бар.

Бұл екі жобаның мақсаты – Алматымен шектесіп жатқан аумақтардың қаланың құрылыстық-сәулеттік стилімен үйлесімділігін және сәйкестігін қамтамасыз ету, қаланың немесе облыстың шеткі аймағы деген ұғымды болдырмау, облыс тұрғындарының қажетті маңызды нысандарға қолжетімділігін қамтамасыз ету. Амандық Баталов осы жобалармен танысу барысында Алматы қаласының да дәл осындай жобасы дайын болғанда, осы екі жобаның негізінде облыс пен қалаға ортақ концепция жасалуы тиіс екенін атап өтті. Бұл жобалар облыстың қаламен шектесетін аумақтарының 2030 жылға дейінгі дамуын қамтып отыр.

Мұнан кейін Гейт Сити серіктес қаласы жобасының 1-ші кезеңіндегі «Қоянқұс» тұрғын үй кешенінің құрылысы туралы баяндалды. Жоспар бойынша Іле ауданының аумағында орналасатын аталған тұрғын үй кешенінде 10 мыңнан астам адам тұратын болады. Облыс тарапынан барлық қажетті инженерлік инфрақұрылымдар жүргізілген. Инвесторлар тұрғын үй кешенінің құрылысын биылғы жылдың желтоқсан айында бастауға дайын екендіктерін айтты.

Таныстырылымнан кейін облыс әкімі жиын өткізіп, осы ауқымды жұмысты дайындауға атсалысқан барлық азаматтарға алғыс айтты.

«Елбасы мені әкім етіп тағайындағанда осы міндеттердің бәрін жеке-жеке жіктеп айтып берген еді. Сол кезде қағазға түсіріп алғанымда 16 тармақ болды. Соны негізге ала отырып, бүгін осындай үлкен, ауқымды кешенді сызба әзірлеп шықтық. Бұл бағыттағы бірқатар жұмыстар қазірдің өзінде жасалып жатыр. Қант қызылшасын өсіруде, негізгі күре жолдарды жөндеуде, Алакөл жағалауын дамытуда және басқа да салаларда біз алға қойған міндеттерге қол жеткіздік. Жұмыстар әлі де жалғасады. Осымен тоқтап қалмай, алдағы дамуымызды осы кешенді сызбада белгілеп отырмыз. Біз осындай ауқымды құжаттаманы басшылыққа алып жұмыс істеуді үйренуіміз керек. Бұл – біз үшін аса маңызды стратегиялық құжат. Осы құжаттамада көрсетілген барлық жоспарлардың орындалуына жалпы жауаптылықты орынбасарым Жеңіс Тұяқовқа міндеттеймін. Бұл сызбалар әрбір аудан, қала әкімінің жұмыс кабинетінде тұруы керек және кез келген алдағы дамуға бағытталған шешім қабылдарда осы құжат оларға негізгі жолбасшы болуы тиіс», – деді өңір басшысы.

Қазақстан азаматтары шет елдерде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауына қатыса алады. Бұл туралы ҚР Сыртқы істер министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР МӘЖІЛІС САЙЛАУЫНА ҚАТЫСА АЛАДЫ

«Қазақстан Республикасы Президентінің 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес, 2021 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы өтеді. Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының сайлау құқығын қамтамасыз ету үшін 53 мемлекетте 66 сайлау учаскесі ашылады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңы 24-бабының 8-тармағына сәйкес, Қазақстанның шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімі дауыс беру күніне дейін өзектендірілетін болады», делінген ведомстволық Telegram каналында.

Министрлік шетелдегі сайлау процесін уақытылы және толықтай дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының азаматтарынан жақын маңдағы сайлау учаскесіне алдын-ала хабарласып, сайлаушылар тізіміне енгізу үшін мәлімет беруін сұрайды.

Айта кетейік, алдағы саяси науқанда «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы, «Бірлік» («Адал») саяси партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, Қазақстанның халық партиясы (бұрынғы коммунистік партия) және «Nur Otan» партиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауға қатыса алады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңда қарастырылған ережелер бойынша парламенттік тәжірибемізде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілді. Ал, Мәжіліс пен мәслихат депутаттарын сайлауға орай шетелден бөлек еліміздің 14 облысында және республикалық маңызы бар Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларында 10 мыңнан астам сайлау учаскесі ашылатын болады.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ЗАРДАП ШЕККЕН 25 313 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АНЫҚТАЛДЫ. КЕЛТІРІЛГЕН ШЫҒЫН – 33,2 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ**

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ:

«Ұлтаралық татулық – біздің басты байлығымыз болуы керек»

Сәрсенбі, 11 қарашада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен «Бір шаңырақ астында – биік мақсаттарға» күн тәртібімен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өтті.

«Қиын жағдайға байланысты кеңес отырысын бейнебайланыс түрінде өткізіп отырмыз. Бұл жиынымыз Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдық мерейтойына арналады. Баршаңызды осы мерекемен құттықтаймын. Мерейтойлық меже өткенге көз жүгіртіп, атқарылған жұмысты қорытындылауға себеп болып отыр. Ассамблеяның қандай қиын уақытта құрылғанын бәріміз білеміз. Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының қалыптасуы, тарихи шиеленісті, ертеңгі өмірге деген сенімсіздік заманында құрылды. Бірақ, біз дәл сол кезде өзіміз үшін бір нәрсені қабылдадық. Ұлтаралық татулық біздің басты байлығымыз болуы керек», – деді кеңес отырысын ашқан Елбасы.

Елбасы отырыс барысында кейбір күштердің этникалық мәселелерді жеке мақсаттарына пайдаланғысы келетінін, ұлтаралық татулық біздің басты байлығымыз болуы керектігіне тоқталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жетістіктерінің бірі «Туған жер» жобасы аясында 12 мың меценат өздерінің кіші отандарына 270 млрд теңгенің инвестициясын салды. Еліміздің барлық өңірлерінде 4,7 мың әлеуметтік-мәдени нысан жаңартылды. Біз елдің әлеуметтік және мәдени ортасын өзгертудеміз», – деді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Онымен қоса, ҚР Тұңғыш Президенті ел азаматтары қиын сәттерде де ұйымшылдық танытып, бір-біріне қолдау көрсетіп келе жатқандығына да ерекше тоқталып өтті.

«Мәселен, Арыстағы, Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы оқиғалар кезінде елді мекендер қирап, көптеген адам баспанасыз қалды. Сол кезде әдеттегідей бүкіл Қазақстан жұмылды және жаңа елді мекен мен жаңа қала салды. Бұған дейін де Алматы облысындағы су тасқынынан, Шығыс Қазақстандағы жер сілкінісінен соң осылай болған еді. Коронавирус инфекциясы індеті жағдайында Ассамблея аз қамтылған отбасыларға, дәрігерлерге, мектеп оқушылары мен олардың отбасыларына көмек көрсетті. Осылайша, барлық қазақстандық өз проблемасымен жалғыз қалып қоймайтындығын біледі. Егер проблема туындаса біздің барлығымыз көмекке келеміз. Біздің әр азаматымыз үшін мықты, жауапкершілігі зор мемлекет бар және Ассамблея да бұл мәселеде соңғы орында емес. Жоғарыда айтылғандардың бәрі топтаса келе біздің бірегейлігіміздің негізгін құрайды. Бірегейлігіміз – ұлттық кодымыз», – деді Елбасы.

Кеңес жұмысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, орталық мемлекеттік атқарушы органдардың басшылары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың әкімдері – ҚХА төрағалары, этномәдени бірлестіктер мен Ассамблея құрылымдарының өкілдері, білім және ғылым ұйымдарының, институттардың жетекшілері, БАҚ, ҮЕҰ және қоғам қайраткерлері қатысуда. Іс-шарада сондай-ақ, Жамбыл облысының әкімі Б.Сапарбаев және этномәдени бірлестіктер, азаматтық қоғам мен жастар өкілдері сөз сөйледі.

Отырыс барысында Елбасы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасарлары болып тағайындалған «Қазақстан ұйғырлары республикалық мәдени орталығы» Алматы филиалының төрағасы Закиржан Пірмұхамедұлы Кузиев пен ҚХА мүшесі, «Kazakh TV» телеарнасының директоры Майя Төлегенқызы Бекбаеваны таныстырды.

Сондай-ақ, Ассамблея Кеңесі барлық ҚХА мүшелері мен Қазақстан азаматтарын бейбітшілік пен келісімді нығайту жолындағы Елбасының стратегиялық сабақтастық бағытын қолдауға шақырған Үндеу қабылдады.

Үндеуде азаматтық бейбітшілік, қоғамдық келісім мен халық бірлігі еліміздің іргетасы, қарқынды дамуының кепілі екені атап көрсетілген.

ҚХА Кеңесі Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асырудың сәтті жүзеге асатынына және алдағы реформалардың жалпыұлттық қолдау табатынына сенім білдірді.

САЛАҚТЫҚ САЛДАРЫ

Коронавирус кезінде медициналық қалдықтарды көрінген жерге тастауға бола ма?

01-беттен

Оқиға орнынан тікелей түсірілген фотосуреттер мен бейнетүсірілімдер дер кезінде әлеуметтік желілерде жарияланған. Бұл медициналық қалдықтар әрі қарай көзін жою үшін қоймада сақталып тұрған. Ленгердегі мұндай қоқыстарды сақтау мен жоюға «Олжас» ЖШС жауапты болған. Видеодан байқағанымыздай, «Medox» ЖШС-не тиесілі «Газель» жүргізушісі үйіне қарай кетіп бара жатқан жолдағы тұрғын үйлерге арналған қоқыс тастау орнына жақындағанда көлік есігін ақырын ашып, «жұмбақ жүкті» төге бастаған.

Белгілі болғандай, салмағы 93 келі тартатын медициналық қалдық Қарағанды облысының Нуринск орталық облыстық ауруханасынан «ат арытып» жеткен. Аталған аурухана географиялық тұрғыдан Елордаға жақын орналасқандықтан, шыққан қоқыстарды жоюда «Олжас» ЖШС-мен келісімшарт жасасқан. Ал, бұл серіктестік «Medox»-тен «Газель» көлігін жалға алған. Компанияның ұсақтауға арналған құрылғысының істен шығуына байланысты залалсыздандырылған қалдық қайтадан Қарағандыға қайтарылуы керек болған. «Medox» ЖШС тарапынан ешқандай заң бұзушылық анықталмағынын хабарлады Қоғамдық денсаулықты қорғау комитеті. «Газельден» төгілген медициналық қалдықтар дер кезінде қайта жиналып, жойылған. Аймақ арнайы дезинфекциялаудан өткен. Тазалықты сақтамай, қаншама халықтың өміріне қауіп төндіретін әрекетке барғаны үшін «Олжас» ЖШС-нің бас директорына 290 мың теңге айыппұл салынған.

Ленгердегідей келеңсіздік елімізде алғаш рет орын алып тұрған жоқ. Өткен жылы үш тоннадай медициналық қалдық Нұр-Сұлтан маңына жақын жерде, Ақмола облысына қарасты Шортанды ауданындағы Ключи ауылының маңынан табылды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, бұл медқалдық Ұлттық жүрек хирургиясы орталығына тиесілі болып шыққан. Орталықтан шыққан қалдықтарды жоюға жауапты «Казпереработка» ЖШС-не ережені бұзғаны үшін 20 АЕК айыппұл салынған.

ТАҚЫРЫПТЫҢ ТӨРКІНІ

Республикада халықаралық талаптарға сәйкес медициналық қалдықтарды жоюдың эпидемиологиялық қауіптілік дәрежесі бойынша бекітілген классификациясы бар. Бірақ, ережені ескермейтіндер қатары азаймай тұр. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Меруерт Қазбекова осы және ұқсас жағдайларды палата отырысында сөз етіп, күн тәртібіне мәселе етіп ұсынды. Ол мұндай әрекеттерді «кісі өлтіру қылмысы» деп атады. «Алайда, бұндай іс-әрекеттер пандемиядан бұрын және пандемия кезінде де болған. Ең сорақысы, кісі өлтіретін қылмыстық сипатқа ие қауіпті әрекеттің қазір де жалғасуы», – деді депутат өз сөзінде.

Тіпті, коронавирус дерті дендеп, аурудан ажал құшқандарды діни дәстүрлерді ескермей, арнайы тәртіппен жерлегенін ескерсек, емдеу кезінде қолданылған құралдардың аса қауіпті екендігі айдан анық. Вирус қалдықтан ауа арқылы тарап, жүздеген адамға залал келтіруі мүмкін.

Дегенмен, депутаттың сөзіне сүйенсек, бұл қызметке бірыңғай талаптар мен тарифтердің болмауы әсер етуі мүмкін. Мысалы, тек қана Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қарамағындағы 30-дан астам медициналық мекеме әдеттегі режим негізінде 400 тоннадан астам эпидемиологиялық және токсикологиялық қауіпті медициналық қалдықтар шығарады. Бұл көрсеткіш қазір көбеймесе, азаймағаны анық.

Медициналық қалдықтарды жою құны бойынша арнайы тарифтік шкала болмағандықтан, бағалар жаға ұстатарлықтай. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласындағы №4 қалалық емхана бір келі қалдық үшін 20 теңге төлесе, №6 емханаға бұл көлем үшін 818 теңгеге дейін төлем жасау қажеттігі туындайды. Айырмашылық жер мен көктей. Жоғарыда аталған жайсыз жайтқа дәл осы медициналық мекемелерде қалдықты жоюға арналған «баға ұсыныстарының» ықпал еткені сөзсіз.

ЕЛІМІЗДЕ МЕДҚАЛДЫҚТАР ҚАЛАЙ ЖОЙЫЛАДЫ?

Министрліктің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті медициналық қалдықтарды қайта өңдеу және жою бойынша қызмет көрсететін барлық кәсіпорындарға талдау жүргізді. Аудит барысында медициналық қалдықтарды өңдеу және жою бойынша қызмет көрсетуге экологиялық рұқсаты жоқ кәсіпорындар мен медициналық мекемелердің бар екендігі анықталды.

Медициналық қалдықтарды жою қызметі негізінен жеке компаниялардың қолында екен. Денсаулық сақтау ұйымдары сол кәсіпорындармен келісім жасасады. Ал, Қазақстанның әр аймағында қауіпті қалдықтарды жоюмен айналысатын 200-ге жуық компания бар.

Әлемдік тәжірибеде медициналық қалдықтарды жою үшін өртеу немесе автоклавтау (микротолқындық және термиялық өңдеу) әдістері бар. Бізде қалдықты жою үшін өртеу қолданылады.

Кәсіби экологтар қауымдастығының басқарма төрағасы Алексей Смирнов «Қазақстанда медициналық қалдықтарды жою нормаларын ешкім сақтамайды» деп санайды.

Маман атап өткендей, бұл кәсіппен айналысу үшін әр компанияда 900-ден 1200 градусқа дейін қыздыра алатын арнайы өртеу пеші болуы керек. Біздегі көп компания медициналық қалдықтарды жою үшін крематорларды қолданады. Алайда, олар пластиктерді емес, тек биологиялық материал, мысалы, жануарлардың өліктерін ғана залалсыздандыра алады.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Бірыңғай тарифтің жоқтығы, арнайы орындардың болмауы сияқты себептер бірнеше жыл бойы қайталанып келе жатқан қауіпті жағдайға тиісті органдардың жұмылу қажеттігін көрсетіп отыр.

Экологтардың пікірінше, Қазақстандағы медициналық қалдықтарды жою мәселесін шешу үшін жаңа кодекс қажет. Жаңа стандарт көптеген елдерде бұрыннан қолданылып келген дәлелденген нормаларға негізделуі керек. Медициналық қалдықтарды кәдеге жаратудың жаңа ережелері жинау мен ораудан бастап тасымалдау мен өртеуге дейінгі барлық кезеңдерді көрсетіп беретіндей айқын болуы қажет. Осы салада тәртіпті ретке келтіріп, заңнамаға тиісті түзетулер енгізілсе, қауіпті медициналық қалдықтарды тасымалдау мен жою талаптарын бұзғаны үшін бақылау мен жауапкершілік күшейетін болса, қауіптің беті қайтып, ауру да азаяр ма еді, кім білсін?!

Мемлекеттік рәміздер – қай елдің болса да ең басты қасиетті құндылығы. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Біз Тәуелсіздігіміздің нышандарын көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Еліміздің әрбір азаматы Қазақстанның Туын, Елтаңбасы мен Әнұранын ерекше құрметтеуге міндетті. Өйткені, олар – халқымыздың мақтанышы, біздің ең киелі құндылығымыз», – деп айтқан болатын. Ал, биыл Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 28 жыл толды.

МЕМЛЕКЕТТІК ТУ және «Борат-2»

Руслан ХАМЗА,
Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі ұлттық орталықтың атқарушы директоры

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, Мемлекеттік рәміздер бізді Отан тағдырындағы ең маңызды сәттерде – ұлттық мерекелерден бастап, спорттық жеңістерге дейін біріктіреді. Тарихымызда мемлекеттік нышандар еңсерілмейтін құндылықтар ретінде халқымызды жігерлендіріп, олар үшін ұлы ерліктер жасалған, олар үшін өмірлерін құрбан еткен мысалдар аз емес.

Бүгінде Қазақстанның көк Туы астында біздің адамдар ерлік жасап, ғылыми, мәдени және спорттық жетістіктерін көрсетеді. Біз түрлі салада жоғары жетістіктерімен еліміздің Көк байрағын көкте желбіретіп жүрген азаматтарға алғысымызды білдіреміз. Бұл – нағыз қазақстандық патриотизм.

Біздің Ту ғаламшарымыздың әр түкпірінде, халықаралық олимпиадаларда көтерілді, ол БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерінде, Венадағы ЕҚЫҰ-ның штаб-пәтерінің жанында желбіреп тұр. Ол қазақстандық ғарышкермен ғарышта болып, әлемнің ең биік тау шыңдарын бағындырды. Осының барлығы Қазақстан қоғамының бейнесін біздің санамызда ғана емес, халықаралық аренада да қалыптастырды.

2020 жылы 23 қазанда қазақстандық әлеуметтік желілерде Аустралияда «Бораттың» тас мүсіні орнатылып, оны қолдаушылардың флешмобы көрсетілді. Билеп жүрген ер адамдардың аяқ астында ҚР Мемлекеттік Ту эталонын пайдаланып, үстінен таптап жүргенін байқауға болады. Лондонда «Бораттың» үрленген қуыршағының жанында да екі жақтан ҚР Мемлекеттік Туымыз желбіреп тұрған фото және бейне материалдар таралған.

ҚР Сыртқы істер министрінің титтей намысы бар болса, көк Туымыз қорланған Аустралия мен Ұлыбританияға қарсылық нотасын жіберер еді. Біздің идеологтардың «байлаудағы әнші-бишілерін» жинап «Мен Туыммен мақтанамын» деп флешмоб ұйымдастырғаны не керек? Оны кім көреді? Біздің қазақ қазынасынан қаржы қарпып алып отырған орыс тіліндегі сайт-газеттеріміз «Бораттың» флешмобтарын жарыса жарнамалап жазды, оған да ешкім назар аударар емес.

Екі жыл бұрын әйгілі Dior компаниясы кезекті брендінің таныстырылымын өткізіп, онда Қытайдың картасы бар слайд көрсетілген еді. Бірнеше секундтық роликте Қытай картасында Тайвань аралы бейнеленбей қалғанын қытайлар байқап қалады. Бірақ, ертесінде Қытай билігі Dior компаниясының бүкіл өнімін өз елінің аумағында сатуға тыйым салды. Бір күн өтпей Dior кешірім сұрады.

2015 жылы Мұхаммед Пайғамбардың карикатурасын салған француздық Charlie Hebdo журналының редакциясы өздерінің істері үшін қалай жауап бергені туралы білетін шығарсыздар. Әрине, ондай қантөгістің керегі жоқ.

Бауырлас Түрік елінің әскерилері Грекияға іс-сапармен барып, өздері тоқтаған қонақ үйде Түркияның туына біреулердің балағат сөз жазып кеткенін көрген. Бұл туралы бірнеше жыл бұрын БАҚ-та жазылды. Сарбаздар оқу-жаттығуға да, гректердің кешірім сұрауына да қарамай, сол сәтте елдеріне қайтып кетеді. Кейін Түркияның Сыртқы істер министрлігі ресми нота жолдап, балағат сөз жазғандарды тауып жазалауын талап етті. Гректер оларды тапты және жазалады.

Бізде «елдің Ыбырайы – Ыбырайы, біздікі – сұмырайдың» кері. «Бораттар» көк Туымызды борбайына қыстырып жүргенде, құзырлы орындар өздерінің шоумәндерімен флешмоб ұйымдастырып, соған разы болып жүр.

2016 жылы Геннадий Головкинге Jordan Brand спорт атрибутикасының өндірушісі табанында қазақтың көк Туы бейнеленген аяқ киім сыйлағанын көрдік. «Мынауыңды кимеймін де, қабыл алмаймын» дей алмады біздің жігіт. Сол жерде «табанға бейнеленген Ту үшін» деп компания өкілін талдырып түсірсе, қайта «халық батыры» атанып кетер еді.

Осы жағдайларды ескере отырып, Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі ұлттық орталығы арнайы ҚР Сыртқы істер министрлігіне хат жолдаған болатын.

Қарашаның 12-сі күні аталған министрліктен ресми жауап келді: «ҚР Сыртқы істер министрлігі бұл туындыны киноиндустрияның таза коммерциялық өнімі ретінде қарастырады және оның басты мақсаты – көрермендердің қызығушылығын арттыру арқылы пайда табу екенін атап өтеді. Фильмнің авторлары Қазақстан билігінің ресми наразылығын арандатып, өз фильміне жақсы жарнама жасамақ еді. Арандатушылық мақсатта Қазақстан халқы да, оның мемлекеттік рәміздері де мазаққа салынғаны рас. Дегенмен, наразылық нотаны жолдау мағынасыз деп шешілді, өйткені оның нақты адресаты жоқ. Неғұрлым дүрліктіре берсек, соғұрлым фильм авторлары қосымша табыс алады. Ал, ол өз кезегінде авторларды фильмді жалғастыруға итермелейтінін ескергеніміз жөн». Бұл хатқа Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы А. Абрахманов қол қойыпты.

ҚР Сыртқы істер министрлігі осының алдында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсініктеме бергендей болды.

«Негізінде фильмде нәсілшілдік пен ксенофобияның айқын формасы бар және азаматтарымыздың ашық нәсілшіл шабуылдарға деген наразылықтары заңды құбылыс. Сонымен бірге, фильмнің елімізге ешқандай қатысы жоқ екенін әлемнің барлық сауатты адамдары жақсы түсінеді. Бұл жөнінде туындының авторлары да фильмнің соңындағы титрда және бұқаралық ақпарат құралдарына берген комментарийлерінде ашық түрде мәлімдеген болатын. АҚШ-тың танымал The New York Times газетінде Саша Барон Коэн: «Фильмде көрсетілген «Қазақстанның» қазіргі уақыттағы қазақ еліне ешқандай қатысы жоқ. Менің бұл фильмде Қазақстанды таңдаған себебім – кезінде бұл елді АҚШ-та өте аз адам білді. Бұл бізге жабайы, комедиялық, жалған «әлем» құруға мүмкіндік береді. Алайда, шынайы Қазақстан – заманауи, намысты қоғамы бар, Борат нұсқасына қарама-қайшы келетін тамаша ел», – деп мәлімдеді. Осы орайда, бұл фильмге қатысты қандай да бір ажиотаж, оған қосымша жарнама жасаудың қажеті жоқ деп ұйғарылды» деген сыңайда пікір білдірді.

Фильмді жарнамалау акциясы барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын қолдануына тоқталатын болсақ, аталған іс-әрекет елімізден тыс шет мемлекеттің аумағында орын алуына байланысты оны жасағандарды ҚР Қылмыстық кодексінің 372-бабына (Мемлекеттік рәміздерді қорлау) сәйкес жауапқа тарту мүмкін емес екендігін Сыртқы істер министрлігі хабарлап, одан әрі «кеңінен таралған бейнероликтерде және фотосуреттерде ҚР Мемлекеттік рәміздерін қорлау (өртеу, таптау және т.б.) әрекеті көрінбейтінін ескерген жөн. Сиднейдегі жағажайда билеп жүрген ер адамдардың аяқ астында Қазақстанның Мемлекеттік Туы емес, фильмнің көк және сары түсті әріптермен жазылған жарнамасын қамтитын спортпен шұғылдану үшін кілемшелер жатты» деп көрсетеді.

Аустралия мен Ұлыбританияның құқық қорғау жүйесінде көрсетілген іс-әрекеттер заң бұзушылық болып табылмайды. Аталған мемлекеттердің билік органдары тарапынан қандай да бір нақты шара қолдану заңсыз болып есептеледі екен.

Жоғарыда атап көрсеткендей, еліміздің флешмобты ұйымдастырушыларға қарсы сотқа арыздану, не болмаса Аустралия мен Ұлыбританияның сыртқы саяси ведомстваларына наразылық нотасын жолдауға заңдық тұрғыдан негіздеме жеткіліксіз болып шықты. Дегенмен, халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы А.Абдрахманов хаттың соңында: «Қазақстанның шет елдегі мекемелеріне Мемлекеттік рәміздерді тиімді насихаттау бойынша қосымша нұсқаулықтар жолданатын болады» деп түйіндепті.

28 қазанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларын қайта қарау қажет екенін Twitter-дегі парақшасында жазған болатын.

«Парламенттің бірқатар депутаты мен патриот азаматтардың еліміздің мемлекеттік рәміздерін, атап айтқанда, Мемлекеттік туды кеңінен қолдану туралы ұсынысын қолдаймын. Қолданыстағы заңнамада туымызды пайдалануға қатысты шектеулер бар. Мысалы, пәтерлердің балконына немесе үйлердің қабырғасына ту ілуге тыйым салынған. Заңнамалық және нормативтік актілерді, ең алдымен, Мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларын қайта қарау қажет» деп жазды Мемлекет басшысы.

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

Сәрсенбі, 11 қарашада Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Бір шаңырақ астында – биік мақсаттарға» атты Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің отырысы өткен болатын. Сонда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, «Оберег» украиндар қоғамының Жастар қанатының мүшесі Юлия Лагуткина қазақ тілінде алдағы 2021 жылды «Қазақ тілін үйретуші еріктілер жылы» деп жариялауды ұсынды.

Юлия ЛАГУТКИНА,
«Оберег» украиндар қоғамының Жастар қанатының мүшесі:

«КЕЛЕР ЖЫЛДЫ «ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУШІ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАСАҚ!..»

«Аты-жөнім – Юлия Лагуткина. 1999 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданында дүниеге келгенмін. Менің замандастарым – тәуелсіз Қазақстанның бақытты ұрпақтары. Әлеуметтанушылар бізді «Z буыны» деп атайды. Яғни, технологияның тілін меңгерген бүгінгінің жастары. Менің қатарластарым ғылым мен техникада жаңалықтар ашып, әлемге таныла бастады. Биологиялық медицинаны жетілдіріп, робот құрылғыларын ойлап табуда ешбір мемлекеттің жастарынан кем түспейді. Нұрсұлтан Әбішұлы, «Z буынының» қалыптасып, дамуы үшін біздің елімізде шын мәнінде барлық жағдай жасалған. Соның арқасында мен Петропавл қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебін Алтын белгімен бітірдім. Қазір мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студентімін», – деп өзін таныстырды Юлия Лагуткина.

Қазақша еркін сөйлеген студент қыз «Солтүстік Қазақстанның тұрғындары қазақша сөйлемейді» деген стереотип қалыптасқанын да айтты.

«Әдетте, «Солтүстік Қазақстанның тұрғындары қазақша сөйлемейді» деген стереотип қалыптасқан. Бірақ, олай емес. Бұл сөздерді сіздердің алдарыңызда қазақша сөйлеп тұрған мен жоққа шығара аламын. Орыс, ағылшын тілдерін де жетік білемін, қытай тілін үйреніп жатырмын. «Үш тұғырлы тіл» бағдарламаңызды толығымен орындадым деп ойлаймын. Мен 10 жыл бойы орыс мектебінде оқыдым. Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігімді ауылдағы Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Құсайынова Жанар Ғазизқызы оятты. Ол кісі сабақ үстінде «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзіңізді жиі қайталап айтатын еді. Кішкентай кезімнен сіздің алдыңызда қазақша сөйлесем деп армандаушы едім, сол мүмкіндік бүгін туғанына ерекше бақыттымын. Қазір кейбір жастар жайлы жерді шетелден іздейді. 2014 жылы менің туған ағам да Ресейге көшіп кетті. Мен мектепті бітірген кезде қасына алғысы келіп, Томскіге оқуға шақырды. Алайда, мен бармадым. Өйткені, менің туған жерім – Қазақстан! Өз Отанымда тұлға ретінде қалыптасып, еліме титтей де болса пайдамды тигізгім келеді», – деп ағынан жарылды.

Аталған отырыста Юлия Лагуткина Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың да назарын өзіне аударып: «Сіздің «Қазақ тілін ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру» тапсырмаңызды да – мемлекеттік тілді еркін меңгерген этнос жастары күнделікті жүзеге асырып жатыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» республикалық форумын бір жыл ішінде төрт мәрте өткізді. Ал жақында Алматы қаласында Ассамблеяның Қазақ тілін меңгеру жөніндегі бірінші конгресі өтті. Сол жиында жазушы Смағұл Елубай ағамыз: «Біз Герольд Бельгерді қазақша сөйлегені үшін құрметтеп, бауырымыздай жақсы көрдік. Мемлекеттік тілде еркін сөйлеп отырған сіздер де енді маған бауырсыздар», – деді. Осы сөз бізді одан сайын жігерлендірді. Сондықтан келер жылды «Қазақ тілін үйретуші еріктілер жылы» деп жарияласақ. Тіл мәселесін тек мемлекетке жүктеп отырмай, барлық азаматты атсалысуға шақырамын. Ендігі жерде Елбасымыз айтқандай, қазақ тілі баршаны біріктіретін, жастарды жақындастыратын татулық тіліне айналуға тиіс», – деп ұсыныс айтты.

ТОП-08: ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ІРІ ҚАЛАЛАРЫ

(ХАЛЫҚ САНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР)

ШАНХАЙ, **ҚЫТАЙ**	24,2 МЛН АДАМ
БЕЙЖІҢ (ПЕКИН), **ҚЫТАЙ**	21,5 МЛН АДАМ
МУМБАИ, **ҮНДІСТАН**	15,5 МЛН АДАМ
СТАМБУЛ, **ТҮРКИЯ**	15,4 МЛН АДАМ
КАРАЧИ, **ПӘКІСТАН**	14,9 МЛН АДАМ
ГУАНЧЖОУ, **ҚЫТАЙ**	14,8 МЛН АДАМ
ТОКИО, **ЖАПОНИЯ**	13,9 МЛН АДАМ
ЛАГОС, **НИГЕРИЯ**	13,7 МЛН АДАМ

Дереккөз Wikipedia ■ **Инфографика** Айнұр Қайратбекқызы



Өткен аптада Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың залы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылды. Шара елімізде 1-ші желтоқсанда атап өтілетін ҚР Тұңғыш Президенті күніне орайластырылған. Оған ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әмірхан Рахымжанов, ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов, университет ғалымдары, қоғам және БАҚ өкілдері қатысты.

Университетте ҚР Тұңғыш Президентінің залы ашылды

Зал ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған ел тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюының тарихы туралы материалдар жинақталған ағарту орталығы болып табылады. Ал, зал қорының негізгі дереккөздерінің бірі – Елбасы кітаптары мен Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарына арналған тарихи зерттеулерден тұратын материалдар. Онда Ұлт көшбасшысының мектеп және студенттік жылдардағы, еңбек жолы мен қоғамдық-саяси қызметі туралы фотосуреттер, картиналар, мұрағаттық құжаттардың көшірмелері, баспа басылымдары мен шығармалары, бейнефильмдер кеңінен ұсынылған.

Еліміздің жетекші жоғары оқу орнының қабырғасында залдың құрылуы аса маңызды тәрбиелік мәнге ие, себебі Қазақстанның Тұңғыш Президентінің өмір жолы еліміздің жас ұрпағына Отанға қалтқысыз қызмет етудің және патриотизмнің жарқын үлгісі болып табылады.

Іс-шараға қатысушылар 2014 жылдан бері ҚазҰУ басқарып келе жатқан Тұрақты даму бойынша БҰҰ «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабының жұмысымен, әл-Фараби мұражайымен, сирек кітаптар мен қолжазбалар қорымен, «Ұлы даланың жеті қыры» және «Мәңгілік ел» экспозицияларымен, Алаш және Абай залдарымен танысты.

Іс-шара барысында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының Елбасы Кеңесінің Басшысы, саяси ғылымдар докторы, профессор Махмұт Қасымбековтың басшылығымен авторлық ұжыммен құрылған 100 бірегей кітапты университетке сыйға тартты.

«Бүгін біз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қонақтары емеспіз. Көптеген жылдар бойы біз университеттің серіктестеріміз. Бірнеше жыл бұрын Нұрсұлтан Назарбаев ҚазҰУ-да «Қазақстан дағдарыстан кейінгі әлемде: болашаққа интеллектуалдық серпіліс» атты дәріс оқыды, ол «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың әлемнің жетекші университеттеріндегі дәрістері кітабына» енгізілген. Ұлт көшбасшысының мұрасы – Отанымыздың болашағының іргелі негізі. Осы залға келген ЖОО-ның әрбір студенті мен қонағы өзін-өзі дамыту үшін зор қуат алатын болады. Қазақстанның Тұңғыш Президентінің үлгісі қуатты және өршіл рухты қазақстандықтардың жаңа буынын дамытуда бағдар болады», – деп атап өтті ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжанов.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов құрметті қонаққа Тұңғыш Президенттің тақырыптық залын құрудағы көп жылғы ынтымақтастығы мен қолдауы үшін алғысын білдірді.

«Бұл залдың құндылығы – Елбасының қызметі туралы орасан зор ақпарат пен Қазақстанның жаңа тарихы жөніндегі мәліметтерді қамтитын бірегей басылымдардың біздің магистранттар мен докторанттарға қолжетімді болуында. Мұнда ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар, сарапшылар қауымдастығының, мәдениет және білім беру саласының ғалымдары мен мамандарының кездесулері өтеді», – деді ректор.

Беларусь мамандарымен әріптестік байланыс

Жақында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде Беларусь елінің тауар өндірушілері екі күндік жұмыс сапарымен болып, оқу орнындағы Call Center «Agrodamu» мамандарымен, оқытушы-ғалымдармен кездесіп, әріптестік бағыттарды талқылады. ҚазҰАЗУ базасында өткен іс-шара ет-сүт, өсімдік шаруашылығы және басқа да өнімдерді өндіру мен қайта өңдеуде тәжірибе алмасу саласында өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға, сондай-ақ оны қазақстандық нарықта және үшінші елдердің нарықтарында өткізу бойынша байланыстарды орнатуға бағытталды.

Кездесу аясында қонақтар Call Center «Agrodamu» мамандарымен пікір алмасып, жоғары оқу орнының ғылыми инфрақұрылымымен танысып, университет жанындағы Агротехнологиялық хабтың инновациялық орталықтарына, атап айтқанда, Қазақстан-Жапон инновациялық орталығы, Су орталығы, Тұрақты егіншілік орталығы, Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталығының көрсетілім алаңына барды.

Кездесудің алғашқы күні беларусьтік әріптестермен Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Курдеко Александр Павлович арнайы жиын өткізіп, университеттің зерттеу бағытында атқарған жұмыстарымен таныстырып, алдағы мақсаттар туралы баяндады.

Кездесудің екінші күні ет-сүт өнімдері мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін, агроинженерлік сервисті және т.б. өндіретін, қайта өңдейтін Беларусь кәсіпорындарының басшылары университеттің ғылыми жобалармен айналысатын оқытушы-ғалымдарымен пікірлесіп, жергілікті тауар өндірушілермен тәжірибе алмасты.

Кездесудің модераторы – Агрономия кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі Серік Кененбаев беларусьтік тауар өндірушілермен алдағы уақытта бірлесіп атқаратын жобалар барысын талқылады.

Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасын меңгерген агроинженерлік кадрларды даярлау және қайта даярлау сапасын арттыру үшін ҚазҰАЗУ базасында Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталық құрылған.

2019 жылы орталық 75 бірлік трактормен, комбайнмен және басқа да ауыл шаруашылығы техникасымен толықтырылды.

Университетте осындай инновациялық орталықтың құрылуы ғалымдар мен білім алушылардың ғылыми ізденістерін жүзеге асыруға және ұтымды шешімдерді Қазақстанның аграрлық секторын дамытуға қажетті инновациялық жобаларға айналдыруға жаңа серпін берді.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 1,3 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (246 МЫҢ), БРАЗИЛИЯ (165 МЫҢ) ЖӘНЕ ҮНДІСТАНДА (130 МЫҢ) ТІРКЕЛДІ**

Ұлы ақын, хакім Абай шығармалары өзі тірліктен өткен соң ғасырдан астам уақыт бойы халықпен бірге жасап, оның рухани азығына айналып келді. Әлі де мәңгілікке жол тарта бермек. Оның себебі не, оның себебі сол ақын шығармалары біріншіден шынайы талантпен суғарылған, екіншіден шынайы поэзия биіктігіне көтерілген, үшіншіден ақын не жазса да, өзі өмір сүріп отырған қоғамның ақиқатын анық таныды, нақ суреттей берді. Бір сөзбен айтқанда, ақын өзі тірлік кешкен заманның көркем көрінісін жасады. Абай туындылары өткен ғасырдағы халық өмірінің тұтас бір дәуірі саналады. Өйткені, хакім Абай өлеңді өзі айтқандай ермек үшін жазбады. Жазудағы мақсат айқын, бағдар дұрыс.

АБАЙ ӘЛЕМІ және бүгінгі заман

Дәнеш АХМЕТҰЛЫ,
жазушы

Замана шындығы ақын шығармаларының алтын арқауына айналды. Алланың адамзатты махаббатпен жаратқанын да жәй айтып қана қоймай, өзінің осы саладағы асыл ойларын өлеңдері, қара сөздері арқылы дәлелдеп шықты. Махаббат рубаяттары жаңа бағытқа бет алды. Шынайы махаббат жоқ жерде көңіл аспаны да жарқ етпейді екен. Адамның жан дүниесін, көңіл аспанын қара бұлт тұмшалап, пендешілік уайым молыға түскендей. Бұған ақынның «Көзімнің қарасы», «Жарқ етпес қара көңілім», тағы басқа дүниелері дәлел бола алады.

Негізі Абайды оқымаған қазақты шын мәнінде толыққанды қазақ деуге келмейді. Сол үшін ақын жырларын ес білген кезден бастап оқыған жөн. Абай дүние сөзін тегіс айтқан ақын ғой. Абайдың бүтін бір поэзиялық дүниесі емес, бір өлеңінің, тіпті сол өлеңнің бір тармағын түсінсең, сол жолда ақынның не демек болғанын тұшынсаң, соның өзі үлкен білімділікке жатады. Айта берсе сөз көп. Ақынның тұтас шығармашылығы емес, бір өлеңінің өзінен неше түрлі ғылыми диссертация жазуға болады.

Міне, дәл бүгінгі шақта Абай әлемі тіптен аспандай түсті. Ұлы ақынның 175 жылдығы әлемдік деңгейде тойланып жатыр. Шығармалары сандаған тілге аударылды. Қысқаметражды кинофильмдер түсіріліп, «Абай ТВ» телеарнасы да іске қосылды.

Бұл шағын мақалада ақын шығармаларын түгел адақтап, шиырлап шығу мүмкін емес. Әлгіде ғана айтып кетпедік пе, ойыңды іске асыру үшін ақын мұрағатын адақтау керек емес. Іздегенің ақынның бір, асып кетсе екі өлеңінен ғана табылады.

Мысалға ақынның «Болыс болдым мінеки» деген өлеңін алып көрелікші. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші осыдан бір жарым ғасыр бұрын болыс болу үрдісі қалай іске асушы еді. Замана адамдары болыс болу үшін нендей іс болса да бәріне барған ғой. Беттің арын белбеуге түйіп қойып, болар іске жұдырықтай жұмыла кіріскен. Кім көрінгеннің босағасын аттап, әлдекімге алақан жайған. Аз күндік атқа міну үшін еш аянбаған. Бар малын, қолда бар дүниесін әлдекімнің оқпанына тыққан. Болыс болу үшін бар малын шығындаған. Түйеде қом, атта жал да бәске тігілген. Сөйтіп болыстыққа таласқан мырза ұлықтары сөз айтса, бас изеген шыбындап, былайғы біреу сөз айтса, бір қараған қырындап...

Ал, енді ойлап көріңізші, осыдан ғасырдан астам бұрын Абай айтқан сол замана шындығы бар ма қазір? Болыс болу, баққа таласу харекеті тоқтады ма? Жоқ, еш толас тапқан жоқ. Қайта бүгінгі таңда билікке таласу Абай заманынан асып түспесе, кем соғып тұрған жоқ. Қызмет, билік жолында мал шашу тіптен шарықтап барады. Басқасын былай қойғанда мансап, қызмет үшін талас ауылдық жердің өзінде өршіп тұр. Ауылдың әкімі болуы үшін де, ауыл мектебінің басшысы болуы үшін де талас керек. Ең жаманы осы қызметтердің де әрқилы кесімді бағасы бар. Қызметке отыру үшін, билікке қол жеткізу үшін әлгі айтқан кесімді төлемді төлеу керек. Бұл көзге көрінбейтін, еш жерде жазылмаған қағидалар. Қызметтің де, биліктің де құны белгілі, оны үміткердің өзі де біледі. Сөйтеді де әлгі үміткер бойына білім жинаудың орнына көп жағдайда ақша, мал жинайды. Өйткені, «құрғақ қасық ауыз жыртады», «мың сіз-бізден, бір шыж-быж артық». Міне, ақын айтқан болыс болу хикаясының бүгінгі келбеті осындай. Ал, ауылдан басталған билік бәсекесі сонау астанаға барып ұласады. Барлық билік, барлық кеңсе креслосының нарқы белгілі. Бұдан не шығады?! Бұдан шығатыны сол, ақын осыдан бір жарым ғасыр бұрын дәл бүгіннің шындығын жазып кеткендей сезіледі.

Ақын Абайда айтылмаған сөз қалмаған. Өз заманының ақын-жыраулары-нан тартып, әнші-өнерпаздарына дейін сын тезіне алған. Осы күні не көп, әнші көп, «жұлдыз» көп. «Жұлдыз» дертімен сырқаттанып жатқандар жетіп артылады. Анау да «жұлдыз», мынау да «жұлдыз», анау да әнші, мынау да әнші. Тегі жер басып жүргені жоқ, бәрі де шарықтап аспанда жүр. Осындай әуейілер Абай заманында да болған. Ал, ақын сол өз заманындағы әуейшілдерге де өз сынын айтқан. «Құр айқай бақырған, құлаққа ән бе екен, өнерсіз шатылған, кісіге сән бе екен» деп әлгі әншісымақтарды сын тезіне алған. Абай заманында олардың саны қанша болғанын кім білсін, дәл бүгінгі шақта аспандап тұр. Құр айғай бақырған, құлаққа ән болып жатыр. Сенбесеңіз радио, телеарналарды қосып көріңізші, шу етіп алдыңыздан шыға келеді. Шу көп, әйтсе де, құлаққа жетіп жатқаны шамалы. Еріксіз тыңдайсыз, тіпті кейде құлағыңызды басып, албаты кетіп қалғыңыз келеді. Сол шуға жалаңаш көріністерді қосып көріңіз... Бұл әншісымақтар кімдер сонда? Оның жауабы да айқын. Оның да негізгі сөзін, түйінін ақынның өзі айтып отыр. Бұлар киелі өнерге жолшыбай қосылып алғандар, жолбикелер, ән атты қасиетті ұғымға қисынсыз шалынғандар. Өнерге қисынсыз шатылғандар сән бе екен деп хакім Абай сауал тастайды. Сіз де бір сәтке ойлап көріңізші, өнерге әупіріммен қосылып, көкек әнін қайталаған сән бе? Ал, әлдекімдер үшін осы үрдіс сән болып тұрған секілді...

Енді ақынның ғибрат жырларының біріне тоқтала кетсек дейміз.

Ақынның «дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген ұлағатты сөзінде үлкен мән жатыр.

Абайдың «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балам бала болсын десең оқыт, оқыт және оқыт» деген ұлы қағидасы бар. Оны ақынның қасиетті қара сөздері арқылы күллі жұртшылық біледі. Шәкірт, оның бүгіні мен ертеңі, қала берді күллі болашағы, ғылым мен білім қирағаты негізінде дәл осылай айтқан ғұлама жер бетінде жоқ. Кезінде қызыл қоғамның қияли көсемі Ленин «Оқы, оқы және оқы» деп жәй ғана сипай қамшылап, қарапайым қағида айта салды. Сол сөз қаншама жыл өсер ұрпақ, келер дәурен алдында ұран болды десеңші. Күллі мектеп, білім беру мекемесінің маңдайында жарқырап тұрды. Негізі жаман сөз емес. Оқуға шақырып тұрған ұлағатты, қисынды сөзді қайтып жаман дейсің. Бұра тартып, бұза сөйлеуге, тіпті жаман деуге аузың бармайды. Ал, енді ұлы Абай мен қызыл қоғамның қияли көсемінің сөзін салыстырып көріңізші...

Абай оқы деген сөзді Алла тағаланың құзырынан бастап отыр. «Құдайдан қорық, пендеден ұял» дейді. Ал, оқы деген сөзді балаға емес, оның әкесіне айтып отыр. Баланы әке оқытады, жанұя тәрбиелейді. Оқу дегеніңіз инемен құдық қазғандай. Инемен қазып, су шығару дегеніңіз Құдай басқа салмасын қияметтің қиыны. Ол үшін қыруар мал шашу керек, жүздеп, мыңдап теңге шашылады. Сол дүние, сол мал табудың бір саласы оқу мен білім аясында жатыр. Ғылым мен білімді меңгеріп, зияпат жолымен де мал табуға болады. Хакім Абай осыны меңзеп отыр.

Абайдың «Әсемпаз болма әр неге» деген өлеңі теледидардан жиі айтыла бастады. Айтқан сайын жаңа жазылған жырдай құлпырып, түрленіп тұр. Тіпті, осы өлеңді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі нақышына келтіре айтып шықты. Жаңалық деген де осы, жарасымдылық деген де осы. Бұл меніңше теледидарда ғана айтылып, қағаз бетінде қалатын сөздер емес. Бұл ақынның алтынмен аптап, күміспен күптеп Орхон-Енисей жазулары секілді тасқа қашап жазатын киелі шумақтар. Кезінде парсылар ұлы Рудакидің өлеңдерін жол бойындағы, өзен-көл жағасындағы жар тастарға қашап жазған ғой. Біз де солай етсек артық болмас еді.

«Абай ТВ»-ның ашылуы бүкілхалықтық қуаныш. Біздің ендігі бір айтар тілегіміз, орта мектептердің бағдарламасына «Абайтану» сабағын кіргізсе нұр үстіне нұр болар еді. Абай ғибратының жөні де, жолы да бөлек қой.

Қорыта келгенде, хакім Абай жырларын оқу, үйрену, оны өзіңе рухани серік ету, қоғамды Абай әлемімен әлдилеу ізгі ниетті Алаш жұртының қастерлі міндеті, азаматтық борышы болмақ.

ҚАРАБАҚТАҒЫ 44 КҮНДІК ҚАҚТЫҒЫС

ТАУЛЫ ҚАРАБАҚТЫҢ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕСІНЕ НҮКТЕ ҚОЙЫЛДЫ МА?

01-беттен

Содан 44 күнге созылған қақтығыста Әзербайжан жеңді, Армения жеңілді, Ресей даулы мәселеде бітімгерлік миссиясын орындады.

Өкінішке қарай, қақтығыстан жүздеген адам опат болды, оның ішінде бейбіт тұрғындар да аз емес. Дегенмен, Баку мен Ереванның адам шығынына қатысты мәліметтері бір-бірімен сәйкес келмейді. Мысалы, Армения билігі өзінің 1 222 сарбазының, 93 бейбіт тұрғынының қаны төгілгенін, жаудың 7,5 мың сарбазының көзін жойғанын алға тартады. Ал, Әзербайжан тарапы 5 мыңдай армянның опат болғанын айтады. Қанша әзербайжанның қаны төгілгенін Баку жариялаған жоқ.

Иә, екі тараптың да өліспей беріспейтініне тарих куә. Өйткені, отыз жылдан бері жер дауы Әзербайжан мен Армениямен «бас ауруларына» айналды. Оның үстіне Таулы Қарабақтың саяси мәртебесі де әлі шешілмей келеді. Енді үшінші жақтың араласуымен Таулы Қарабақтың саяси мәртебесі айқындала ма, жоқ па, оған уақыт төреші.

Осындайда Бейімбет Майлиннің «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» деген әңгімесі еріксіз еске түседі. Даудың басы 30 жыл бұрын жер үшін басталды. Әзербайжанның қарауынан шығып кеткен даулы аймақ 1991 жылы өзінің тәуелсіздігін жариялап, Таулы Қарабақ Республикасын құрды. Әрине, Таулы Қарабақ тәуелсіз ел ретінде өзінше отау тігіп отырмайтыны белгілі. Түпкі мақсаты алдымен Таулы Қарабақтың тәуелсіздігін әлемге мойындатқызып, кейіннен Арменияға қосылу еді. Ереванның да ұстанған саяси ұстанымы осы. Ал, Таулы Қарабақ – әлемдік қауымдастық үшін Әзербайжанның бөлінбес бөлшегі. Дегенмен, екі тарап та отыз жылдан бері жан алысып, жан берісіп келді.

Рас, дауды қан төгіссіз шешуге бұған дейін де қадамдар жасалды. Мәселен, 1994 жылы Бішкекте (Қырғыз Республикасы) Армения мен Таулы Қарабақ және Әзербайжан арасында атысты тоқтату жөнінде бітімгерлік келісім жасалған-ды. Дегенмен, осы 26 жылдан бері Баку, Ереван және Ханкенді (мойындалмаған Таулы Қарабақ Республикасының астанасы, армяндар Степанакерт деп атайды) «ары тартса – арба да сынбайтындай, бері тартса – өгіз де өлмейтіндей» ортақ бір шешімге келе алмады.

Таулы Қарабақ қанды қырғын ошағына, ал әзербайжан мен армян халқы ата жауға қалай айналды?

Таулы Қарабақ аймағында әзербайжан мен армяндар бірнеше ғасыр бойы бірге өмір сүрді. 1988 жылы Таулы Қарабақ автономды аймағы Әзербайжан КСР-ның құрамынан шығып, Армян КСР-ның құрамына кіру жөнінде өтініш жасады. Әуелден бөлінуге басты себеп – екі халықтың ұстанатын түрлі дінінде, Әзербайжанға бағынатын аймақта 75 пайыздан астам армяндардың (соңғы кездері бұл аймақта 99,7 пайыз армян тұрды) тұратынында болды. Бұған тіл, діл мәселесі қосылды. Уақыт өте бұл мәселелер ұлтаралық араздыққа әкеп соқтырды. Бұрыннан тамыр жайған Таулы Қарабақ мәселесін шеше алмаған күйі Кеңес Одағы ыдырап кетті. Таулы Қарабақ аймағындағы халықтың төрттен бірін құраған әзербайжандар қуғындалды. Армян күштері Таулы Қарабақ аймағымен ғана шектелмей, оған жапсарлас жатқан Әзербайжан ауылдарын да басып алды. Сөйтіп, 1988-1994 жылдардағы қарулы қақтығыс кезінде Әзербайжан Таулы Қарабақ пен оған қарасты жеті ауданынан көз жазып қалды. Күні кеше сол жерлерінің басым бөлігін әзербайжандар армяндардан азат етті. Енді жерін толық қайтарды.

Таулы Қарабақтағы 1988-1994 жылдар аралығындағы екіжақты әскери іс-қимылдан 30 мыңнан астам адам қаза тапты. 1994 жылы Қырғыз Республикасында Армения мен Таулы Қарабақ және Әзербайжан арасында атысты тоқтату жөнінде бітімгерлік келісім жасалғанымен, Таулы Қарабақ пен оған жапсарлас жатқан аймақтар Арменияның бақылауында қала берді. Сондықтан Таулы Қарабақта ауық-ауық әзербайжан және армян күштерінің арасында қақтығыстар орын алып тұрды. 10 қарашада тоқтаған қақтығыс бұрынғыларына қарағанда ұзаққа созылды.

Айта кетейік, КСРО-ның шаңырағы шайқалған өткен ғасырдың сексенінші жылдарының екінші жартысынан бастап бұрын алып империя құрамында өмір сүрген одақтас республикаларда ұлттық оқшаулану құбылыстары белең алды. Осылайша, 1988 жылы Әзербайжанның құрамынан Таулы Қарабақ, 1990 жылы Молдовадан Днестр бойы аймағы, 1990 жылы Грузия құрамынан Абхаз автономиялық облысы мен Оңтүстік Осетия автономиялық облысы бөлініп шығатынын мәлімдеп, қанды қақтығыстар орын алды. Әрине, бұл басқа тақырыпқа арқау болатын мәселе. 1994 жылы Қырғыз Республикасында даулы аймаққа айналған Таулы Қарабақта атысты тоқтату жөнінде бітімгерлік келісім жасалғанын жоғарыда айттық. Енді осы 26 жылдың ішінде Әзербайжан, Армения және Таулы Қарабақтың қандай қадамдарға барғанына тоқталсақ.

Иә, 5 мамырда Бішкек бітімгерлік келісіміне 26 жыл толды. Өкінішке қарай, Таулы Қарабаққа қатысты Армения мен Әзербайжан арасындағы қақтығыста ара ағайындық міндетін атқарушы елдер таулы аймақтың даулы мәселесін саяси диалог арқылы бейбіт жолмен шеше алмады. Дегенмен, ол елдердің қақтығысқа қатысушы жақтарға басу айтып, бітімгершілікке шақырып, мәселені шешудің бірнеше жолын ұсынғанын жоққа шығаруға болмайды. Ал, мәселенің тығырыққа тірелгеніне екі тараптың екі түрлі көзқарасы себеп болса керек. Өйткені, Әзербайжан мен Арменияның ұстанымдары дәл Крыловтың арбаны шаян шөлге, шортан көлге, аққу көкке сүйреген мысалындағыдай болып келді.

1997 жылғы баспасөз конференциясында Кеңес Одағының құрамынан бөлініп шыққан Арменияның 1991-1998 жылдардағы бірінші президенті Левон Тер-Петросян ара ағайындық міндетін атқарушы елдердің қос тарапқа даулы мәселені шешудің қандай жолдарын ұсынғанын айтқан еді. Айталық, Әзербайжанға Таулы Қарабақтың Лачин ауданынан басқа жерлері кері қайтарылады, ал Лачин ауданы Арменияның тарихи жері ретінде Ереванға оралады және мұсылман елінің құрамына қайта енетін автономиялық республикаға өзінің жеке көзқарасы бар арнайы мәртебе беріледі. Сол жылдары Баку Ереванға Таулы Қарабақтың бір сүйем жерін де бермейтінін және аймаққа арнайы мәртебе беруге мүлдем қарсы екенін мәлімдеді. Содан алғашқы келіссөз нәтижесіз аяқталды.

Жалпы, тоқсаныншы жылдардың ортасында Арменияға өтуі тиіс болған Лачин ауданының халқы 10 мың армян болса, жер көлемі 1,8 мың шаршы шақырымды құрайды. Ал, Баку жер көлемі біздің Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалаларын қосқанда бірдей болатын бүтін бір Лачин ауданын бергісі келмеді.

Арада 20 жыл өткеннен кейін де мәселені оңтайлы шешудің жолы ұсынылмады. Алайда, 27 қыркүйекте басталған қақтығысқа дейін барлық тарап «Мадрид ұстанымы» аталып кеткен келісіммен жұмыс жасады. Ол ұстаным бойынша Ереван Таулы Қарабақтың 5-6 ауданын (аймақта барлығы 10 аудан бар) қайтарады, ал Баку аймаққа арнайы мәртебе береді. Бірақ, қос тарап та мұнымен келіспейді. Оның үстіне өткен ғасырдың соңында өзінің бір ауданын бермеген Әзербайжан енді Арменияда 4-5 ауданды оңай қалдыра салмайтыны әу бастан белгілі еді. Армения да Таулы Қарабақтың 5-6 ауданынан бас тартып, Әзербайжанға қайтаруға жылы қабақ танытқан жоқ.

«Считаю важно удержать Карабах армянским. 3 000 лет он был населен армянами и спустя 3 000 лет он должен быть населен армянами», – деп жазыпты экс-президент Левон Тер-Петросян өзінің бір мақаласында.

Баку нақты қадамдарға бармаса, 30 жылға созылған дау кемінде тағы 40-50 жылға созылар еді. Содан Ильхам Әлиев әкесі Гейдар Әлиевтің (Әзербайжанның 1993-2003 жылдардағы президенті) тағдырын қайталап, Таулы Қарабақты бүтіндей елге қайтара алмай биліктен кеткісі келмеді. Сондықтан кіші Әлиев 27 қыркүйекте батыл қадамға барды. Және әзербайжан халқының сеніміне селкеу түсірмеді. Сөйтіп, саясаттағы ғұмырын ұзарта алды. Ал, бұл соғыста ойсырай жеңілген Никол Пашинян армяндардың сенімін ақтай алмады. Енді биліктен кетуі де ғажап емес. Өйткені, Үкімет басшысының бұл келісімге қол қойғанын сатқындыққа балаған армяндар мен оппозиция өкілдері бір аптадан бері шерулетіп келеді. Олар оның отставкаға кетуін талап етіп жатыр.

Жерлері онсыз да кішкентай Кавказдағы қос елдің Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданымен жері бірдей Таулы Қарабақ үшін тартысына 10 қарашада нүкте қойылғанына сенгіміз-ақ келеді...

АТЫСТА ДА, ЕСЕПТЕ ДЕ

әскери қаржыгер мүлт кетпейді

15 қараша – Қазақстанның қаржы жүйесінің қызметкерлері ұлттық валюта күні кәсіби мерекелерін атап өтеді. Бұл ауқымдағы қызметкелердің басты сапасы – жоғары білімпаздық, ақыл-ой жүйесінің талдауға қабілеттілігі, ұқыптылық пен шыдамдылық. Сонымен қатар, азаматтық ұйымдардағы мамандарға қарағанда әскери қаржыгерлерге бірқатар қосымша талаптар қойылады. Олар әрдайым жауынгерлік әзірлікте болуы, қаруды дұрыс пайдалана білуі, дене бітімі жинақы болуы тиіс.

Қарулы Күштердің қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер Қорғаныс министрлігінің құрылымындағы Экономика және қаржы департаментіне жүктелген. Ондағы мамандар бюджетті жоспарлап, оның орындалуын бақылайды, бухгалтерлік және салық есебін жүргізіп, қаржы, зейнетақы мен басқа да жәрдемақы төлемдерін жүргізеді. Олардың құзырына – жеке құрамды материалдық ынталандыру шараларын жетілдіру, ведомствалық ұйымдарды дамыту жоспарларын мониторингтеу кіреді.

Қорғаныс министрлігін қаржымен қамтамасыз ету құрылымына бюджеттік жоспарлау, қаржыландыру, бухгалтерлік есептілік, әдістемелер, еңбекақы, мониторингтеу, дамытуды жоспарлау бөлімдері мен ведомствалық ұйымдар есептері кіреді. Қарулы Күштердің түрлерінде және өңірлік қолбасшылықтарда бұл жұмыс командирдің қаржы-экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшілеріне жүктелген.

Жыл сайынғы әскери қаржыгерлердің жиынында бухгалтерлік есептілік шеңберінде заңнамадағы өзгерістер, қаржы құжаттарын рәсімдеу туралы ақпарат беріліп, бюджет қаражатын игеру талқыланады, сондай-ақ өткен кезеңдегі жұмыстарға қорытынды шығарылып, келесі жылды қаржыландыруға міндеттер қойылады.

Карантин жағдайында әскери қаржыгерлер эпидемияға қарсы іс-шараларды уақытылы және толық қаржыландыруды қамтамасыз ету, төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысқан медицина қызметкерлеріне үстемеақы және жеке құрамға сыйақы төлеу бойынша ауқымды жұмыстар атқарды.

Қорғаныс ведомствасының сәттіліктері мен жетістіктері көбіне әскери қаржыгерлер қызметінің жинақылығы мен айқындылығына байланысты. Осы мақсатта олар уақытқа қарамастан бар күш-жігерлерін салып, аянбай еңбек етуде.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК COVID-19 ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 54,3 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (11 МЛН), ҮНДІСТАН (8,8 МЛН), БРАЗИЛИЯ (5,8 МЛН), ФРАНЦИЯДА (1,9 МЛН) ТІРКЕЛДІ

Әжемнің шыққан биігі бар

«Әркімнің шығар биігі бар». Бұл өмірлік философиядан түйінделген аталар сөзінде зор мағына жатыр. Менің апам Асанбек келіні Әтира Мырзабайқызы дала философиясынан сусындаған, ата-ана тәрбиесін бойына молынан сіңірген, қазақтың көргенді қызы болудан бастап, адал жар, инабатты келін, асыл ана, мейірімді әже биігіне жетті. Парасаттылығымен өз кезеңінің, өз дәуірінің академигі атана білді.

Ержан ӘМІРБЕКҰЛЫ,
экономика ғылымдарының докторы, профессор

Апам 1926 барыс жылы Түлкібас ауданының Жамбасарық елді мекенінде дүниеге келген. Жастайынан еңбектің жалын ұстап, ерте есейіп, сол кездегі халықтың барлығымен бірдей еңбекке етене араласып кетті. Өйткені, маңдайға жазғаны шығар, балалық шағы ауыр жылдарға тұспа-тұс келді. Өткен ғасырдың басындағы қазақ даласындағы төңкерістен кейін іле-шала аштық нәубеті басталып, арты қуғын-сүргінге ұласып, одан ес жия алмай жатқанда соғыс өрті лап етті. Нәтижесінде балалық шақтың рахатынан гөрі, ересек өмірдің ауыр жүгін арқалап кете барды.

Қазақ кемеңгерлігі салған соқпақ жол жасына да, үлкеніне де бұлжымас өмір заңы болған заманда 18 жасында ұзатылып, Асанбекұлы Әмірбек атаммен отау құрып, бір ұл мен бір қыздың ата-анасы атанды.

Бабалардан қанына сіңген қасиеті бар, ата-анасының өмірлік тәрбиесі бар, өзінің ішкі парасаты мен түйсігі бар апам отбасылық құндылықтарға, адами қарым-қатынасқа үлкен жауапкершілікпен қараған жан.

Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталатынын отау құрған сәттен бастап тереңінен түсінген апам отағасы Әмірбек атамның қас-қабағына қарап-ақ үйдің шаруасын дөңгелетіп ала жөнелетін. Менің бала кезімнен үйреншікті дәстүр – біздің үйден қонақ үзілмейтін. Ауылға, сол кездегі «Путь Ильича» (қазіргі Шақпақ баба ауылы) ұжымдық шаруашылығына келген қандай да бір қонақ атаммен еріп үйге келетін. Ол кезде үйде дайындық бар ма, апамның қонақ күте алатындай жағдайы бар ма, ол мәселелер талқыға түспейтін. Бірақ, келген қонақтар осы күнге дейін апам жасаған тамақ мәзірінің тіл үйірер дәмі мен оның жылы қабағын, жайдары мінезін айтып тамсанып отырады. Сол кездегі қазақ елінің басшылары Д.Қонаев, Ө.Жәнібеков, Ө.Байгелдиевтен бастап, халқымыздың аяулы азаматтары Қ.Қайсенов, Д.Нұрпейісова, Ф.Балғаева, Ш.Жиенқұловалардың апамның қолынан дәм татқаны біздің отбасымыз үшін ғана емес, бүкіл ауыл үшін мақтаныш болатын.

«Әйел – үйдің көркі, ер азамат – түздің көркі» деген түсінікті мүлтіксіз қабылдаған апам Әмірбек атамның елдің шаруасымен алаңсыз айналысуына бар мүмкіндікті жасап, үйдің шегесін қағудан бастап, мал-қораны жайғастыруға дейінгі шаруаларды өз мойына алатын. Сол пейілінің арқасында Әмірбек атамның ел ағасы болуына, халықтың адамы болуына өлшеусіз үлес қосты.

Ауылдас-көршімен тату тұрып, бір үйдің адамындай бола білудің үлгісін апам көрсете білді. Түскі ас пен кешкі шәйді бір үйде іше салу, шаруамен бір жаққа шығып бара жатқанда үйдің кілтімен бірге, қорадағы малды еш алаңсыз табыстай салу қалыптасқан әдет болатын. Бала болсам да, сол кезде менің есімде қалған жайт, біз үйде жоқта алыстан келген қонақтарымызға қорамыздағы қойды сойып, ет асып жатқан көрші тұратын Саттар көкеміз бен Қалима жеңгеміздің қылықтарына орынды іс жасапсыңдар деп ризашылық білдірген болатын. Кеңшілік, дархандық, мырзалық сияқты қасиеттер апам мен атамның бойына туыла біткендей болады да тұрады.

«Абысын тату болса – ас көп» деген ұғымның астарында ағайын арасындағы татулықты, ауызбіршілікті сақтау тұрғанын апам жете түсініп, өзі келін боп түскен әулетке жақындығы бар барша туан-туыстардың арасындағы жылылықтың сақталуына, қарым-қатынастың үзілмеуіне барын сала білді. Қазір ойлап отырсам, менің нағашыларым да, түп нағашыларым да, жиен туыстарым да, бөлелерім де, арғы аталарымның бала-шағасы да, олардың немере-шөберелерінің бәрі де таныс, неге – себебі оларды апам мен атам көрсетті, таныстырды, жақындатты. Енді сол кісілер салған жолды жалғастыра аламын ба, сол биіктен көріне аламын ба – ол маған үлкен сын деп түсінемін.

Апам өмірдің ыстық-суығын, таршылығы мен кеңдігін бірдей көріп, сол өмірінен азық жинаған адам. Небәрі үш сыныптық білімі болса да, бірінші рет көріп-дидарласқан адамдардың барлығы да «сіз мұғалім болғансыз ба?» деп сұрап жататын. Олай сұрауға апамның сыртқы келбеті де, қарапайым болса да келісті киімі де, жазушы болмағанымен әдепті сөйлеу мәнері де, шешен болмағанымен әрбір сөзін ойланып сөйлеуі де себеп болатын. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» деген халық даналығын апам өмірде шынайы қолдана білді. Оған мысал менің тәрбием. Мен ес білгелі апамнан сескенетінмін. Оның айғайлап ұрысқанын, жекіп сөйлегенін көрген емеспін, бірақ қабағына қарап-ақ нені дұрыс, нені бұрыс жасағанымды түсіне қоюшы едім. «Аюға әліпті үйреткен – таяқ» дейтін әдіске апам кет әрі болмайтын. Балабақшаға барып жүрген кезімде бір күні қиғылықты салып, бармаймын деп жылап, үйді айналып қашқаным есімде. Сонда апам менің бақырып жылағаныма қарамай, қашып кетпесін деп арқанмен ауладағы ағашқа байлап қойған. Кейіннен мектепте 6-7 сыныптарда оқып жүрген кезімде математика пәнінен үлгерімім нашарлап, қатарларымнан кейіндеп қалдым. Осыны сезгеннен кейін апам мені өзімізбен көрші тұратын, математикадан сабақ беретін Нұрғали ағайыма алып бармақшы болды. Бірақ, сол кездегі ұялшақтық, жасықтық басымдау болып, мен бармауға барымды салдым. Сол кездегі солқылдақ көк шыбық болмағанда мен бүгінгідей ғылым докторы, профессор дәрежесіне жете алар ма едім деп ойланам да, апамның шыбықпен сабаған қолына да, өзіне де мың алғысымды жаудырам бүгінде.

«Адамдар бір-біріне кешірімді болу керек, ол пенденің ішіндегі қоқысты тазартады» деп отыратын апам. Өзінің бұл сөздерін нақты істерімен жеткілікті деңгейде дәлелдей білді. Ауылдас болған соң алыс-беріс болады, кейде әңгіме арасында кейбіреулер бізден алған қарыздарын неге қайтармайтынын сұрайтынбыз, сонда апам «бар болса берер еді ғой, олардың несібесі бізден болған шығар» деп жауап қайтаратын. Апам көп жағдайда бір-біріне ренжісіп жүрген ерлі-зайыптылардың татуласуына себепкер болатын. Кейде әйелін, кейде ерін шақырып алып, салиқалы кеңес беріп отырғанына талай куә болдым. Кейіннен татуласқан отбасы үйге келіп, апама ыстық ықыластарын жаудырып жататын. Әйелдері ырыққа көнбей, сабырға келмей төркіндеріне кетіп қалып жатқан жігіттерге «Алтын шүмек аман болса – тесік түбек табылады» деп керемет басу айтушы еді. Апамның бұл сөзінің шынында да жақсы басу болатынын отбасылық өмірімнің бастапқы кезеңінде мен де сезініп едім.

Тазалық мәселесіне апам ерекше қарайтын. Үйге келген қонақтарына аппақ төсек салып беріп, олар бір күн жатса да қолымен қайтадан жуып-тазалап қою үйреншікті дәстүр болатын. Апамның ауылдағы көзін көрген келіндері бүгінде ол кісінің тәрбиесін ерекше әсерлеп айтып отырады. Апамның абысыны Сәтінкүл жеңгеміз әңгіме арасында мына жайды жиі еске алады: «Қонақты көп күтетін жастау кезімізде жеңешеме барып көмектесіп, қонақтардан босаған ыдыстарды жақсылап жуып, жинастырып болғаным сол еді, ол барлық ыдыстарды қайтадан қайнап тұрған ыстық суға салып жіберіп, майлы жерлерін сабындап тұрып жуып шыққан кезде ызадан жылап жібердім. Бірақ, жеңешемнің сол тәрбиесі менің де қанымa сіңіп, осы күні барлық келіндерімді тұп-тура сол дәстүрмен тәрбиелеп келемін».

Тазалықпен мақтанатындай себепті апам келіні Айнұрға да сездіріп еді. Шөбересі Ерсұлтанның сәби кезінде жамбас сүйегіндегі ұршығы бірден жетілмей, 3-4 айға екі аяғын ағашпен керіп, гипс салуға тура келді. Бала болған соң еңбектейді, аунайды, домалайды, бірақ сол гипсті шешкен кезде дәрігерлер оралған дәкенің бастапқы тап-таза күйінде тұрғанын көріп, таңданыстарын жасырмай, неткен тазалық деп мақтау айтады. «Сол сәтте апамыздың тазалығының, тәрбиесінің арқасында алған мақтауым жан сарайыма нұр сепкендей әсер етті» деп үйге қуана кіргені бар Айнұрдың.

Құдайға шүкір, апам 90 жасты еңсеріп барып өмірден озды. «Осынша жасты жасауыма үздіксіз күткен қонақтарымның «көп жаса» деп берген баталары да себеп болған шығар» дейтін. Кейде «ұзақ жаса дегенше», «бала-шағаң көп болсын деп неге айтпаған» деп жабырқайтын кездері де болатын. Бір кем дүние адамды арансыз қалдырған ба?!

Өмірдің бұралаң кей сәттерінде, шешімі күрделі қалтарыстарында апамның айтып кеткен өнегелі әңгімелері мен өсиеттерін жадымда жаңғыртып қоямын. «Мына мәселені менің орнымда апам болса қалай шешер еді» деп таразылап, «осылай болар еді-ау» деп апамның шешіміне иек артатын кездерім болып тұрады. Сондай философиялық мағынасы терең «Бар болса – бер», «Бәрі де қатесін түсінеді – бірақ кеш болады» сияқты алтыннан да қымбат сөздері менің өміріме азық болып келеді.

Апамның жүріп өткен жолына қарап, Абай атамыздың «Адам бола білу – ең қиын мамандық» деп көрсеткен биігіне ол кісі сөзсіз жете алды деп санаймын. Сондықтан да, өз замандастарыңыздың бетіне тіке қарай алған шыншыл болмысыңыз үшін де, ата-анаңыздың аманатын ақтап, көргенді әйел баласына тән тазалығыңыз үшін де, өзіңіз келін боп түскен әулетке тастай батып, судай сіңіп, сол ортаның ақ жаулықты қариясы атана білген парасатыңыз үшін де, тәрбиелеп өсірген бала-шағаңызға ізгілік, мейірімділік, даналық дәнін себе білген аналық махаббатыңыз үшін де, артыңыздан жарық із қалдырып, біз үшін көрсетіп кеткен үлгілі дара жолыңыз үшін де – мың тағзым, мың алғыс сізге Апа!..

Зиманов дәрісі

01-беттен

II-том. Ұлы дала қазақтарының өміріндегі Қазақ құқығының «көне болмысы» туралы түрлі зерттеулер көшпелі өркениеттің дәстүрлі демократиясын бойына сіңірген және ежелгі еркіндік идеяларына негізделген, көбінесе ауызша тарихта сақталған, қазақ құқығы жүйесінің көшпелі өмірді реттеудегі жасампаздығы мен тетіктері туралы зерттеу жұмыстары қамтылады.

III-том. Қазақтың белгілі әрі беделді билері, олардың биліктері мен шешендік өнері, өсиеті, нақыл сөздері, ел тұтастығы мен ер намысын қорғау жолындағы сүбелі үлестері. Абай – ұлы ойшыл, ақын әрі қазақ әдет-ғұрып құқығының білгірі мен реформаторы. Оның «төбе би» болып сайлануы, нақтылы биліктері кеңінен беріледі.

IV-том. Қазақ әдет-ғұрып құқығының ескерткіштері. Ізденістер мен табыстар. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы», олардың тізімі мен нұсқалары.

V-том. Қазақ құқығының «көне болмысына» арналған ресейлік және орыс тіліндегі әдебиеті, мұрағат деректері. Дала өлкесін отарлау кезеңіндегі құқық саласындағы күшпен енгізілген кейбір өзгерістер және «Қазақ құқығының» өміршеңділігі, ішкі қасиеті мен құрылымдылығы ғасырлардан ғасырларға сақталуы жөнінде.

VI-VII-томдар. Қазақ құқығы нормаларының жиынтығы және кейінгі жазбалар. Соның ішінде оның әдеттік-құқықтық нұсқалары, әр кезеңдегі әр түрлі авторлармен, сондай-ақ білгірлермен, оның жаңа кезеңдегі «мұрагерлері» мен жолын ұстанушылардың жинақтары. XIX ғасырда Ресей әкімшілігі тарапынан арнайы құрылған экспедиция материалдары. Бір бөлім «Қазақ құқығы» туралы Еуропа әдебиеттерінде жарық көрген деректерге арналады.

VIII-том. Қазақ әдет-ғұрып құқық жүйесіне, оның қалыптасуына елеулі әсерін тигізген Орта Азия, Шығыс Түркістан хандықтарының, Моңғолия мен Қытай мемлекеттерінің құқықтық жарлықтары. Салыстырмалы зерттеу және түсініктемелер.

IX-том. Соттық құқықтық және саяси құрылысты бейнелейтін қазақ мемлекеттілігі мен Ұлы дала сотының көрнекті қайраткер-билерінің бейнелері көрсетілген көркемсурет, фотоқұжаттар.

X-том. Алдыңғы айтылған томдарға кірмеген, соңынан іздестіру мен зерттеу жұмыстарының барысында табылған қазақ құқығы туралы жаңа мәліметтер мен деректік құжаттар. Арнайы бөлімде анықтамалық материалдар ұсынылған.

Қоғабай Сәрсекеев: «Қазақтың ата заңдарының» соңғы оныншы томы тұтастай «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты Алматыда өткен халықаралық ғылыми конференцияға арналғанынан хабардармыз...

Салық Зиманов: Соңғы томның «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты халықаралық ғылыми конференцияның жұмысына арналғаны рас. Екі жыл бұрын, нақтырақ айтқанда, 2008 жылдың 22-23 мамырында «Интеллектуал – Парасат» заң компаниясы және республиканың Жоғарғы Соты ұйымдастырған аталмыш ғылыми іс-шара Алматы қаласында өтті.

Көшпелі қазақ қоғамының азаматтық және құқықтық мәдениеті қойнауында қалыптасқан қазақ билер соты ортақ мәдени құндылық қана емес, сонымен қатар, өркениет тұрғысында аса маңызды институттық саяси-құқықтық жүйе болып табылады. Билер соты қандай тарихи кезең болмасын кез келген сот билігіне аса қажетті ұйымдастыру және моральдік қасиеттердің принциптерін өзінің құрылымы мен қызметінде дәріптеп, берік ұстана білді. Яғни, этно-генетикалық және өте қолайлы табиғи-географиялық, саяси-аймақтық, әлеуметтік, этно-мәдени ерекшеліктердің арқасында толыққанды тарихи-этностық және тағылымды ортада тәлім алып, өркендеген қазақ билер соты аталмыш ерекшеліктерден де еңселі болды. Осындай тектілік пен мәнділіктің маңыздылығын айшықтап, гуманитарлық ілім саласына «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» деген мәртебелі сөзді енгізуге бағытталған бұл тұжырымдама жоғарыдағы халықаралық ғылыми конференциясының басты тақырыбы болды.

(САЛЫҚ ЗИМАНОВ ПЕН ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВТІҢ 2011 ЖЫЛҒЫ ЕКЕУАРА ӘҢГІМЕСІ)

■ Салық Зиманов пен Қоғабай Сәрсекеев. «Qazaq» газетінің редакциясы. 2011 ж.

Қоғабай Сәрсекеев: Ал, қазақтың әділ соты жөнінде не айтасыз?

Салық Зиманов: Қазақтың әділ соты дегенде шын мәнінде әділдіктің символы болған билер соты көз алдымызға елестейді. Ол халықтың санасы мен ауызында әділдіктің бейнесі саналды, мәдени құндылығы мен өнегелі бағдарына айналды. Ол көшпелі қазақ қоғамы мемлекеттілігінің барлық кезеңінде тек тарихи аңыз ретінде болған жоқ, сонымен қатар, XIX ғасырдан XX ғасырдың басына дейін өмір өрісінің, шындығының бір бөлігі болды, яғни әділ билердің сирек өкілдері өмір сүрді.

Би әділ сотының өміршеңдігінің, ғасырлар бойы сақталуының өз құпиясы бар. Біріншіден, ол өз тамырын халықтың табиғи тарихынан алды, өз идеологиясында жалпыадамзаттық арман мен қоғамның талабын көрсетті. Екіншіден, билер әділ сотының атасы болып табылатын көшпелі қазақ қоғамы талай күйзелістерді бастан кешіргеніне қарамастан, өз негізін өркениет ғасырының басына дейін сақтап қалды.

XIX және XX ғасырлар аралығында қазақ халқы әлі де билер әділ сотын аңсап өмір сүрді, ал олардың зиялы өкілдері – қоғам қайраткерлері оны мемлекеттік жүйеге енгізуге лайық үлгісін назардан тыс қалдырмады.

Сот ғасырлар бойы, қай қоғамда болмасын, билік пен ел басқарудың мәні мен сәні болып табылған. Ең алдымен сот мекемелеріне қарап қоғамдағы билік жайлы, оның халық мүддесі алдындағы адалдығы туралы пікір қалыптасады. Шын мәнінде, мұндай ұғым сот ауыртпалығын көбірек шегетін көпшілік арасында басым болады.

Көшпелі қазақ қоғамының тірегі болған билер соты тарих қойнауында қалып қойса да, оның беделі арта түсті, өзгерген өмірге қарамастан, бүгінде де көпшілік арасында, оның ішінде қазіргі билік басындағылардың да қайғысы мен қуанышының игілігіне айналды. Бұл оғаш пікір емес – билер әділ сотының құндылығын аңсаған шындық.

Осы жерде «көшпелі қазақ қоғамындағы билер соты» деген ұғымды анықтап алған жөн. Сөз көшпелі қазақ қоғамын даралап бөліп алып, оны отырықшыл және қалалық қауымдардан алшақтату емес, сондай-ақ олармен арадағы байланыстарды жоққа шығару да емес, керісінше, көшпелі қазақ қауымдарының өзіндік ерекшеліктерін, құнды, тіпті әлемдік маңызы бар жетілген құбылыстарын айырып айту мақсаты көзделді. Осындай жете назар аударатын, ерекше бөліп көрсететін құбылыс – билер әділ соты.

Билер соты үстем болған дәуірдің сот жүйесінің «алтын ғасыры» деп аталуы, оның дүниеге келуі, осындай мәртебеге ие болуы Орталық Азиядағы ұлан-байтақ кеңістікті алып жатқан көшпелі қазақ дала өлкесіне байланысты, оның туындысы. Отырықшы, мұсылман діні көбірек тараған көрші өңірлер мен елдердің басқару үлгісі, олардың тән заңдары мен тәртіптері қазақтың көшпелі қоғамының өзіндік дамуымен ішкі ырғағына айтарлықтай өзгерту әсерін тигізген жоқ, керісінше, белгілі деңгейде оның сақталуына, нығаюына қызмет етті.

Қоғабай Сәрсекеев: Сөзіңіз ауызыңызда, ал осы әділ сот үлгілерін бүгінгі заманға лайықтау арқылы қазіргі сот жүйесіне енгізуге бола ма? Немістің ертедегі бір білгір ғалымы әрі жазушысы Георг Кристоф: «Прежде чем осудить, всегда нужно подумать, нельзя ли найти оправдание», – деген екен. Осындай қағиданы біздегі әділ сот дейтін қазіргі үкім шығарушы сот басында отырған кадрларымыз өз тәжірибелерінде жүзеге асыра алып жүр ме?

Салық Зиманов: Бес саусақ бірдей емес, өзіңіз айтып отырған ұстаным, әрине, қажет-ақ, бірақ әр судья соны жадында ұстайды дей алмаймын.

Іс қарау – бұл зор жауапкершілік. Жүрегі таза адам ғана әрі кеткенді бері тартады. Мәселен, Қазақстан колониялар мен түрмелерде отырған адамдардың саны бойынша әлемде 22-ші орын алады екен. Бұл дегеніңіз, біздің ел адамдарды түрмеге отырғызудан алда келеді деген сөз. Ойласатын-ақ жайт, негізі, кісіден тырнақ астынан кір іздемеу керек, айып тағылса нақты болсын, дәлелді болсын, соған орай үкім әділ шықса өкініш жоқ. Әйтпесе, «әп бәлем, қолға түстің бе» деп абақтыға тоғыта беру жөн емес. Осыған орай, елімізде билер соты, сот билігі деген атаулар мен ұғымдар қазіргі уақытта да сот жүйесінде әділдік, кәсібилік үлгісіне лайықты еліктеу ретінде ресми түрде қолданылады.

Республикада аса күрделі қылмыстық істерді қарауда әділдікті ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету идеясымен енгізілген сот алқасы «Билер алқасы» деп атала бастады. Осының өзі де қазақ тарихындағы билер әділ сотының деңгейінің биік болғандығын, әділдік және адалдық жолындағы маңызын көз алдымызға елестетеді. Сол билер әділ соты үстем болған арада талай ғасырлар өткеніне, қоғамдық-саяси өмірде түбегейлі өзгерістердің болғандығына

(Жалғасы. Соңы 08-бетте)

Такир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы:

«Біз еліміздің ертеңін тәрбиелейміз»

01-беттен

– «Ауыл – алтын бесік» дегеніңізбен толықтай келісемін. Менің өмір жолым Жамбыл облысының Талас ауданындағы Талас өзенінің төменгі беткейіндегі кішкентай ғана ауылдан бастау алады. Қазір ауылымыз Көшек батыр есімін иеленген.

Отбасында көрген тәлім мен жадына тоқыған тәрбиенің арқасында бала көкірегі ояу, есті болып өседі. Менің де тұлға болып қалыптасуыма өскен ортамның, яғни ауылым мен отбасымның әсері мол болды. Бәрін рет-ретімен айтайын.

Атам Балықбай Мейірманов белгілі шопан болған. Кеңес Одағының ең жоғары марапаты – Ленин орденінің иегері атанған. Өкінішке қарай, өмірден ерте өтті. Содан әкем 14 жасында әкесіз қалып, анасының тәрбиесінде өсті. Ал, апам Әсемкүл Сұлтанбекқызы ғасыр жасап, 2006 жылы дүниеден озды. Жарықтық апам өз дәуірінде молдадан сауат ашқан, кейін кириллицаны да жақсы меңгерген көзі ашық, көкірегі ояу кісі болған-ды. Сол анасының сауаттандыруымен өскен әкем Оспан Балықбайұлы ғұмыр бойы мектепте математика пәнінен сабақ беріп, елге жанашыр, білікті ұстаз атанған жан. Анам Ұлболған Өтеуқызы да әкеммен бір мектепте түрлі жұмыс істеді.

Әкемді жанашыр деуімнің себебі, ол сегізжылдық мектеп құрудың басы-қасында жүргендердің бірі. Өйткені, ауылда бұрын бастауыш мектеп қана болған. Әкем бастауыш мектептен соң оқуын жалғастыра алмай қалған көптеген қыздар мен жігіттерді жастары үлкейіп кеткеніне қарамай сол мектепте баулып, ағартушылық жұмысты да өзге мұғалімдермен бірдей жалғастырған.

Біздің шаңырақ – ұстаздардың үйі болғандықтан ба, кез келген уақытта оқушылар үйге келіп, бірге математикадан есеп шығаратын, әкем оларға ән айту мен би билеуді де үйрететін, осылайша мұғалім мен оқушы арасындағы жақындықты көріп өстім. Бойыма ұстаздыққа деген ниет-қабілеттің сол кезде оянғаны да даусыз.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді халық даналығы. Жоғарыда айтқанымдай, бала нені көрсе, соған еліктейді ғой. Алдын көріп, тәлім алған ұстаздарымыз біз үшін үлкен тұлға болды. Математика ғылымына бет бұруыма себеп болған әрі мектептегі, әрі өмірлік ұстазым – әкем. Сол кісілерге қарап өстік. Кейін үлкен армандар ұлы жолға бастап, ұстаздық жолға аяқ бастық. Бұл бір жағынан сол шағын ғана ауыл ұстаздарының ықпалынан болса керек. Жақында туған ауылымда болдым. Бір қуаныштысы, 55 жыл бұрын бой көтерген ауыл мектебі бүгінде қайта салынып, заман талабына қарай жанданып келеді. Ғылым, білім жолын таңдауымның бір негізі – осы кішкентай ғана білім ордасында жатыр. Әрине, армандап қою аздық етеді. Оқушы кезімнен математикаға арналған оқулықтар мен журналдарды бар ынтамен оқып өстім.

Бір әкеден тарап, бір анадан тәлім алған тоғызымыздың үлкені – өзім. (Жалпы он ағайынды едік). Жалғыз мен емес, менің бауырларым да осы саланың айналасында еңбек етеді. Төрт қарындасым мектепте мұғалімдік қызмет атқарады. Әрқайсысымыз түрлі пәнді таңдағанымызбен, барлығымыздың ұрпақ тәрбиесі жолында жүрген жайымыз бар.

Жалпы, жастардың болашақ мамандығын таңдауында оған үлгі болып жүрген тұлғаның әсері зор болады. Мысалы, баланың «Кім болам?» деген сұраққа жауап іздеп, қиялға берілетіні бар. Ал, оның күнде көретіні – мектептегі мұғалімі. Міне, педагог мамандығын таңдап, ұлы жолды жанына серік еткісі келетін әр адам әрекетінің арғы жағында – қызығу, еліктеу, «осындай ұстаз болсам ғой» деген асқақ арман жататыны сөзсіз.

«МЕН КІММЕН ЖҰМЫС ІСТЕСЕМ ДЕ, СОНЫҢ ЖАҚСЫ ЖАҒЫН АЛУҒА ТЫРЫСТЫМ»

– Сіз ұзақ та үлкен өмір жолынан, еңбек баспалдақтарынан өттіңіз. Кеңестік кезеңде де, Тәуелсіздік тұсында да мемлекеттік түрлі жауапты қызметтер атқардыңыз. Ал, сол жолыңыз қалай басталып еді? Қандай ұстаздардың алдынан өттіңіз?

– Мен мектепті аяқтаған соң оқуға түспей, ауылда бір жыл қарапайым электромонтер болып жұмыс істедім. Кеңестік дәуірде қай саланың жастары болмасын түрлі шаруашылық жұмыстарға жіберілетінін білесіз. Сондай жастардың қатарында мен де болдым. Біздерді сақпанға, қырықтыққа (қой жүнін қырқу науқаны), шөп тасуға, басқа да совхоздың толып жатқан шаруашылық жұмысына жібергенде, өзіме бір шешім қабылдағаным бар. Ол бойымдағы барымды тек білім мен ғылымға жұмсауым керек деген шешім еді. Шүкір, мақсатым да, арманым да орындалды.

1975 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түстім. Бала күнімнен математикаға жақын болғандықтан, жоғары оқу орнында да таңдаған мамандығым осы болды. Бұл жерде атақты ғалымдар мен профессорлардың алдын көріп, солардың дәрісін тыңдадық. Сол уақытта аға буын саналған Асқар Закарин, Хасен Ибрашев, сол кездегі факультет декандары болған Вячеслав Романов, Мамажан Орынбасаров, профессорлар Өмірзақ Сұлтанғазин, Александр Женсікбаев, Нұрлан Темірғалиев сияқты тұлғалардың тәлімі бізге өмірлік азық болды. Сонымен қатар, еліміздегі бас жоғары оқу орнын үлкен деңгейге жеткізген университет ректоры, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің де есімін ерекше атап өткім келеді.

Ол кезеңде бір ғана жүйеленген бағытпен жүруге дағдыланып, сол бағытта ғана ізденетін қағида болатын. Айталық, мен мектепте үздік оқыдым, университетте өзіміздің курста үздік студент атандым, сөйтіп сол оқу орнында жұмысқа қалдырылдым.

М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетіне тағылымдамаға барып, сол жерде аспирантураны аяқтадым. Білім жолымды Мәскеуде жалғастырып, тәжірибе жинауыма ықпал болған Өмірбек Арысланұлының ұсынысы болды. Ол кісі мен сияқты талай жастың жолын ашып берді. Аспирантурадан кейін университетке келдім, аға оқытушы, доцент, деканның орынбасары болдым. Ғылым-білімге деген үлкен қадамым осындай баспалдақтардан басталды.

Мәскеуде ғылыми жетекшілерім Борис Сергеевич Кашин мен Петр Лаврентьевич Ульянов болды. Мен осы кісілердің жетекшілігімен диссертациямды қорғадым және әлемдегі соңғы үрдістердің жетістіктерін Мәскеуде көргенмін. Осы кезең жеке басыма ертегідей әсер етті. Неге десеңіз, ол жерде есімі мәшһүр академиктер Андрей Николаевич Колмогоров, Иван Матвеевич Виноградов, Сергей Михайлович Никольский, Борис Владимирович Гнеденколардың лекцияларын тыңдап, оларды өз көзіммен көріп, олармен пікір алмастым. Бұлардың әрқайсысы біртуар жандар!

Тұғырлы тұлғаға айналған академиктердің сабақ беру әдісін, ғылыми баяндаманы қалай жасағанын көріп, солардың тәлімін алуға тырыстық. Ол шақ – математика ғылымының шарықтап тұрған дәуірі еді. Жалпы, ғылыми орта – ерекше орта. Ғылыми ортаның ғажаптығын біздер жоғарыда аты аталған кісілер арқылы танып-білдік.

Мен кіммен жұмыс істесем де, соның жақсы жағын алуға тырысамын. Сондықтан білім-ғылым саласындағы көп адамды өзіме үлгі тұтып, ұстаз санаймын. ҚР Білім және ғылым министрлігіне жұмысқа келген кезде де маған көп нәрсені үйреткен сол министрліктің, білім комитетінің басшылары, орынбасарлары еді. Әділ Құрманжанұлы Ахметов, Базар Қабдошұлы Дамитов сияқты ағаларымды да «менің ұстаздарым» деп айта аламын.

Жетіп жатқан жетістіктерімнің бір басында осы кісілерден алған тәлім-тәрбиеміз тұрса, таразының екінші жағын өзіміздің талпынысымыз тартып тұрады. Себебі, сол кезде жоғары оқу орнында оқу, одан қалды Мәскеуде білімді жалғастыру, біріншіден, екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс болса, екінші жағынан, бұл үлкен талап пен еңбекті қажет етеді. Сол кездегі ғылым мен білімге деген қызығушылығымыз бертін келе қызметке алып келіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінде, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында жауапты қызметтер атқардым. Жастық шақтағы талпыныс пен қызығушылық «қайтсем ғылым мен білімді дамытамын» деген жақсы ниетке ауысты.

– Ғұмырбаяныңызға зер салсақ, өміріңіз білім-ғылыммен тікелей байланысты екен. Осы күрделі салаға қандай жаңалық енгізе алдым деп ойлайсыз?

– Бұл сұрағыңызға біраз тоқталуға тура келеді. Біріншіден, математика саласында ғылыми жұмыстармен айналыстым. «Ортогональдік қатарлар мен жүйелер» тақырыбы бойынша зерттеу жүргізіп, кандидаттық диссертацияны қорғадым. Осы тақырып аясында еңбектер жазып шықтым. Бұл менің таза ғылымға, соның ішінде математика ғылымына қосқан үлесім болса керек. Екіншіден, менің қызметтік жолым бірыңғай ғылыммен ғана емес, білім саласына қатысты жұмыстармен де байланысты. Сондықтан осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсем орынды болар.

Әуелі, Қазақстандағы білім беру саласына тест жүйесін енгізуге азды-көпті үлес қостым деп айта аламын. Тест орталығы директорының орынбасары ретінде 1999 жылы талапкерлерді жоғары оқу орнына қабылдаудың жаңа үлгісін енгізудің басы-қасында жүргендердің бірі болдым. Одан кейін 2004 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуді (ҰБТ) білім саласына енгіздік. Ол кезде мен тест орталығының директоры болып қызмет атқаратынмын. Содан тестілеуге қатысты біраз жаңалық енгені белгілі. Бүгінгі күні олардың көбісі өзгеріске ұшырап, жаңарып келеді. Себебі, уақыт өзгеріп жатыр, ал білім саласының заман ағымына сай түрленуі заңдылық. Тестілеу жүйесінің енгізілгеніне 20 жылдай уақыт өтсе де, білім беру сапасын көтеруге, түлектерді оқу орнына қабылдау кезіндегі жемқорлықты жоюға үлкен үлес қосты, білім саласындағы негізгі бақылау жүйесіне айналды.

Бір айта кететін нәрсе, жұмысты жаңалық енгізу үшін істемейсіз. Істеп жатқан жұмысымызда елдегі білім беру жүйесі жақсарса, тың өзгеріс, алға басушылық болса деген ниет басым тұруы қажет.

Ұлттық білім академиясының президенті болып қызмет атқарған кезде жоғары білім мен техникалық кәсіби білім берудің жаңа стандарттарының үлгісін жасау керек болды. Республикадағы оқу орындарының жетекші мамандарымен ақылдаса отырып, сол стандарттардың жаңа үлгісін жасадық. Соның нәтижесінде кәсіптік техникалық білім берудің жаңа стандарты қалыптасып, жаңа мазмұн пайда болды. Бұл одан әрі дамуға ықпал етті.

Сонымен қатар, қазір біз университет ішіндегі екі институтта көлденең-дөңгелек басқару жүйесін енгізуге талаптанудамыз. Жалпы, біздегі басқару жүйесінің бәрі иерархиялық болса, басқарудың біз ұсынып отырған жүйесінде барлығы өзгеше. Мұның мәні – қамтамасыз ететін ұйымдардың барлығы бір деңгейде болады. Бәрі көлденең болып, бір-біріне циклді түрде қарайды. Сондықтан осындай мәселені енгізіп жатқан жайымыз бар. Бұл тек білім беруде ғана емес, басқару жүйесіне де жаңалық болып енуі мүмкін. Себебі, басқарудың бұл түрі Қазақстанда жоқ. Осындай идеяларды ұсынған кезде жұмысты жақсарту көзделеді. Мұндағы мақсат не? Мысалы, біздің университетте жеті институт, бір факультет бар. Солар өздерінің басқару жүйесінде, ішкі мәселелерін шешуде дербестікке ие болса деген ниетпен осындай жаңалықтар енгізудеміз. Мұндай институттардың дербестігі батыс университетінің көбіне тән. Біздегі Назарбаев университетінде де жоғары мектептері дербес жұмыс істейді.

Қарап отырсаңыз, бұл бір жаңалық ашу қажеттігінен емес, заман ағымына орай бейімделу мен даму жолында пайда болатын дүниелер.

«ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ ДӘСТҮРМЕН ҰШТАСТЫРУЫМЫЗ ҚАЖЕТ»

– Қазақта ұрпақ жалғастығы деген бар. Өзіңіз айтып отырғандай, Сіз үлкен мектептен өттіңіз, аға буыннан тәлім-тәрбие алдыңыз. Ол кісілер бағыт-бағдар берді, жол көрсетті. Ал, Өзіңіздің соңыңыздан ерген білім-ғылым саласындағы жастардан кімді атай аласыз?

– Бүгінде ғылым саласын бетке алып, білім айдынында еркін жүзіп жүрген жастар аз емес. Қазір мен қызмет бабымен тікелей шәкірт тәрбиелеумен айналысып жатқан жоқпын. Бірақ, осы университеттің өзінде көптеген беделді жастар бар. Олар ғылымда, өнерде, спортта, басқа да салаларда жетістікке жетіп жүр. Оларға өзінің әлеуетін көтеруге, жетістіктерге жетуіне мүмкіндік беру – біздің міндетіміз. Мысалы, жақында ғана, осы пандемияның кезінде, көптеген елдің жас ғалымдарының басын қосып, үлкен онлайн конференция өткіздік. Сол жерде біздің жас ғалымдарымыз өздерін жақсы қырынан көрсете білді. Жастардың ғылым жолында жетістіктерге жетуі үшін жеткілікті дәрежеде жағдай жасалуы, сол жастарды ғылымға қызықтыра алатындай мүмкіндік берілуі қажет.

Қазір ғылымға бөлінетін қаржының да, мүмкіндіктің де көбейгеніне байланысты жас ғалымдарға үлкен жол ашылып келеді. Ағымдағы жылы студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсының нәтижесінде университетіміздің 20 студенті мен 14 магистранты жеңімпаз атанып, ҚР Білім және ғылым министрінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Ал, конкурсқа еліміздің 25 жоғары оқу орнынан кілең «сен тұр, мен атайын» дейтін мықты 170 жас ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстары (жобалары) қатысты.

Былтыр ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті жариялаған гранттық қаржыландыру бойынша 2020-2023 жылдарға арналған Жас ғалымдар жобасының конкурсына университетімізден 14 жоба ұсынылып, соның екеуі жеңіске жетті.

Университетімізде бұл салада жетістіктерге жетіп, болашағынан зор үміт күттіретін жастардың көп болуы қуантады. Жас ғалымдардың өз кезегінде ғылымдағы өзіндік даңғыл жолымен жүріп өтетіндігіне сенеміз. Біздің тарапымыздан керегі – жастарды қолдау және оларға әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беру.

– Қателеспесем, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 14-ші ректоры екенсіз. Тарихтың көзімен пайымдасақ, ұлыны ұлықтап, дарынды бағалаған, ұрпақ санасын тәрбиелеудің үлкен мектебін қалыптастырған оқу орнын басқарып отырсыз. Осы ұстаздар ұстаханасының қазіргі тынысы қандай?

– Ең бірінші тілге тиек ететініміз – біздің университетіміздің қазақстандық жоғары білімнің қара шаңырағы екендігі рас. Қазақтың небір ғалымдары мен мемлекет қайраткерлері осы ұядан түлеп ұшқан. Атақты ғалымдар, мықты профессорлар қызмет етіп, ұлылардың ізі қалған. Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсыновтар, олардан кейінгі Мәлік Ғабдуллин, Темірбек Жүргенов сияқты тұлғалар, университетіміздің ректорлары мен ғалымдары туралы айтсақ, әрқайсысының оқу орнының өркендеуіне қосқан үлесі зор.

Біз мынадай негізгі идеяны жүзеге асырудамыз. Біріншіден, біз жаңашылдыққа ұмтылуымыз керек. Білім ордасы қазіргі жетістіктерімен тоқтап қалмауы үшін ұдайы заман ағымына сай даму мен

(Жалғасы. Соңы 09-бетте)

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ МЕН МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ ЖӨНІНДЕ АҚПАРАТ БЕРЕТІН CALL-ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ: +7 (727) 221-10-01

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты:

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ ЖЕТІ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ, ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚЫТЫЛМАЙДЫ

Байқоңыр қаласында 77 мыңнан аса халық тұратын болса, оның 70 пайызы қазақстандықтар болып саналады. ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлының келтірген деректері бойынша, қаладағы отандастарымыздың өз жері мен елінде отандық талапқа сай білім алуы дұрыс ұйымдастырылмай келеді.

«1995 жылдан бастап Қазақстан – Ресей үкіметі арасында Байқоңыр космодромына байланысты 20-дан астам келісімдер ратификацияланып, құқықтық актілерге кол қойылып қабылданғанына қарамастан, Байқоңырда тұрып жатқан Қазақстан азаматтарының әлі де болса да шешімін таппай отырған мәселелері жеткілікті екендігіне назар аударғанды жөн санадық. Солардың ең бастысы Байқоныр қаласындағы қазақстандық стандартпен білім беретін балабақшалар мен мектептердің тапшылығы болып отыр» деп ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің атына депутаттық сауал жолдаған сенатор бірнеше деректерді алға тартты. Мысалы, қазақ тілінде білім беретін Байқоңыр қаласындағы 5 мектепте бүгінде 5 236 бала білім алады, ал ресейлік 7 мектепте 4 049 бала білім алады, оның 1 508-і, яғни 37%-ы Қазақстан азаматтарының балалары.

Байқоңырда қазір Ресей Федерациясына қарасты 7 мектеп бар. Депутат олардың сыйымдылығы толық қамтылмағанын айтты. Мұрат Бақтиярұлының айтуынша, қала тұрғындарымен кездесу барысында орыс тілінде оқытатын қазақстандық мектепке сұраныстың жоғары екенін ескере отырып, осы 7 мектептің бірін мемлекет меншігіне өткізуді сұрап отыр екен.

«Бұл жағдай ресейлік мектепте оқитын балалардың мектеп бітіргеннен соң ҰБТ-ға қатысуына және қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуіне көп кедергі келтіруде. Себебі, емтиханның міндетті пәндері – Қазақстан тарихы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті ол мектептерде оқытылмайды», – деді сенатор.



Одан бөлек, Байқоңырдың орталық аудандарында Ресей Федерациясының меншігіндегі сыйымдылығы толық пайдаланылмай тұрған 13 балабақша бар. Депутат халықтың бірнеше балабақшаны мемлекеттік юрисдикцияға өткізу талабы орынды деп санайды.

«Олар Қазақстан аумағында туып-өскенімен, өз жерінде тұрып, менің Отаным – Россия, менің астанам – Москва деп, Россияның арғы-бергі тарихын, тілі мен әдебиетін оқып, әрине ресейлік патриотизм рухында тәрбиеленеді. Айта өтуіміз керек, біз жерімізді жалға бергенімізбен, сол жерде тұрып жатқан халқымызды жалға берген жоқпыз ғой», – деді Мұрат Бақтиярұлы.

Сенатор Үкімет басшысынан Байқоңыр қаласы тұрғындарының білім беру саласына қатысты осы түйткілді мәселесін басты назарға алып, оң шешілуіне ықпал етуін сұрады.

(Соңы. Басы 01, 06 беттерде)

қарамастан, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының сот жүйелеріне билер әділ сот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу төңірегіндегі пікірталас жиі күн тәртібіне қойылуда. Біз үшін осы мәселенің қабылдануы немесе қабылданбауы маңызды емес. Ең маңыздысы – билер әділ сотының ел өміріндегі тарихи орнын мойындау, оның бүгінгі Қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алатын мүмкіндігі болып табылады.

Зиманов ДӘРІСІ

(САЛЫҚ ЗИМАНОВ ПЕН ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВТІҢ 2011 ЖЫЛҒЫ ЕКЕУАРА ӘҢГІМЕСІ)

Қоғабай Сәрсекеев: Билер соты дегенде бірден Төле, Қазыбек және Әйтеке бабаларымыз еске түседі. Қазақтың осы «төбе билеріне» бүгінде лайықты бағасын бере алдық па?

Салық Зиманов: Билер сотының тарихында XVII-XVIII ғасырлар ерекше орын алады. Атақты үш бидің өмірі мен шығармашылығы осы кезеңге дөп келеді. Ұлы жүзде – Төле би, Орта жүзде – Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би. Қазақ сотындағы саңлақ сөздер мен бірегей оқиғалар осы кісілердің атымен тығыз байланысты. Ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен фольклористика деректері арқылы олардың өмірі мен қызметі туралы көп мағлұмат алуға болады. Үш бидің ұлы істері мен тәлім-тәжірибесі кейінгі билер үшін үлкен үлгі-өнеге.

Астанадағы республика Жоғарғы Соты ғимаратының алдында Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге қатар отырған түрінде көрнекті ескерткіш орнатылған. Олар көшпелі шығыс халықтарының әдетінше төбе басында орналасқан. Бабаларымыздың бірі сол қолын жүрек тұсына ұстап, халқына тәжім еткендей түрде отыр, екіншісі шешендігімен көрініп, жартылай жұмылған оң қолын алдына тосуда, ал үшіншісінің қолында қағаздары бар. Бұл көрініс әрбір қазаққа жақын әрі түсінікті. Сөз етіп отырған ескерткіш еліміз тәуелсіздік алғаннан бері Қазақ мемлекетінің символына айналуда. Бұл билерге арналған бейнелер кешені көпшілік халық тағзым ететін орынға да айналып отыр. Ешбір мемлекетте сот әділдігі өкілдерінің бейнесі мемлекеттік символға дейін көтерілмеген. Бұны халық санасында тарихи тұрғыда қалыптасқан «дала демократиясының» құқықтық жүйесіне берілген жоғары баға деп білемін.

Қоғабай Сәрсекеев: Көптомдықтың III-томында Абайдың ақындығынан бөлек қазақ әдет-ғұрып құқығының білгірі әрі реформаторы болғаны жөнінде көптеген нақты мәліметтер мен мысалдар келтірілген екен. Осы тұрғыда не айтасыз?

Салық Зиманов: Сіз айтып отырған III-том екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ даласындағы белгілі билер туралы ғұмырнамалық мәліметтер, бізге жеткен олардың билік-шешімдері мен өсиеттері топтастырылған. Екінші бөлімі би әрі «төбе би» бейнесіндегі Абай Құнанбайұлының қызметі мен билік-шешімдеріне арналған.

Абай далалық өлкедегі бізге дейінгі құқықтық мұраның ірі білгірі болып табылады. Ол қазақ даласындағы әділ соттың «алтын ғасыр» биінің образын сомдап қана қойған жоқ, сонымен қатар, соттық биліктің, қоғамның өнегелік дәстүрлерін нығайтудағы және адами қатынастарды сауықтырудағы тарихи үлгісін көрсетті. Абайдың өткір тілін, әсем сөзін, талай шиеленіскен дауларға түсіп айтқан ақылды биліктерін баяндайтын біраз естеліктер, материалдар бар.

Әділдігімен, шешендігімен Абай 20-ның үстіне жаңа шыққан кезінен-ақ үлкен беделге ие бола бастады. Оның атағы оязной («уездный начальник») түгіл Семей губернаторына дейін жетті. Ел арасында «аузымен құс тістеген» шешен, алмас тілді ақын, әділ билік иесі деген атақ та кеңінен тарады. Абайдың беделінің артқаны сонша, өзі ресми қызмет орнында болмаса да, болыс сайлау науқанында оның сөзі, ұсынысы жүріп отырған. Абай қолдаған үміткерлердің ісі оңынан туған.

Біздің қолымызда кезінде жиналған елуден астам Абай биліктері, оның үстіне «төбе би» болып ресми танылған кездегі оның басшылығымен жасалған ережелер де бар. «Қазақтың ата заңдарының» III-томында Абайдың жер дауы және мал дауына қатысты бірқатар бітім-биліктеріне ғана талдау жасап, оқырмандарға ұсындық. Осылардың өзінен де көп мағлұмат алуға болады.

Қорыта айтсақ, Абайдың қазақ халқы өміріндегі, ақындығына қосымша, бұрынғы ел қамын ойлаған, әділдіктің арқауы болған ұлы билердің мұрагері, соңғы өкілдерінің бірі болғандығы байқалады.

Қоғабай Сәрсекеев: Салық аға, мәнді де мағыналы әңгімеңізге алғыс айтамыз. Редакцияның тілшісі Жасұлан балаңыз біздің бұл сұхбатымызды қағазға түсіріп алды. Бүгінгі әңгіме мұнымен шектелмейтінін байқап отырмыз, айтар ой жеткілікті. Сіздің өмір туралы, бүгінгі қоғам хақындағы, сондай-ақ, өз тұстастарыңыз, тіпті жеке ғұмырнамаңыздағы басқалар байқай бермейтін тағылымдық трактовкаларыңыз бір төбе қалтарыста қалды. Алдағы әңгімеде осы тақырыптарды төңіректерміз...

Салық Зиманов: Мен өзі ұзақ әңгімені көп ұната бермеймін. Оқушыларыңызды зеріктіріп алмаңыздар. Сөз шағын әрі қысқа болуы керек, мүмкіндігінше көп жұмыс істеу қажет. Бұл – уақыт талабы. Содан кейін кісіні әсте дәріптей бермесек деймін. Қазаққа қарапайымдылық жарасады, ал шектен шыққан марапат, мақтау адамды адастырады.

■ Кеңес Үшбаев, Салық Зиманов және Қоғабай Сәрсекеев. «Qazaq» газетінің редакциясы. 2011 ж.

Жасұлан Мәуленұлы: Әлбетте, бәрі шектеледі, аға, онда осымен бүгінгі әңгімеге нүкте қоя тұралық. Әңгімені ертең де жалғастырамыз дедіңіз ғой...

ЕКІНШІ КҮНГІ ӘҢГІМЕ

Қоғабай Сәрсекеев: Ұлттық академия жайындағы пікіріңізді білгіміз келеді. Осы төңіректе әр тұста әр қалай сөздер айтылып қалады. «Академия жабылады екен, ғимаратын әлде біреулер жекешелендіріп алыпты» дейтіндей...

Салық Зиманов: Мұндай сөздерді естіген де, тыңдаған да емеспін. Жалпы, мен бұралқы сөздерге құлақ аспайтын жанмын. Академия жабылмайды, содан соң «ғимарат жекешеленіпті» дегенді білмедім, тіптен мүмкін болмайтын дерек. Осы реттен академия туралы айтылатын әр қалай сөздерге қосылмаймын. Мемлекет болған жерде білімнің қарашаңырағы болуға тиісті. Ол шаңырақ – Ғылым академиясы. Сондықтан бұл киелі ғылым ордасы әрдайым өз орнында тұруға тиісті. Тұрады да. Айт-айтпа, білім деңгейі жоғары болсын деңіз, ғылым жан-жақты дамыса көшелі жұрт боламыз, осы жағын күйттесек ұтамыз, әйтпесе ұтыламыз, бұл – заман талабы.

Рас, қазір академияда бұрынғыдай толайым сан салалы боп ұйысып отыратын көп институттар ықшамдалды, штаттары аз. Кейбір институттар бөлек шаңырақ көтеріп кетті, бірақ бұған қарап «академияның статусы төмендеді» деген пікір қалыптаспасын, қайта уақыт талабына орай ғылым іріленуге бет бұрды, мұны заманауи бағыт ұстанды деу орынды болар. Мемлекет тарапынан бөлінетін қаражат жыл сайын өсе түсуде, қамқорлық жетеді. Ендеше, академияның бүгіні де, болашағы да аса зор. Гәп соны дұрыс ұстап, үлгірте білуде. Мен білетін ақиқат осындай.

Қоғабай Сәрсекеев: Тұстастарыңыз, әріптестеріңіз, аға-інілеріңіз жайлы қандай пікірдесіз?

Салық Зиманов: Бір сөзбен айтқанда, жақсы пікірдемін. Біз әл-Фарабиді, Қожа Ахмет Ясауиді, Шоқан, Ыбырай, Абайды көрген жоқпыз, Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжандар ілімімен аз сусындадық. Кешегі Қаныш, Әлкей, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден ағаларымыздың тәлімін аз да болса ала алдық. Бүгінгі өз әріптестерім Сұлтан Сартаев, Мақсұт Нәрікбаев, Болат Мұхамеджанов, Қайрат Мәми, Бектас Бекназаров, т.т. – заңгерлер тобы тәуір, шетінен еңбекқор жандар, жақсы араласамыз. Қазіргі жазушылардан Олжас, Мұхтар, Әбіш, Әбдіжәмілге тәнтімін. Тұстас ғалымдардан Серік (Қирабаев), Камал, Төрегелді, Кенжеғали, Сағындықты ұнатамын. Соңғы інілерімнен Иманғалиды бір төбе көремін.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Иманғали Нұрғалиұлы «Қазақтың ата заңдарының» көптомдығының шығуына басшылық жасап, зор көмек көрсетті, редакция алқасының бас редакторы болды. Сонда бір аңғарғаным, Иманғали бастаған ісіне аса тыңғылықты, іскер жан екен. Бұл – жақсы қасиет! Содан кейінгі байқағаным, Иманғали ұлт ісіне білек сыбана кірісетін ұлтжанды, халық қазынасына қайраттана қимылдайтын азамат екендігін танытты, қолымды ұзартты, нәтижесінде көптомдық сәтті шықты.

Мұхтар Құл-Мұхаммед шәкіртім де әрдайым қасымнан табылады, оған айтар да алғысым шексіз.

Дипломаттардың арасынан Қасым-Жомартты бөлек айтар едім. Бұл жігіттердің маған білімдарлығы, әдеп-жігері, тәлім-тәрбиесі ұнайды. Сондықтан ыстық тартып тұрады. Өздері Президенттің жанында жүріп жақсы жетілді.

Қоғабай Сәрсекеев: Өз ұрпақтарыңыз жайлы, жалпы ұрпақ тәрбиесі туралы айтсаңыз?

Салық Зиманов: Өз ұрпақтарым жайлы не айтайын – бөлектеп айтар дәнемем де жоқ. Бәрі ел қатарлы, жұрттан асқан жерім бар дей алмаймын. Өмірбаяным елге таныс, сан айтылып, сан жазылған, оны бұл тұста және тізу артық. Қазақ қоғамында – туған топырақта өмір сүріп келеміз. Бұл – бақытым! Ал жалпы ұрпақ тәрбиесі жайлы сөз қозғағанда, әңгіме ұзарады, өз басым бұл тақырыпты ауқымды әрі жауапты көремін. Демек, мәңгілік тақырып. Содан кейін бұл тақырыпқа рецепт те қоя алмайсыз, жалпы мен ұрпақ тәрбиесіне әр кезде, әр мазмұнда айтып қалып жүрген кісімін. Өз басым қазақ дейтін ұлтымның тегіне, жаратылысына ризамын. Біздің ұлт ұрпақ тәрбиесіне көп мән берген жұрт. Қазақ бесік тәрбиесін білген ел. Бұл дегеніңіз – басты мәселе!

Босаға, шаңырақ, отбасы дегенді білген халық адасар ма. Мұның бәрі «Отан» дейтін қастерлі де киелі сөзге келіп тіреледі. Міне, ұрпақ тәрбиесіне осы тұрғыдан қараған жөн.

Жалпы, қазақ дейтін халық – болашағы зор халық. Келешек ұрпақпен өсіп дамиды. Ал, ұрпақ тәрбиесін жетілдіремін дейтін кісі алдымен өзін тәрбиелеп қатарға қосса сонда тәрбие бір ізді болады.

Қоғабай Сәрсекеев: Отбасыңыз жайлы білгіміз келеді...

Салық Зиманов: Жолдасым Шәрбан – академик-ғалым еді. Мамандығы химик-тін, ертерек дүние салды, қазір түсіме жиі кіреді. Ұл да, қыз да бар, немерелерім өсіп жатыр. Бір сөзбен, бәріне шүкіршілік...

Қоғабай Сәрсекеев: Кісіге қала, көше, мектеп, жоғары оқу орындарының, кеңшар атауларының берілуіне қалай қарайсыз?

Салық Зиманов: Мұны енді қоғам, орта, халық шешулері керек. Пікір айту қиын, сұрағыңыздың түп-тамырын түсініп тұрмын. Сондықтан сөзді созбай-ақ қояйын, кейінгі ұрпақ шешетін шаруаға араласу қажет болмас...

Қоғабай Сәрсекеев: Қазіргі нарық заманы жайлы пікіріңіз?

Салық Зиманов: Нарыққа ешкім де қарық болдым демес. Нарыққа үйрену керек, игеру жөн. Қазаққа «кеңқолтықтық» әрдайым жараса бермейді, замана ығын білген жұрт қай тұста да жұтамайды.

Қоғабай Сәрсекеев: «Қазақтың ата заңдарының» V-томында 1885 жылы құрастырылған «Қарамола ережесі» берілгені. Осы Абай жазған заң ережесіне түсінік бере кетсеңіз?

Салық Зиманов: 1885 жылғы мамыр айында Семейден 70 шақырым жердегі Қарамолада сол кездегі патша ұлықтары қыр қазақтарының төтенше съезін өткізген. Бұл жәрмеңке басталған кез еді. Кейін ол «Қарамола съезі» атанды. Оған Семей, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан – бес дуанның болыс, билері, белгілі адамдары, көптеген қазақтар қатысқан. Әдетте, мұндай съездерде патша әкімшілік орындары бір дуан мен екінші дуан арасындағы жер дауы, жесір дауы, барымта, ұрлық сияқты мәселелерді шешетін. Сондай-ақ, елден алым-салық жинайды. Жәрмеңкеде, біріншіден, сауда-саттық мал мен зат айырбасы жүргізілсе, екіншіден, әкімшілік, саяси құқықтық мәселелер қаралатын орын болған. Қарамола съезіне жүзге тарта болыс пен билер, ел басқарушы ірі феодалдар қатысқан. Съезді басқарған Семейдің сол кездегі генерал-губернаторы Циклинский мен әрбір ояздың басшылары еді. Осы съезде басқа ояздың, әсіресе Өскемен, Зайсан дуанбасылары Тобықты еліндегі ақы дауларына Абайды күйдірмекші болады. Сол арам ниетпен қаулы жасасып баталасып, Абайды айдатпақшы болып жатқанда, съезге оның өзі барады. Жеке басының асқан білімділігі мен тапқырлығының арқасында Абай адалдығын айтып, генерал Циклинскийді сөзден ұтып, әлгі күтпеген тосын пәледен аман құтылады. Екінші жағынан араға бітімшілік айтып Абайдың досы Әлімхан кіріседі. Ол да тапқыр, өткір шешендігімен Абайға төніп келген мылқау күштің қара түнек бұлтын буша тарқатады. «Абайды сүріндіреміз, жасытамыз» деп келгендер мұратына жете алмай қалады. Керісінше, Абай бұл ұлы дүбір жиында кіріптар кісі болмай, сол съездің төбе биі болып сайланып, тәмам елді, жиылған жұртты ауызына қаратады. Сөйтіп, Абайдың қазақтың ескіні өзгерту туралы көптен ойлаған көкейкесті арманының бірі іске асқандай болады. Бұл заң сол кездегі ресми, кеңсе араб, парсы, ноғай тілдерімен жазылған, оны орысшадан аударған Айтбакин деген Қарқаралы дуанының тілмашы еді. Бұл заң сол жылы Семей губернаторының бұйрығымен Қазан қаласында басылып шығады.

Қоғабай Сәрсекеев: Көптомдықтың IV-томында «Жеті Жарғыға» байланысты біраз құнды материалдарға орын беріліпті. Ал, осы «Жеті Жарғы» хақында сіз не айтасыз?

Салық Зиманов: «Қазақтың ата заңдарының» IV-томы көлемді әрі сипатталуы жағынан әркелкі болып келеді. Атап айтқанда, сол томдағы үшінші бөлім «Жеті Жарғы» деп аталатын Тәуке хан заңдарына арналса, төртінші бөлімінде «Жарғы» атты қазақ құқығының негізгі қайнар көзінің бірі болып табылатын соттық прецедент маңызына ие болған белгілі билердің шешімдері сөз болады.

Осы заңдарға деген ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің және халық тарихын сүйіп оқитын оқушылардың қызығушылығын бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Олардың ішіндегі маңыздылары келесідей: Тәуке ханның билік құрған кезеңі (XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың алғашқы ширегі) Қазақ хандығы тарихындағы ең ауыр, өтпелі кезеңдердің бірі болып табылады. Тәуке ханның кезінде, оның саясатына сәйкес билер ақсүйектер арасында басты және анықтаушы әлеуметтік күшке ие болды. Сөйтіп, бүкілқазақтық билер кеңестері мен жиналыстары Тәуке ханның кезінде мемлекеттегі соғыс және бейбітшілік сияқты маңызды мәселелерді шешетін тұрақты органдарға айналды. Бұған дейінгі хандық тәжірибесіне қарағанда Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдары қазақтың үш жүзінің өкілдері түгел қатысқан жиында талқыланып, қабылданған заң актісі болып табылады және де ең соңғы айтарымыз, дәл осы Тәуке ханның кезеңі біздің заманымызға жақын дәуір деп есептейміз. Ол жөнінде аңыз-әңгімелер де, жазба деректер мен материалдар да көп.

Қоғабай Сәрсекеев: Сөз жоқ, бұл көптомдықтың қазақ қауымы үшін маңызы зор. Дегенмен, осы кешенді еңбектің мың данамен ғана жарыққа шыққаны аздық етеді емес пе?

Салық Зиманов: Өте орынды сұрақ. Өкінішке қарай, қаржының тапшылығына байланысты «Қазақтың ата заңдарының» көптомдығын бар болғаны 3 000 данамен жарыққа шығаруға тура келді. Оқырманға берері мол мұндай құнды еңбектерді кемінде 50 мың данамен шығару қажет. Өйткені, біз шығарған 3 000 дана барлық жұрттың сұранысын қанағаттандыра алмайтыны айтпаса да түсінікті.

Қоғабай Сәрсекеев: Қазақтың болашағы жайлы не айтар едіңіз?

Салық Зиманов: Болашаққа сену керек, қазақ – болашағы зор халық! Мен бұған сенімдімін! Мұндай ой маған, әсіресе, кешегі Тәуелсіздік алдындағы Желтоқсан оқиғасынан соң мықты қонақтап, көкірегіме ұялаған. Сырымды енді көп шаша бермейін...

Қоғабай Сәрсекеев: Салық аға, мағыналы әңгімеңізге алғыс білдіреміз!

Салық Зиманов: Рақмет, қарақтарым. Алла әрдайым аман қауышуға жазсын!..

P.S. Осы сәтте редакцияға газеттің және бір алқа мүшесі, белгілі фармацевт ғалым Кеңес Үшбаев келген еді. Әңгіме күнделікті ағымдағы арнаға ауысты, бұл кісілер кездесу барысында суретке түсті. Ең өкініштісі, сонда біз дәуір дарабозы, абыз ғалыммен ең соңғы сұхбат жүргізгенімізді сезбеппіз. Ғалым араға бірер ай салып, өмірден өтті. Жұбанатынымыз – әңгімелесіп қалғанымыз. Ол бізге қазір Зиманов оқыған дәріс сияқты болып көрінеді.

(Соңы. Басы 01, 07 беттерде)

Такир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің ректоры,
педагогика
ғылымдарының докторы:

“Біз еліміздің ертеңін тәрбиелеймiз”

жаңару жолында болуы қажет. Екіншіден, жаңашылдықты дәстүрмен ұштастыра білуіміз тиіс. Осылардың барлығын біріктіре отырып, өз миссиямызды жоғары дәрежеде атқара аламыз. Айталық, біздің университеттің негізгі мақсаты – «бала жанының бағбанын», яғни ұстаз дайындау. Осы жолда біз дәстүрді ұмыт қалдырмай, бұрынғы мен бүгінгіні біріктіре отырып әрекет ететін болсақ, мақсатымызға жеткеніміз болып саналады.

Бүгінгі таңда университеттің жеткен жетістіктері мен әлемдік деңгейдегі көрсеткіштері ауыз толтырып айтарлықтай. Мысалы, 2017 жылы 6,5 мың студент оқыса, биыл олардың саны 13,5 мыңға жетті. Бұл жай ғана екі есе өсу емес, университет білімінің сапасы артқандығын, соған сай сұраныстың жоғарылағандығын көрсетеді.

Екінші жағынан, жоғарыда айтқанымдай, біз ғылымға баса мән беріп, білімді көтерудеміз. 2017 жылы университетте ғылымға бөлінген қаржы 100 млн теңгеге жуық болса, қазір бұл көрсеткіш 350 млннан асып отыр. Қаржы жас ғалымдарды ынталандыруға да жұмсалуда, бұл да біздің үлкен жетістіктеріміздің бірі. Себебі, университет болған соң, бізге жастарға білім беру мен оларды тәрбиелеу ғана емес, үлкен ғылымды жасау міндеті де жүктеледі.

Университет бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейді. Оқу орнының 2025 жылға дейін жоспарланып отырған стратегиясы бар. Әр бағыт бойынша атқарылып жатқан шаруа қыруар. Әрине, біз мұнымен тоқтап қалмаймыз. Университет алдында жаңа белестерді бағындыру мақсаты тұр. Ол үшін үлкен істер атқарылуы тиіс.

«БОЛАШАҚ ҰСТАЗДАРЫМЫЗ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕНУІ КЕРЕК»

– Жоғарыда Өзіңіз атап өткендей, Санжар Асфендияров, Мәлік Ғабдуллин, Ораз Жандосов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Темірбек Жүргенов сынды қазақтың біртуар ұлдарының іздері бұл қара шаңырақта сайрап–ақ жатыр. Ал, сол ұлттың асыл ұлдарын университет қалай ұлықтап жүр?

– Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында жазғанындай, ұлы даланың тұлғаларын ұлықтау – біз үшін, тарих үшін керек болса, екінші жағынан ол біздің жастарды тәрбиелеу үшін таптырмас құралымыз. Сондықтан біздің негізгі жұмысымыз тұлғаларды жай ғана ұлықтау емес, оны жастар тәрбиесінде қолдану. Осы мақсатта біздің университетте «Ұлы дала тұлғалары» орталығы құрылды. Орталық жұмысы барысында бұрынғы немесе бүгінгі тарихи тұлғаларға, ұлт мақтаныштарына арналған танымдық кездесулер өткіземіз. Кездесуде тақырып етіп алынған тұлға турасында сөз қозғалып, олардың өнегелі өмір жолы әңгіме арқауы болады. «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» дегендей, мұндай кездесулерге негізге алынып отырған тұлғаның көзін көрген, қызметтес болған кісілерді шақырып, пікірін білуді де әдетке айналдырдық. Осылайша, біз ұлыларды ұлықтауды тәрбиемен ұштастырып отырамыз. Оның ішінде университет ректорлары, университеттен шыққан нар тұлғалы кісілер, университет түлектері, ұстаздары бар. Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразова, белгілі математик Әбдімәжит Өтеш сияқты тұлғалармен арнайы кездесулер өткізу арқылы оларды жас ұрпақ арасында насихаттап, үлгі етеміз. Өйткені, біздің болашақ ұстаздарымыз солар арқылы тәрбиеленуі керек.

«Ұлы дала тұлғалары» орталығында Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов, Халел Досмұхамедов, Мәлік Ғабдуллин, Асқар Закариндер жайында студенттерге арналған танымдық кештер ұйымдастырдық.

Сонымен қатар, «Ұлы дала тұлғалары» орталығы негізінде жастардың танымын кеңейтетін оқулық, кітаптар шығарудамыз. Себебі, біз тарихты тұлғалар арқылы беруіміз керек. Тарихтың бет-бейнесі – ондағы тұлғалар десек, тарихи тұлғаларды жастарға таныту өте маңызды. Сондықтан тарихты, тарихи оқиғаны тұлғалармен таныстыру – ұрпақ тәрбиелеуде ұтымды тәсіл болмақ.

2018 жылы университет басшылығында болған бес тұлғаға арнап «Өнегелі өмір» топтамасымен кітаптар шығардық. Бұл кітаптар Санжар Асфендияров, Ораз Жандосов, Мәлік Ғабдуллин, Халел Досмұхамедовтердің өнегелі өміріне арналды. Қазір «Ұлағат» топтамасымен біздің түлектер, педагогика жолында жүрген тұлғалардың өмірі туралы естеліктерді баспаға дайындаудамыз. Бұл атқарып жатқан істердің негізгі мақсаты – сол кісілердің өмір жолын, өнегелі ісін жастарға үлгі ету.

– Өкінішке қарай, жемқорлық білім ордаларын да айналып өтпейтіні рас. «Дипломды басып шығарумен» ғана айналысатын ЖОО–лар туралы жиі сын айтылып, мін тағылады. Ал, Сіздер жемқорлықпен қалай күресіп жатырсыздар?

– Шындығында, сұрағыңыз өте маңызды. Тәуелсіздік алғанға дейін елімізде тек мемлекеттік университеттер болған. Егемендікке қол жеткен жылдардан кейін жекеменшік жоғары оқу орындары пайда болды. Бұндай оқу орындарының көбінің мақсаты, өкінішке қарай, сапалы білімнен гөрі пайда табуды көздейтіндігі жасырын емес. Осы жерден келіп мәселе туындайды.

Аттестаттау комитетінде басшылық қызметте болған кезімде университеттерді тексеріп, 30-дан астам университет пен 60-тан астам филиалды бір жылдың ішінде жабуға тура келген жағдайлар кездесті. Сол себепті қазіргі кезде «дипломды басып шығаратын» немесе сапасы төмен университеттерді тәртіпке шақыру, оларды жоғары білім беру құқығынан айыру қажет нәрсе.

Рас, жемқорлық – біздің қоғамымыздағы күрмеуі қиын мәселелердің бірі. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та өз Жолдауларында мұны сөз етіп, мәселеге баса мән береді. Себебі, жемқорлық – бүгінгі қоғамның дерті. Оны уақытында емдеу қажет.

Бұл тұста бізге артылар жүк ауыр. Себебі, біз еліміздің ертеңін тәрбиелеп отырмыз. Бізде жемқорлық атымен болмауы керек және болашағымыздың иесі саналатын жастарда жемқорлыққа қарсы сана-сезім қалыптастыруымыз керек деп ойлаймын. Оларға сыбайластықтан сескенетіндей, жиренетіндей тәрбие беруге тиіспіз. Бұл тұста да университет ұжымы жоспарлы түрде жұмыс жасауда. Біріншіден, студенттерге жемқорлыққа қарсы арнайы сабақтар өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл бойынша бізде арнайы дәрістер өткізіледі. Сондай-ақ, қоғам дертінің дауасын табу үшін қолданатын біздің өзіндік жүйеміз бар. Ол – жемқорлыққа қарсы кеңес пен арнайы комиссия. Бұл орталықтар өз деңгейінде жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, сессия кезінде арнайы анонимді сауалнамалар жүргізіледі.

Өткен жылы «Парасат» орталығын құрдық. Басты мақсат – сыбайлас жемқорлықты жою. Бұл жерде барлық құжаттар мен арнайы әдістемелік нұсқаулықтар жасалады.

Атқарылған істер нәтижесін беруде. Университетіміз биылғы жылы жазда жемқорлыққа қарсы халықаралық стандарттың талаптарына толық сай деп сертификатталды. Бұл қазақстандық университеттер арасында тұңғыш рет орын алған жағдай. Біз үшін бұның өзі үлкен жетістік, жоғары көрсеткіш.

«Жемқорлыққа қарсы орталық құрдық, сабақтар жүргіздік» деп жатырмыз. Бірақ, құр үгітпен іс бітпейтіні анық. Тәрбиенің басқа да жағы бар. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде атқарылып жатқан істердің бірі – парасаттылықты дамыту. Ал, парасатты адамның қисық жолға түспейтіндігіне кәміл сенім білдіруге болады. Бұл да үлкен нәтиже беретін тәсіл. Сондықтан біз осы агенттікпен бірлесе отырып, «Ізгілік елшісі» еріктілер жобасын бастадық. Бұл жоба бүгінде республикалық бағыт алып отыр. Жобаны Сорбонна-Қазақстан институтының директоры, профессор Айнұр Сәбитова басқарады. Қазір біз сол арқылы ел жастарын парасаттылыққа, ізгілікке тәрбиелеп жатырмыз деп ауыз толтырып айта аламыз. Осылайша, біздегі жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты жүзеге асуда. Оған қосымша қазір әдеп жөнінде және жемқорлыққа байланысты түрлі тәуекелдерді жою туралы арнайы өкіл тағайындадық. Біздің өкіл өте тәжірибелі маман. Онымен жұмысты жалғастыра отырып, жақсы жетістіктерге жетеміз деп ойлаймыз.

Атқарылып жатқан істердің түпкі мақсаты – біздің қызметкерлеріміздің де, студенттеріміздің де сана-сезімінен жемқорлық түсінігін түбегейлі жою.

«ПРАЙМЕРИЗДЕГІ БІРАЗ ОЙЛАР МЕНІҢ УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ЖҰМЫСЫМА ДА ОҢ ӘСЕРІН ТИГІЗДІ»

– Қадірі биік қара шаңырақта университет есімін иеленген Ұлы Абайдың 175 жылдығын атап өту Сізге бұйырыпты. Осы елеулі мерейтойды қалай атап өттіңіздер?

– Биыл біз көптеген шараны жоспарлаған болатынбыз. Олардың ішінде барлығы болмаса да, көбісі іске асты. Мүмкіндігіне қарай онлайн форматта біршама шара өткіздік. Қалғандарын алдағы уақытта өткізу біздің жоспарымызда бар.

Шаралар барысында жастардың шығармашылығына көңіл бөлуді көздедік. Осы мақсатта Ұлы Абайдың 175 жылдығына арнап жас ақындар айтысын ұйымдастырдық. Біздің университетте «Менің пірім – Сүйінбай» тақырыбы аясында дәстүрлі жас ақындар айтысы жыл сайын өткізіледі. Биылғы айтыс Абайдың 175 жылдығына арналды.

Сонымен қатар, республикалық деңгейде дебаттық турнир өткіздік. Қазір «Абай әлемі» атты жоғары оқу орындары студенттерінің арасында республикалық жарыс өткізудеміз. Желтоқсан айының басында бұл сайыстың ақтық мәресін өткізу жоспарлануда.

Ғылыми, шығармашылық, танымдық бағытында кемінде 20-30 шара өткізілді. Бұл жердегі біздің басты мақсатымыз – Абай шығармашылығын көрсету, онымен кейінгі ұрпақты таныстыру.

Бір айта кететін мәселе, Абай – мәңгілік тұлға. Сондықтан оған бір жылды ғана арнап, жыл өткеннен кейін «Айттым сәлем, Қаламқас» деп «Қараңғы түнде тау қалғыптының» керін келтіруге болмайды. Осы мақсатта біздің университетте «Хакім Абай» орталығы жұмыс істейді. Сол орталықтың ғалымдары Абай мұраларын зерттеп, оны мектепке, жоғары оқу орындарына қалай енгіземіз деген сұрақ төңірегінде еңбек етуде. Университет бағдарламасына «Абайтану» пәнін енгізгенімізге де он жыл болды. Енді оны әрі қарай дамытсақ, жалғастырсақ деген ниетіміз бар. Мұндағы мақсат – Абайдың даналығын жастарды тәрбиелеуде қолдану. Мысалы, «толық адам» ілімі. Бұны біз қазіргі күні жастарды тәрбиелеуде негізгі жүйе ретінде қолдана отырып, осы арқылы тәрбиелеудің концепциясын жасаудамыз.

– Өткен айда «Nur Otan» партиясының праймеризіне қатыстыңыз. Сайлауда Медеу аудандық партия мүшелерінің 64 пайыз дауысына ие болдыңыз. Ал, праймеризге қандай мақсатта қатыстыңыз? Праймериз қорытындысы көңіліңізден шықты ма?

– «Nur Otan» партиясының ұйымдастыруымен өткен праймериз – жақсы бастама болды. Елбасының бұл бастамасы партияға жаңа серпін, жаңа идея, жаңа есімдер әкелді. Жаңа идея, тың жаңалық енгізсек, соларды пайдалана отырып, елімізді одан әрі өркендететін болсақ, мақсаттың орындалғаны ғой. Менің де мақсатым осы, қатысқан себебім де сол еді.

Мен жас емеспін, бірақ өмірлік тәжірибеме сүйендім. Өзіндік көзқарастарымды іске асыруды мақсат етіп, праймеризге қатысуға бел буған болатынмын. Нәтижесі менің көңілімнен шықты. Дауыс жинау барысында мені қолдағандардың үлесі 64 пайызды құрады. Демек, осынша адамның маған сенім артқанын көрсетеді. Бұл мен үшін бір жағынан – мәртебе, екінші жағынан – жауапкершілік.

Сол кездегі біраз ойлар қазірдің өзінде менің университеттегі жұмысыма әсер етіп жатыр. Маған кездесулердің бірінде «Университет кітапханасын мектеп оқушылары, жеке тұрғындар пайдалана алады ма?» деген сұрақ қойылған болатын. Осы сұрақ төңірегінде біз ақылдаса отырып, шешім шығардық. Бұдан былай біздің кітапханамыздың электронды оқулық қоры барлық мектептер үшін қолжетімді болмақ. Алдағы уақытта университет студенттерінен тыс тұлғаларға қолма-қол кітап алу құқығын беру туралы да қарастырудамыз. Сондай-ақ, бізге тиесілі М.Әуезов атындағы стадионды қала тұрғындарына белгілі бір уақыт аралығында қолжетімді ету мәселесі де күн тәртібінде тұр.

Медеу ауданындағы мектептермен, ардагерлер және басқа да ұйымдармен бізде байланыс орнатылған. Праймериз отырыстары барысында маған қойылған сұрақтардан жаңа идеяларды алып, оларды шешу, керек тұстарын қолданысқа енгізу жағын ойластырудамын. Сондықтан праймериз нәтижесі менің көңілімнен шықты, алдыға жаңа мәселелер қоя білді.

– Әлеуметтік желіде белсендісіз. Университетке қатысты дүниелерді жариялап отырасыз...

– Әлеуметтік желі – бүгінгі таңда өміріміздің үлкен бір бөлігіне айналды. Сондықтан оны назардан тыс қалдыруға болмайды. Әсіресе, пандемияның кезінде әлеуметтік желіні жиі пайдаланып, онда өз ойларымызбен бөлісіп отырдық. Шынымды айтсам, оған дейін менің әлеуметтік желідегі белсенділігім төмен болатын. Себебі, ол кезде студенттермен кездесіп, олармен ашық байланыс жасайтынбыз. Студенттердің мәселелерін тікелей біліп, өз ойымызды кездесу барысында білдіріп отыратынбыз. Қазір жағдайға қарай кездесулер де онлайн форматқа көшті. Дегенмен, мен өз ойымды үлкен аудиторияда бөліспек ниетпен әлеуметтік желілерді пайдалануға кірістім. Ол жерде, бір жақсысы, өз университетіміздің студенттерімен ғана байланыс орнатып қоймаймыз. Жариялаған жазбаларыма әр адам пікір білдіре алады. Соған сай менің де аудиториям кеңейе түседі. Көп адамның пікір білдіруі жұмысымызды белсенді жалғастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан әлеуметтік желіні біздің жұмысымыздың алға басуына септігін тигізетін мызғымас бөлігі санаймын. Бұл, меніңше, дәстүр мен жаңашылдықты жалғастыру. Бүгінгі күні әлеуметтік желілер бізді студенттермен де, барлығымен де жан-жақты байланыстырып отыр.

«АТА-ӘЖЕНІҢ ТӘРБИЕСІ АҚЫЛДАН ГӨРІ ЖҮРЕККЕ ҚАРАЙ ОЙЫСАДЫ ЕКЕН»

– «Әрбір мықты ердің артында ақылды әйел тұрады» дейді. Ол рас! Өйткені, отағасының алаңсыз өнімді еңбек етуіне бар жағдайды жасайтын отанасы екені даусыз. Отбасыңызға тоқталсаңыз...

– Америка президенті туралы ел арасында анекдот секілді бір әңгіме бар. Бір президент елді аралап, өзінің әйелінің туып-өскен қаласына ат басын тірейді. Қасындағы жұбайы бір мейрамхананы нұсқап, сонда тамақтануды ұсынады. Олар келіп жайғасқан соң, әлгі мейрамхананың егесі келіп, оның жұбайымен жылы амандасып, жақсы таныс екендігін білдірсе керек. Әлгі президент әйелінен «Бұл кісі кім?» деп сұрайды. Әйелі мейрамхана егесінің мектептегі досы екендігін, кезінде өзіне ынтық болғандығын айта бергенде, жанындағы жолдасы күліп «Сол кезде осыған тұрмысқа шыққанында, бүгінде президенттің емес, жай ғана мейрамхана иесінің әйелі болар едің» депті. Сонда ақылды әйел әзілмен ғана «Мен бәрібір президенттің әйелі болар едім, ал сіз жай ғана мейрамхана егесі болар едіңіз» деп жауап беріпті. Сол айтпақшы, қандай жағдай болса да, отбасым мені үнемі қолдап отырады. Егер олар мені қолдамаса, демеу көрсетпесе, ісімнің оңға басуы екіталай болар еді...

Жұбайым – Қуаныш Тұрпанова. Екеумізді тоғыстырған студенттік жылдар болды. Біз бірге оқыдық, яғни ол да математик. Содан бері, Аллаға шүкір, қатар келе жатқанымызға 40 жыл уақыт өтіпті. Кезінде университет қабырғасында өте белсенді студенттер қатарында болды. Өз мамандығы бойынша жұмыс та істеді. Кейін менің қызметімді қолдау мақсатында бала тәрбиесіне, үй шаруасына көңіл бөліп, өмірін осыған арнады.

Ұлым – Қайрат Балықбаев. Ол да физика-математика мектебін үздік бітірген. Одан кейін әл-Фараби университетінде білімін жалғады. Мемлекеттік компанияларда, мемлекеттік органдарда қызмет атқарды. Ақпарат министрлігінде вице-министр де болды. Қазір де қызмет бабында.

Қызым Гауһар да мектепті үздік бітірген. Англияда «Болашақ» бағдарламасымен білім алды. Қазір Халықаралық қаржы орталығында қызметте. Балаларым отбасылы. Олардан тараған төрт немерем бар. Төртеуі де алтындай қыздар.

– Ал, Сіз қандай атасыз?

– Жаман ата емеспін деп ойлаймын (күліп). Менің түсінігім бойынша, ата-анамен салыстырғанда ата-апалардың немереге деген көзқарасы басқаша болады екен. Ата-ана баласына интеллектуалдық тұрғыдан білім бергісі келеді, табысты болғанын қалайды. Керек болса спорт, өнер саласындағы түрлі үйірмелерге араластырғысы келеді. Әрине, бұл дұрыс та. Біз де балаларымызды солай тәрбиелегенбіз. Соның арқасында жақсы тұлға болып қалыптасады... Біз енді немерелерді ақылмен тәрбиелейміз деп айта алмаймын. Ата-әженің тәрбиесі ақылдан гөрі жүрекке қарай ойысып кетіп жатады. Адамгершілік, махаббат, ізгілік... Бұларды балаға ата-анасы да берері хақ. Бірақ, ата мен апаның басты міндеті – немересін жүрекпен ізгілікке тәрбиелеу болуы керек деп ойлаймын. Ұлы Абай «Ақыл мен қайрат жүрекке бағынуы керек» дейді ғой. Сол айтқандай, әкешешесінен ақыл мен қайрат алған бала өмірде табысты болады. Оған ата мен апаның беріп жатқан «жүрегі» қосылса, жүрегінде иманы бар, адамгершілігі жоғары, саналы ұрпақ өседі деп ойлаймын. Себебі, мейірім шуағына бөленіп өскен баланың жүрегі де мейірімге толы болары анық.

– Такир Оспанұлы, ашық әңгімеңізге алғыс айтамыз!

НҰРБЕК БӨГЕТІ

(ЕЛ ТАРИХЫНАН)

Сарыарқаның сайын даласының ортасында сонау Қостанайдан Арал теңізіне дейін созылып жатқан «Торғай қақпасы» атты ойпаң жердің оңтүстігін ала «Сарықопа» мемлекеттік қорығы деп аталатын көлдер жүйесі орналасқан. Ол көлдердің аралары қысқа өзен-өзекшелермен жалғасқан, араларында шағын қыраттар бар. Олар: Құлмұрат, Қоғылбай, Көпір, Салауат, Қойшыбай, Қазалы, Айтуар, Құмшық, Майқарау, Шуақбай... Бұл көлдердің іші толған сазан, шортан, алабұға, ақбалық, табан балықтары... Көктемде мұнда аққу-қаздан бастап шөже торғайға дейінгі құстардың барлығы келіп ұясын салып, азан-қазан болып, аймақты неше түрлі күйге бөлеп жатады. Қамыстары сондай мықты, «сүйкеніп сиыр жықпаған» (Н. Ахметбеков) малға қыстақ, елге отын әрі арзан жергілікті құрылыс материалы, жағалаулары құнарлы мал азығы болар шөптер. Мұнда жабайы шошқа, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян, күзен, зорман, андатыр, сарышұнақ, қосаяқ сияқты аңдардың түр-түрі мекендейді.

Таңатқан ДОСМАҒАНБЕТҰЛЫ,
профессор, техника ғылымдарының кандидаты

Сарықопаны атамзаманнан бері кіші Арғынның (ел ішінде «тоқал Арғын» дейді) Тәнбісопысының ұрпақтары Жылқыайдар, Өтей, Шымболат, Мадиярлар мекендейді.

XX ғасыр басында елде Кеңес үкіметі орнаған кезде Сарықопаның солтүстік-батыс беткейін мекендейтін Жылқыайдар ұрпақтары Солтандықтар «Төңкеріс», Мырзақұлдықтар «Құлақтал» болып екі колхозға біріктірілді. Халықтың қолындағы малдары сыпырып алынып, колхоз құрылды. Жекеменшік емес, колхоз малын бағып-күту, асырау елге оңай болмады. Қысы қатты бұл жерде малды қыстан аман алып шығу қиын шаруа. Ол үшін жазда мал азығын мол дайындап алып, қыста қорада ұстау керек. Аз ғана шабындықты жерден қысқы шөпті (бұл жер негізінен қыратты, жайылымдық жер) мол алу үшін жақсылап суландыру қажет. Сонда ғана шөп мол шығады.

Өткен жылы қыс қатты болып, мал басы көп шығындалып, «Төңкерістің» колхоз басқармасы мен ауыл кеңесінің төрағасын орындарынан алып, олардың орнына жаңа басқарма Құттыгелдин Кенжеахмет (Сейіттің әкесі), ауылдық кеңестің төрағасы болып Ыбыраев Нұрбек тағайындалған болатын. Жаңа бастықтар мал басын аман сақтау қамына кірісіп, Арғынбаев Қапыш, Құтыбаев Қали, Үкібаев Жәнділда, Шалғынбаев Мырзағали, Бәйменов Қоңқа сияқты ел ақсақалдарын жинап кеңес өткізді.

«Бізде негізі тек қырат жайылымдық жерлер көп, шабындық аз. Ал, шабындық жер көлемі тек мынау Тармақтан Қараталға дейінгі алқап қана. Осы жерді Теке өзенін бөгеп суландырсақ қана шөп өнімі молаяды. Қазір Текенің суы шабындыққа шықпай бірден қопаға кетіп жатыр. Үш тармақ болып Сарықопаға құятын Теке суының ең үлкен тармағы Күркіреуікті Қараталға құятын жерінен бөгеу керек. Одан әрі сонау Қаратал қыратына дейін тоған соғып, суды шабындықта ұстау керек. Сонда Қасқа қыратынан Қараталға дейінгі шабындық толық суландырылады. Ол шабындық шөбі өте құнарлы, малға жұғымды», – деді ақсақалдар.

Ақсақалдардың бұл ұсынысын басқарма Құттыгелдин Кенжеахмет жиналыс ашып, көпшіліктің назарына ұсынып, олардың бірауызды ұсынысымен қаулы қабылдап, ауыл кеңесінің төрағасы Ыбыраев Нұрбек арқылы ауданға жөнелтті. Ендігі мақсатты жұмыс ауданның келісімі мен көмегіне байланысты.

Аудан басшылары: «Бізден ешқандай көмек күтпеңдер, мал басын аман сақтау жолын өздерің шешіңдер. Біз одан қала берді сіздер үшін Теке өзенінің аяғынан Жол бөлімі бастығы Егізбаев Айсаның басшылығымен үш ағаш көпір салып бердік. Бұл сіздерге берілген үлкен көмек. Ал, мына бөгетті өз күштеріңізбен салыңыздар», – депті. Содан ауыл басқармасы мен ауылнайы өзара ақылдасып, шөп науқаны басталғанша бөгетті салып бітіру үшін бөгет салатын алты, тоған салатын төрт, барлығы он бригада құратын болып құлшына іске кірісті.

Бригадаларды басқаруға Қожықов Тұрмағанбет, Қаражігітов Ермағанбет, Тұрлыбеков Әміржан, Құтыбаев Дәуен, Нарынбаев Тайшыбай, Бөлекбаев Смағұл, Иманбаев Іңірбай, Нұржанов Баяділ, Жәутенов Қойбағар, Қарымсақов Сырмағанбет тағайындалды.

Бригадалар құрамы басшыларының таңдауымен әрқайсысы алты-сегіз адамнан құрылып, барлығына жалпы басшылыққа Бөлекбаев Қыпшақбай тағайындалып, бригада мүшелеріне еңбеккүн жазылатын болды. Осы келісім негізінде 1935 жылы сәуірдің орта кезінде су тасқыны қайтысымен бөгет салу ісіне кірісіп кетті. Елдегі іске жарайтын адамдардың барлығы жұмыла кірісті. Бастаманы қуаттаған елбасылары бөгет салушыларға «асарлатып» бір сиыр сойып, ыстық тамақ берілді.

Бөлекбаев Қыпшақбай ағамыздың керемет ұйымдастырушылық қабілеті арқасында ауыл еңбекшілерінің кәріжасына дейін жұмылып, бөгет, тоған жұмысын маусым айына дейін бітірді. Бөгеттің биіктігі – 10 метр, ұзындығы – жағалаудағы жолмен қосып есептегенде 120 метр, жалпақтығы – үстімен бір арба жүретіндей 8 метр. Бөгеттен белгіленген жобамен ұзындығы 6 шақырым Қаратал қыратына дейін тоған соғылып, шақырым сайын суағар қақпалар жасалды. Шабындықты бұлай суландыру ғылым тілінде «лиманды суландыру» деп аталады.

Сонымен келер жылы шабындыққа су мол түсіп, шөп бітік шығып, мал азығы молынан дайындалды. Мал қыстан аман шығып, төл көбейді. Ауылнай Ыбыраев Нұрбекке ел алғысы жаудырылып, еңбегінің өтеуіндей етіп бөгетті «Нұрбек бөгеті» атандырды. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа созылмай, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан 1942 жылы қыс қатты болды, қар қалың түсті. Көктемде Теке өзені қатты тасып, бөгетті бұзып кетті. Оны жөндейтін елде ешқандай мүмкіндік жоқ еді. Елдегі ерлердің барлығы соғыста. Елде тек кемпір-шал, бала-шаға, олардың да еңбекке жарамдыларының барлығы колхоз малында. Малдан өнетін ет, сүт, жүн, тері барлығы өңделіп, соғысқа жөнелтіліп жатты.

Соғыс біткеннен кейін 1948 жылы «Төңкеріс» колхозына ауыл кеңесінің басшысы болып Құтыгелдина Сәлима (Сейіт Кенжеахметовтың анасы) келгеннен кейін бөгет мәселесі қайта көтеріліп, аудан алдына шығарылды. Сөйтіп, 1950 жылы аудандық атқару комитетінің шешімімен бөгет салу үшін трактор, экскаватор, бульдозер, жүк машиналары бөлінді. Осы техникалардың күшімен «Нұрбек бөгетінен» төменірек жаңадан бөгет салынып, Қаратал қыратына дейін қайтадан тоған соғылды. Осының арқасында шабындыққа су мол түсіп, мал азығының мол қоры жиналды.

Нұрбек ағамыз ауылнай кезінде мал өсірумен ғана емес, халықты астықпен қамтамасыз етуді қоса жүргізудің де озық бастамашысы бола білді. Теке өзені бойына шығыр салдырып, тары ектірді. Шығырдың барлық элеменеттерін ұстаға қолдан жасаттырып, қазіргіше айтқанда, бас инженердің де міндетін атқарды. Әр жылы 8-10 шығырдың әрқайсысына 3 гектардан жер суартып, тарыдан мол өнім алып, алдымен елді тойындырып, мемлекетке де астық тапсыртып отырды. Шаруашылықты жаңжақты, сауатты ұйымдастыра білуінің арқасында халықты ең қиын жағдайдағы тығырықтан шығара алды.

«Төңкеріс» колхозының, қала берді ауданның экономикасы мен әлеуметтік жағдайына қиын-қыстау шақтарда қомақты үлес қосқан «Нұрбек бөгетінің» өзен жағалауларындағы жол болып қалған бөліктері сол ел тарихының өткен күндерінен ескерткіш сияқты. Бала кезімде көзіммен көріп, құмына аунап, суына шомылған сол кездерді сағынышпен еске аламын.

Бұл күнде Нұрбек ағамыздың Қазымбек, Әміғазы, Жауғашты ұлдарынан өрбіген 12 немересі өз алдарына отауларын тігіп, 9 шөбере өрбітіп отыр. Елге аяқ басқанда ат басын тірер үлкен шаңырақ иесі Жауғашты 10-15 жылдай «Сарықопа» мемлекеттік қорығында бас қорықшы болып зейнеткерлікке шықты. Қазір ауыл ардагерлерінің төрағасы. Осындай өркен жайған ұрпақпен Нұрбек ағамыздың елге сіңірген ерен еңбегі ақталды...

АЛЖИРДЕ АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР

НЕМЕСЕ 26-ШЫ НҮКТЕДЕГІ НӘУБЕТ

Ұлт тарихына қара таңба болып жазылған сталиндік репрессия жылдарының зардаптары туралы бұқара халық тек тәуелсіздік алған соң ғана тереңірек білді. Кейбір деректерде нәубет жылдарында Қазақстанда 100 мыңнан астам адамның қуғын-сүргін көріп, 25 мыңнан астамы атылғаны айтылады. Ең сорақысы, жазықсыз жазаланған боздақтардың әйелдері, аналары, тіпті балалары ер азаматтардың ізінен тар қапастарда, балалар үйлерінде азап шекті.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
журналист

Тәуелсіз Қазақстанның орталығы – Нұр-Сұлтан қаласының іргесінде сол жылдардың өшпес белгісіндей болған саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені орналасқан. 2007 жылы Елбасының бастамасымен ашылған.

Сталин қайтыс болғанша, яғни 1953 жылы жабылғанға дейін АЛЖИР-де 20 мыңдай тұтқын әйелдер отырған көрінеді. Олардың біразы ақиқатқа жете алмастан лагерьде жан тәсілім еткен. Күллі Кеңес Одағы республикаларындағы жазықсыз сотталған өз заманының озық ойлы белгілі азаматтарының әйелдері осы АЛЖИР түрмесінде отырды. Көптеген құжаттарда бұл жерді «26-шы нүкте» деп те атайды.

Ақмола лагерінде Тұрар Рысқұловтың әйелі Әзиза, Сәкен Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам, Бейімбет Майлиннің әйелі Күнжамал, Темірбек Жүргеновтің әйелі Дәмеш, Нығмет Нұрмақовтың әйелі Зүпнүн, тағы да басқа атағы Одаққа танымал әйгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің жарлары жасамаған қылмыстары үшін «жазасын» өтеген. Жоғарыдағы тізімді соза берсек, жүздеген есімдерді тізуге болады. Дегенмен, біздің мақсатымыз – олардың естеліктерінен сыр тарқата отырып, бастарына қандай нәубет түссе де, адал жарларына деген сенімі мен сезімі өшпегенін көрсету.

«Халық жауының әйелі» деп танылған әрбір әйелге 3 пен 8 жылдың арасында мерзім кесілген. Ақтаңдақтар ақиқаты арада 50-55 жыл өткен соң ашық айтыла бастаған тұста жазушы, журналист Армиял Тасымбеков АЛЖИР азабын тартқан аналардың бірқатарын тауып алып, олармен сұхбат құрған. Кейін аналардың аузымен айтылған естеліктер «Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы» деген атпен кітап болып жарық көрді. Осы мақалаға аталған кітапта айтылған сырлар өзек болды.

Күләндәм Қожанова жан жары Сұлтанбекті ұстап әкеткенде жанұшырып балаларын туған-туыстарға тарата бастады. Өйткені, заманның беталысы сұмдық еді. Айтқандай екі айдан соң өзін де тұтқынға алды да, 8 жылға соттап жіберді. Он тоғыз жасынан қосылған аяулы адамының жау екеніне сенбеді. АЛЖИР-де мал соңында жүріп:

Ақмола, Қарағанды арасында,
Қой бағам Батық, Жарық арасында.
Сақтаймын оң көзімдей баққан қойды
Ешбір ой қойдан басқа болмай қойды.
Алыста жылай-жылай бала қалды,
Жүрген жер Ақмола мен Қарағанды.
Қайран ел сені көрер күн бар ма екен,

Мұңымды алыс-жақын тыңдар ма екен, – деп өзі шығарған өлеңді әуенге қосып айтады екен. Бірақ, таскерең заман ол уақытта ешкімнің зарына құлақ асқан жоқ.

Дәмеш Ермекова-Жүргенова Темірбекпен қоштаса алмағанына өмір бақи өкініп өтіпті. Алас-қапаста тұтқындалған Темкең жарына бірдеңе айтқысы келгендей жан-жағына аңдап кете барған. «Не айтқысы келді екен? Кейінгі ұрпақтарға жеткізер аманатын тыңдай алмай қалдым-ау» деген ой оған маза таптырмаған.

Өзі де айдауда жүріп Темірбектің жау еместігін дәлелдеу үшін ұзақ ізденді. Мамандығы дәрігер Дәмеш лагерьдегі әйелдерге медициналық көмек көрсетті. Соғыс басталған кезде өз еркімен майданға сұранды. Бірақ, оны солтүстік аудандарға жіберді. Атышулы XX съезден кейін елге оралып, қызметін жалғастырды.

Нығмет Сырғабековтің жары Бибіжамал да өзіне тықыр таянғанын сезгенде балаларын Қызылжарға аттандырды. Талайына жазылған сегіз жылды арқалап АЛЖИР-ге түсті. Мал бақты, қамыс орып, ши тоқыды. Бибіжамал өз естелігінде қолынан іс келетін шебер әйелдердің бірігіп шиден Сталиннің суретін тоқығанын жазады. Сондағысы отбасы, ошақ қасына қайтаруға жәрдемі тие ме деген ой. «Көз алдымызда қаншама өліктерді алып кетіп жататын. Қамалған әйелдердің нақты саны жасырын ұсталатын» делінген онда.

Сол жылдары Қазкрайкомның баспасөз жөніндегі меңгерушісі, «Лениншіл жас» газетінің редакторы болған Зарап Темірбековтің әйелі Сақыпжамал мен балалары Алма мен Жаңарттың тағдыры аяқ астынан шырғалаңға түсті. Әкешешесі тұтқындалған балаларды «халық жауының» балалары тәрбиеленетін балалар үйіне өткізеді. Балаларынан айырған сәттегі ботасынан адасқан бозінгендей зарлаған ананың зарын кім түсінді дейсіз ол кезде?!

Лагерьден босаған соң паспортында «3», яғни «Совет мемлекетінің қауіпті элементі» деген қара таңбасы бар Сақыпжамал Алматыға келуге рұқсат жоқ болса да, балаларын іздеді. Алматы консерваториясында оқып жатқан Алмасын тауып алған соң ұлы Жаңартқа іздеу салды. Сайрамда балалар үйінде бір-екі жыл болған бала ондағы адам төзгісіз жағдайға шыдамай өзі құралпылас баламен қашып кетеді. Қарындары ашып, азып-тозған жетімектерді ақсақал кісі кезіктіріп ауылға апарады.



■ **«Күрес пен үміт» композициясы.** Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені. Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы

Екі баланы екі отбасы асырап алып, Жаңартты Шотбай деген кісі бауырына басады да, тегін өз атына жаздырады. Сақыпжамал перзентімен арада бірнеше жыл өткен соң барып табысқан.

Кремльде аудармашы болып істеген Рахымжан Шомановтың әйелі Әсмә жарын жұмыс орнында тұтқындаған соң кішкентай сәбиін бауырына қысып Алматыға тартып кетеді. Алайда, НКВД-дан қайда қашса да құтылмайтын еді. Ол кісі қанша суыртпақтағанмен АЛЖИР азабы туралы ол күндерді есіне алғысы келмегендіктен шешіліп ештеңе айтпапты. Алматыға келуге қорқып, Ташкентті сағалаған нәубет жылдар, ұзақ жылдар ізінен қалмаған «халық жауының әйелі» деген қоңырау кейуананы әбден шаршатқан сыңайлы. Тек «бұл ойын енді қайтып ойналмауы керек» дей беріпті.

Өз заманында қазақтан шыққан қайраткерлердің бірегейі Нығмет Нұрмақовты да Мәскеудегі жұмыс орнынан тұтқынға алады. Зүпнүн алдымен Мәскеудің Бутырка түрмесінде, кейін Мәскеу маңындағы бір түрмеде отырды. Сосын Карелиядағы лагерьге этаппен алып кетіп, ақыры осында алып келеді. Тамара атты қызы балалар үйінде қайтыс болған ол Ноян есімді баласын – Нығметтен қалған жалғыз тұяқты сақтап қалуға күш салды. Нояннның білім алуына, өсуіне көпке дейін «халық жауының баласы» деген жала мүмкіндік бермеген.

Бейімбет Майлин атылған соң ілешала Күнжамал тұтқындалғанда олардың іздеріндегі ұлардай шулаған бес тірі жетімнің тағдырын НКВД шешіп қойған еді. Балалар үйінің бірінен екіншісіне ауысып жүріп, еті тірілігі арқасында анасымен табысқан Ғалия Майлинаның естелігі адамның жанын тебірентеді. Ғалиядан басқа төрт бала Семей балалар үйінде болғандықтан Күнжамал араға бірер жыл салып, Қарағандыдан Семей ет комбинатына мал айдауға сұранады. Арып-ашып жетсе балаларының бәрін жан-жаққа таратып жіберген. Семейден келгенде Күнжамалдың қу сүйегі ғана қалған, сүзектен тұрғандай жүдеу еді. Қайсар әйел іштегі қасіретін сыртқа шығармады, тағдырына қарсы тұрды.

Қарағандыға барған Ғалия пәтер жалдап анасын қолына алады. Өйткені, ол кісіге Алматыға қайтуға рұқсат жоқ. Жалдамалы пәтеріне алғаш рет от жаққанда Күнжамал «Бейімбет-ау, Бейімбет біздің үйдің де түтіні шығатын күн бар екен-ау» деп жылапты жарықтық.

Кисловодскідегі демалыс орнында жатқан Тұрар Рысқұлов аяқ астынан суыт келгендермен еріп бара жатқанда аяғы ауыр Әзизаға өзінің ақ екенін, оны партия мен халық білетінін айтты. Әзиза Мәскеуге келгенде өз анасы Әрипаны түрмеге, қызы Сәулені балалар үйіне әкеткен еді. Көп ұзатпай өзін де әйгілі Бутыркаға қамады. Рида сол жерде дүниеге келді. Кейіннен АЛЖИР-ге әкелінген Әзиза емізулі баласымен, анасымен бірге небір ақыретті күндерді бастан өткерді. Рида 3 жасқа толғанда анасын қан қақсатып, қызды балалар үйіне алып кетеді. Кейін ақталған соң Әзиза балаларын әр жердегі жетімдер үйлерінен жинайды.

Жазықсыз жазаланған аналардың естеліктерін түгелімен шолып шығу арқылы бір нәрсеге көз жеткізуге болады. Олар өз жарларына жабылған жаланы ешқашан мойындамаған. АЛЖИР-дегі ауыр жұмыстарды атқарып, тауқыметті тартып, елдің бәрі «халық жауының әйелі» екенін бетіне басқанда да азаматтарының «жау» екеніне сенбеген.

Естеліктерінде ең алдымен аяулы азаматтарының өмірі мен қызметі туралы айтып барып, өздерінің ауыр тағдыры туралы тақырыпқа ойысады. Бір таңғаларлығы, түрме тіршілігі туралы шешіліп айтқанды ешқайсысы қош көрмейді. Күйеулерінің аты жарыққа шығып, ақталғанына шүкіршіліктері басым. Олар көз жастарын сол нәубет кезеңде тауысып алған. Қайтып жыламасқа, ешкімнің алдында боркеміктігін, жаны нәзік әйел екенін көрсетпеске бекінгендей.

Оларды қасіретті де қатал тағдыр біріктірді. Олардың арманы АЛЖИР тозағынан құтылып, перзенттерін бауырына қысу болды. Түрме азабына шыдай алмай ес-ақылдан адасқан, денсаулығынан айырылып, қатал талапқа қарсылық білдіріп өлім құшқан нәзік жандылардың қанша екенін кім білсін? Олар XX съезден кейінгі жарық күнді, ақтаңдақ кезеңді көре алмады.

Кесілген 8 жыл мерзімді өтеп шыққан әйелдерге Алматының есігі жабық болды. Күйеулері тірі кезде дастарқанынан дәм татқан талайлардың бұларды көргенде теріс айналғанын қалай ұмытсын? Бір шүкіршілік етерлігі, олар өмірдің көбі кетіп, азы қалған уақытта арыстарының ақталғаны туралы білді.

Қазақ әйелінің бойындағы күш-қайраттың тасқынына ашаршылық та, сталиндік репрессия да, соғыс та төтеп бере алмады. Олар өз биігінде қалды, намысын таптатпады, азаматының атына кір жұқтырмады. Қайран, біздің аналар-ай!..

Қытайдағы қазақ әдебиеті мен ғылымының көрнекті өкілі, жазушы, тарихшы, этнограф, саха баспагер, аға редактор Зейнолла Мүбәрақұлы Сәнік 1935 жылдың 15 сәуірінде Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ автономиялық облысындағы Тарбағатай уәләятына қарасты Шағантоғай ауданының Барлық тауында дүниеге келген. 9 жасында жаңаша мектепке барған ол 1953 жылы сондағы 8 жылдық мектепті аяқ-тап, бірден Шағантоғай ауданының 2-3 коммунасына (аудан) жастар одағының кадры болып қызметке тұрады. Осында екі-үш жыл негізгі саты ұйымының қызмет тәжірибесінен өткен жас жігітті жергілікті орын жас кадрларды тәрбиелеу мақсатында 1956 жылы Бейжіңдегі Қытай коммунистік жастар одағының орталық мектебіне оқуға жібереді. Мектептегі гуманитарлық пәндерді жақсы оқып, философияға да қатты ден қояды. Қытай тілінің өткелінен өтуге мықтап кіріседі. Айналасы екі жылда түрлі тақырыптағы материалдарды қытай тілінен қазақ тіліне еркін аударма жасайтын дәрежеге жетеді.

Қазақтанушы

(ЖАЗУШЫ, ЭТНОГРАФ, ТАРИХШЫ ЗЕЙНОЛЛА СӘНІКТІҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ)

Гүлдана ҮЗЕНБАЕВА,
Қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі



1958 жылдың маусымында Орталық одақ мектебін қызыл дипломмен аяқтаған Зейнолла Мүбәрақұлы Шыңжаң ұйғыр автономиялы аймағының (ШҰАР) халық өкіметіне бөлінген қызметіне бармай, сол кезде құрылғанына көп болмаған Қытай коммунистік жастар одағының ШҰАР комитетіне қарасты Шыңжаң жастар баспасына қызметке келеді. Содан не керек Зейнолла ағаның қырық жылға, бір сөзбен айтқанда, жарты ғасырлық баспагерлік өмірінің алғашқы қадамы осы жерден басталады. Бұл кезде баспаның құрылғанына небары екі-үш жыл ғана болған. Нариман Жабақытайұлы, Тәліпбай Қабаев, Тұрсынғали Құрман, Тоқтасын Сыпаев, Балтабай Қазыкендер секілді бес-алты ғана қызметкері бар баспаның іргесін бекемдеп, негізін қалау бақыты Зейнолла Мүбәрақұлының маңдайына да жазылыпты.

Баспаға алғаш келгенде шағындау кітаптарды аударса, бірте-бірте баспаның жоғары жұмыстарының авторы ретінде көзге түсе бастады. Кейінірек, 1960-шы жылдардың ортасында қазақ редакциясы басшысының орынбасарына дейін көтеріліп, баспагер ретінде қалыптасты. Шығармалары сол 1950-ші жылдардың ортасынан бастап мерзімді басылым беттерінде жариялана бастаған қаламгердің тұңғыш туындысы – «Астана мінбесінен алған әсер» деп аталатын көркем очеркі 1955 жылы Шағантоғайда жазылып, сол жылы Құлжадан шығатын апталық басылым «Іле газетінің» 16 қарашадағы нөмірінде жарияланыпты. Алғашқы кездері түрлі мазмұндағы материалдардан тәржіма жасаумен бірге балаларға арналған шағын әңгімелерге қалам тербепті. Онда да қазақ баласына өнер, білім шашатын ағартушылық сипатындағы ғылыми әңгімелер жазыпты. Әрине, бұл бағыттағы туындылардың өз кезінде Шыңжаң қазақтары балалары арасында ғылым жалпыластыру рөлін атқарғаны анық.

Қазақ этнографиясы мен тарихына, фольклорына қатысты әдеби мұраларды ұқыптылықпен зер сала отырып жинау, реттеу, зерттеуді осы кезден бастап мықтап қолға алған Зейнолла ағаның ұлттық асыл рухани мұраларды «Төрт көнеге» жатқызған Қытайда он жылға созылған мәдениет революциясының (1966-1976) ел ішіндегі көнекөз қариялардан қаншама мол рухани мұраларды жазып алып, кейін заман оңалып, ел азат болғанда рухани айналымға енгізуі неге тұрады?!

1978 жылы «халық жауы» аталып, Бұратала облысының Жын ауданында «Еңбекпен өзгертуде» болғанда да еш мойымапты. Зейнолла аға үндемей жүріп, қолынан қағаз-қаламын түсірмей, бірталай дүниенің басын қайырып, кейін 1980-ші жылдардың басында жазушы Оразбек Қанапин екеуі құрастырып баспадан шығарған «Қазақ ертегілері» (4 кітап), «Қазақ балалар ертегілері», «Қабанбай батыр», «Қаракерей Қабанбай», «Қазақ емшілігі мен дәрігерлігі» (алғысөзін жазып, баспаға дайындаған) сынды кітаптар сол еңбегінің нәтижесі болатын.

1978 жылы толық ақталып, қызметі қалпына келген соң Шыңжаң халық баспасының қазақ редакциясына қызметке келді де, осында 1992 жылға дейін балалар әдебиеті редакциясын басқарды.

1980 жылы редактор, 1982 жылы тете аға редактор, 1986 жылы аға редактор болды. 1992 жылы бұрынғы қызмет орны Шынжаң жастар өлеңдер баспасына алмасып келіп, онда 1999 жылы зейнеткерлікке шыққанда аға редактор болып еңбек етті. Ол кісі жарты ғасырға жуық баспагерлік қызметінде әдеби-ғылыми, саяси публицистикалық мазмұндағы жүздеген кітапты аударды, редакциялады, құрастырып баспадан шығарды. Әрі сол жүздеген кітаптың рецензиясын жазды. Осынау еңбек ұлттық руханияттың көкейіне қызмет етті. «Еңбектің де жанбағы бар» демекші, сол бейнетті еңбек кейін Зейнолла ағаны зейнетке жеткізді. Бәрін санамалап емес, бірекеуін ғана айтайық. 1983 жылы балалар кітабын шығарудағы ұзақ жылғы еңбегі үшін бүкіл Қытай және ШҰАР бойынша «Үздік балалар қызметкері» атанса, 1990 жылы тағы да сол бүкіл Қытай және ШҰАР бойынша «Балалар кітабының таңдаулы редакторы» болып бағаланды. Тағы сол жылы ШҰАР-ға сіңірген еңбегі үшін «Таңдаулы ғылым техника қызметкері» атанып, үкіметтің таңдаулы мамандарға берілетін өмірлік стипендиясына ие болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін біраз жыл өмірін атажұртта өткізіп, шығармашылық жұмысын жалғастырған Зейнолла Мүбәрақұлы 2013 жылдың 24 қыркүйегінде Алматыда дүние салды.

Баспагерлік жұмыстың бас алдырмас қарбаластығы мен қиындығының дәмін тата жүріп, Зейнолла аға өзінің шығармашылығын екі бірдей салаға – көркем проза мен қазақ халқының халықтық мұраларын жинауға, зерттеу жұмыстарына арнады. Көркем прозаға қалам тартқан жазушының қаламынан балаларға арналған ғылыми әңгімелер, новеллалар, хикаяттар жинағы («Табиғат тәлімі», «Тау жұлдызы»), романдары («Сергелдең», «Баспай»), тарихи кітаптары («Қабанбай батыр», «Қаракерей Қабанбай», «Хан батыр Қабанбай», «Сүлеймен би», «Қайрақбай», «Демежан», «Тұғырлы хан»), ғылыми еңбектері, оқу құралдары («Атаның алтын іздері», «Дала жібек жолы», «Батыс Қытайдағы қазақ тарихына қатысты мәдени мұрағаттар», «Ежелгі қытай жазбаларындағы түркі (қазақ) қаламгерлері», «Дала мәдениеті – Еуразия мәдениетінің алтын тұғыры», «Қазақтың тұрмыс-салт білімдері» (оқу құрал), «Қазақ этнографиясы» (монография), деректі әдебиеттері («Баспай туралы әңгіме жырлар») туды.

Жазушының 1996 жылы Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан «Баспай» романы, 1998 жылы Үрімжідегі Шынжаң жастар баспасынан «Сергелдең» романы жарияланды. Екеуі де тарихи тақырыпта жазылған. Шығыс Түркістан (Шыңжаң) қазақтарының арасынан шыққан аса көрнекті қайраткер, даңқы бүкіл Қытайға белгілі жомарт (меценат) Баспай Шолақұлы жөніндегі романда алағай да бұлағай замана тарихы өзек болған. Автор Баспай Шолақұлының өмірін, ол өмір сүрген дәуірді терең зерттегендіктен де бас кейіпкер өмір сүрген дәуірдің тарихи оқиғалары да өте нанымды бейнеленген. Кейін бұл тақырыпты жазушы «Баспай туралы әңгіме жырлар» деген деректі шығармасында тарихи деректермен архив документтерін жан-жақты келтіру арқылы көзі тірісінде-ақ аңызға айналған тағдырлы тұлғаның болмысын жан-жақты аша түседі. Исі қазақ оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген бұл роман Алматыдағы «Санат» баспасынан қайталай жарық көрген болатын. Ал, соңғы шығарма – «Сергелдең» романында қазақ халқының тағдыр-тәлкегі, сан өліп, сан тірілген алмағайып өмірі арқау етілген. Шығармада атақты батыр қолбасы Қабанбай Қожақұлұлының інісі Тұматай ұрпақтарының Арқадан Тарбағатайға, Тарбағатай арқылы өр Алтайға, өр Алтайдан Гималай асып, Үнді мұхиты арқылы Қара теңізге дейін сергелдең күй кешіп, тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін барып ата қонысы туған жерге ат басын тірегені әңгімеленеді. Шығарма тарихи жағынан да, бүгінгі ұрпаққа отансүйгіштік, патриоттық сезімдерге тәрбиелеуде тәрбиелік жағынан да құнды туынды екені анық.

Жазушы шығармашылығында арнайы тақырып ретінде алынып, көп жылдар бойы зерттеген тақырыбы – атақты халық батыры Құлбасы Қабанбай (Ерасыл) Қожақұлұлының өмірі болды.

Арғы-бергі қазақта Қабанбай Қожақұлұлы туралы тұңғыш қалам тартқан қаламгер ретінде Зейнолла аға «Қабанбай батыр» (Шыңжаң халық баспасы, 1986 жыл, Үрімжі), «Қаракерей Қабанбай» («Жазушы» баспасы, 1991 жыл, Алматы), «Хан батыр Қабанбай» (Ұлттар баспасы, 2000 жыл, «Қазақпарат», 2005 жыл) деген эссе жанрындағы кітаптарын жазды. Қаламгердің бұл еңбектерінде XV-XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғар шапқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресін ұйымдастырушылардың бірі – қолбасы Қабанбай (Ерасыл) Қожағұлұлы жайлы түрлі аңыз-әңгімелер, жырдастандар сөз болады. Автор ел бастаған атақты адамдар аузымен от көсеген шешендер, ақындар туралы қозғап, жаңа тарихи деректер бойынша ғылыми тұжырымдар жасайды.

Тарихи жылдарды зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы Болатхан Әбілқасымов тарихи жырларды зерттеудің үш қайнар көзінің бірі – аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, енді бірі – шежірелер, тағы бірі тарихи құжаттар деп атап көрсеткен.

Ғалымның ғылыми негізде тұжырымдаған осы қағидалары біз сөз етіп отырған Зейнолла Сәніктің Қабанбай туралы зерттеулерінде қаншалықты дәрежеде сақталғанына көңіл аударған белгілі ғалым Гүлжаһан Орда мына фактілерді алға тартады: «Біріншіден, жазушы Қабанбай батырдың өмір жолын сөз ету үшін көпшілікке белгілі атадан балаға ауызша жеткен аңыз-әңгімелердің, өлең-толғаулардың, тарихи жырлардың қатарын жаңа аңыз-әңгімелермен толықтырған. Екіншіден, жазушы шежірелік қыры ашыла, толыға түскен. Үшіншіден, тарихи құжаттар тиімді пайдаланылған. Төртіншіден, Қабанбай батырдың өмірін толықтыра түсуде жер-су атаулары (топонимика) үлкен қызмет атқарып тұр. Бесіншіден, Қабанбай батыр ұрпақтарының естелік-әсселерін тиімді пайдаланғандығын баса айтқанымыз жөн. Алтыншыдан, ғылым мәдениетінің сақталуы қолымыздағы еңбектің осындай жетістіктерін санамалай отырып, бұл тақырыптық ғұмырына аздық еткен жазушының Қаракерей Қабанбайдың тікелей ұрпағы екендігін жадымызда ұстағанымыз жөн. Автордың ата-бабалар рухын қайта тірілтуі, бүгінгі егемен елдің қол жеткізген жетістігі ретінде саналмақ. Тыңнан түрен салып тың тақырыпты зерттеуге күш-жігерін арнаған Зейнолла Мүбәрақұлы Қабанбайтанудың негізін қалады».

Қаламгердің зерттеген тарихи тақырыптарының бір парасы – Қабанбай әулетінен таралған Сүлеймен би (Әділбекұлы) мен Қайрақбай Шалекенұлына қатысты «Сүлеймен би» тарихи-эссе кітабы 2011 жылы Алматыда басылған. Бұл шығарма XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген атақты Төбе би – Қабанбайдың төртінші ұрпағы Сүлеймен Әділбекұлының өмірін, яғни тарихи тұлғаның арғы тегін, ата-бабаларын, сол замандағы қазақ халқының басынан өткерген алмағайып тағдырын, әсіресе қазақ халқын екіге бөліп билегісі келген Ресей мен Қытайдың халқымыздың басына төндірген азапты қасіретін көрсетеді. Мұнда ел бастаған көсемдер мен шешендердің ерлігі, парасаты мен пайымы өз дәуірінің жыр-аңыздарымен көркем кестеленеді.

Қаламгер «Қайрақбай» деген кітабын 2002 жылы жарыққа шығарды. Мұнда да Қабанбай әулетінің XIX-XX ғасырдағы жорық жолдары және осынау алмағайып кезеңде өмір сүрген дауылпаз күйші Қайрақбай Шалекенұлының өмірі маңызды тарихи құжаттар негізінде жан-жақтылы жазылады.

Тарихи тақырыптарда жиі жазатын ғалым-жазушыны Батыс пен Шығысты тұтастырған «Дала жібек жолы» деп аталатын монографиясы алғаш республикалық «Жалын» (2004 жыл, №1-2) журналында жарияланған.

«Батыс Қытайдағы қазақ тарихына қатысты мұрағаттар», «Ежелгі қытай жазбаларындағы түркі (қазақ) қаламгерлері», «Дала мәдениеті – Еуразия мәдениетінің алтын тобы» сынды мақалалары Қазақстан оқырмандары үшін ғылыми және деректі құны бар дүниелер есептеледі. Бұл құнды материалдар біздің арғы ата-бабаларымыздың тарихи ізін танып білуімізге зор пайдасын тигізеді.

Ендігі сөзімізді жазушының көп жылғы еңбегінің нәтижесі, үлкен ғылыми еңбегі – жас этнограф, мәдениеттанушы Жанат Зейноллақызымен бірге жазған «Қазақ этнографиясына» арнасақ. Кітап осыдан бірнеше жыл бұрын Бейжіңдегі Ұлттар баспасынан жарық көрді. Біздің білуімізше, Зейнолла аға өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдарынан қазақ этнографиясына, мәдениетіне қатысты материалдарды жинай бастапты да, «Қазақтың ұлттық ойындары», «Алтай мифтері», «Наурыз мерекесінің келіп шығуы мен қалыптасуы», «Қазақ емшілігі мен тектамырлары» сынды мақалаларын сол өткен ғасырдың сексенінші жылдарында жариялай бастаған екен.

Студенттерге арнап «Қазақтың тұрмыс-салт білімдері» деген оқулық та жазыпты. Демек, бұған автордың «Қазақ этнографиясын» жазуға үлкен дайындықпен барғаны байқалады. Кітаптың аннотациясында жазылғандай, аталған еңбек үш бөлімнен, он сегіз тараудан тұрады. Қазақтың көрнекті ақыны, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалиннің «Халықтың асыл көмбесі» деген алғысөзімен ашылыпты.

«Этнография жөнінде жалпы түсінік» деп аталатын бірінші бөлімінде автор этнография ғылымына жалпы түсінік береді. Кітаптың екінші бөлімі – «Заттық этнографияға түсінік» деп аталыпты. Бұл бөлім сегіз тараудан тұрады. Бірінші тарауда қазақ этнографиясы туралы мәлімет берілсе, екінші тарау қазақтың тұрғын үй мәдениетіне арналыпты. Үшінші, төртінші тарауда қазақтың ауыл шаруашылығын, орманшылық пен баубақша шаруашылығын, тау-кен және қол өнер шаруашылығын, қазақтың сауда кәсібін, жол қатынас тасымалын таныстырумен бірге, қазақтың ұлттық өлшем-бірліктеріне де тоқталыпты.

Бесінші тарау қазақтың ұлттық киім мәдениетіне арналса, алтыншы тарауда қазақтың ұлттық қолөнерін, ал жетінші тарауда қазақтың ұлттық тағам мәдениетін арнайы сөз етіпті.

Сегізінші тарау қазақтың ұлттық ойындарына арналыпты. Онда қазақтың ұлттық ойындарына шолу жасап, түсінік берумен бірге, қазақтың көңілашу ойындарына, спорт ойындарына, балалар ойындарына жеке-жеке шолулар жасай отырып, сипаттамалар беріпті.

Кітаптың үшінші бөлімін «Ұлттық рухани этнографияға» арнапты. Бұл бөлім сегіз тараудан тұрады. Бірінші тарауда қазақ қоғамының құрылымын құрайтын қазақтың рулық, туыстық, отбасылық жүйесі және қазақтың есім қою дәстүріне тоқталса, екінші тарауда қазақтың ежелгі наным-сенімдеріне, арғы тегіне, оның қазақтарға жасаған ықпалына, қазақ бақсылары мен қазақ әдебиетіндегі бақсылық сарынға, қазақтың исламдық нанымға сенуіне, ислам мәдениетінің қазаққа жасаған ықпалына тоқтала келіп, тараудың соңында киелі сандар және түс туралы түсінік берілген.

«Қазақтың халықтық ғылымы» деген үшінші тарауда ұлттық философияның негізі байырғы философиялық ұғымдар мен халық астрономиясын қазақтың күн санау, ай санау, жыл санау және жыл қайыру әдістеріне жан-жақты шолу жасаумен бірге, қазақтың этномедицинасы туралы шолулар жасайды.

«Қазақ заңдары» деген келесі төртінші тарауда қазақ заңдары туралы жалпы түсінік бере келе, үйсін дәуірінің заңдары мен Шыңғыс хан заманының заң жосындарын сипаттап, қазақ хандығы дәуірінің заңдарын, қазақ билігіндегі билердің орны мен билер ережесіне тоқталады. Тараудың соңында шариғат заңдарына да шолу жасап, шариғатта белгіленген заңдарды бір-бірлеп сипаттайды.

Кітаптың бесінші тарауы қазақтың бала тәрбиелеу дәстүріне арналса, алтыншы тарауда тұрмыс-салт тәрбиесінің нақты ережелерін, яғни тұрмыс-салт тәрбиесіндегі ырым-тиымдарына тоқталыпты. «Қазақтың өлім, ұзату дәстүрі» дейтін жетінші тарауда халқымыздың өлім, ұзату жосындары таныстырылып, қазақтың жоқтау жырлары да сөз болады.

Соңғы сегізінші тарауды қазақтың этнопедагогикасына арнапты, оған жалпы түсінік беріп, жан-жақты талдау жасапты.

Ғалым, жазушының ұзақ жылдар бойғы еңбегінің нәтижесі есепті бұл еңбек отандық қана емес, шетелдік ғалымдардың да зор бағасын алатыны дау туғызбайтыны анық. Себебі, қазақ тарихына қатысты көптеген тарихи деректер, құнды мәліметтер қамтылған.

Әрбір оқырман екі нәрсеге, біріншіден, шетте жүрген қандастарымыздың ұлттық құндылықтарымызды көздің қарашығындай қорғап, оған үлкен құрметпен қарайтындығына, екіншіден, бізде жоғалып бара жатқан соншама мол рухани құндылықтарымыздың шетелдегі қазақ диаспорасының ортасында сақталып қалғанына көз жеткізеді.

Қазақ этнографиясы жөнінде бұған дейін де отандық және шетелдік ғалымдар көп қалам тербеді. Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ақселеу Сейдімбек сияқты қазақтың ұлы ғалымдары еңбектер жазды. Осы қатарға Қытайдағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Зейнолла Мүбәрақұлы мен жас этнограф, мәдениеттанушы Жанат Зейноллақызын да қосуға болады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРІ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ МЕШІТТЕР САНЫ

№	Қала	Мешіт саны
01	Шымкент	105
02	Алматы	52
03	Тараз	33
04	Түркістан	32
05	Қызылорда	19
06	Нұр-Сұлтан	12
07	Семей	11
08	Ақтөбе	11
09	Қарағанды	8
10	Павлодар	7
11	Талдықорған	7
12	Атырау	7
13	Көкшетау	5
14	Петропавл	5
15	Өскемен	5
16	Орал	3
17	Қостанай	3
18	Ақтау	2

Дереккөз **ҚМДБ** ▮ Инфографика **Айнұр Қайратбек**

Редакция «Qazaq» газетіне 2021 жылға жазылудың ең оңай жолын ұсынады



Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтудың керегі жоқ. Сонымен...

СІЗ ОЛ ҮШІН

I. Газеттің жауапты хатшысы Маржан Жамбайдың Kaspi Gold [5169 4931 4731 3665] картасына қажетті ақшаны [12 айға – 5 000 теңге] аударсаңыз;

II. Kaspi Gold арқылы аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және атыжөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті.

СОДАН КЕЙІН

I. Сіз үшін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға газетке жаздыртады;

II. Әр апта газетті үйіңізге пошташы апарып беретін болады;

III. Газетке бір құттықтауыңызды тегін жариялауыңызға мүмкіндік беріледі.

«Qazaq» газеті әр аптаның сейсенбі күндері Халықаралық Алматы әуежайында, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, «Сайран» автобекетінде, Алматы метрополитенінің барлық 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, редакцияға хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

ТОП–10: ЕУРОПА ФУТБОЛ АССОЦИАЦИЯСЫ ОДАҒЫНДАҒЫ ЕҢ ҮЗДІК ҚҰРАМАЛАР

Дереккөз UEFA ▮ **Инфографика** Айнұр Қайратбекқызы

60 жылдан бері жыл сайын 24 қазанда «Байқоңырда» 1960 және 1963 жылдары болған апат салдарынан қаза тапқан сынақшы мамандарды еске алады. Бұл – қаралы күн. Дәл осы күні ғарыш айлағының ұшу алаңындағы барлық жұмыс тоқтап, ешқандай ұшу белгіленбейді.

ҚАРАЛЫ КҮН

Жыл сайын 24 қазанда «Байқоңырдың» жұмысы неге тоқтайды?

Жанар ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
саяси шолушы

1960 жылы 24 қазанда «Байқоңыр» ғарыш айлағының № 41 аумағында (бұрынғы КСРО Қорғаныс министрлігінің 5-полигоны) зымыран ұшыру тарихындағы ең ірі апат орын алды. Апат «Р-16» зымыранын сынау мақсатында ұшыруға дайындық кезінде болды. Ғарышқа ұшуға 30 минут қалғанда екінші сатылы қозғалтқыш жоспардан тыс іске қосылып кетеді. Шыққан газ бірінші сатылы бакты өртеп, шарпыған өрт 100 метр аумақты қамтиды. Өрт салдарынан зымыран жанында болған 74 адам апаттың құрбаны болып, артынан жарақат пен күйіктен тағы 4 адам ауруханада қаза тапты. Бұл ресми мәлімет. Ал, бейресми мәлімет бойынша апат құрбандарының саны 120-дан асқан. Қаза тапқандар арасында КСРО Қорғаныс министрінің орынбасары, Одақтың стратегиялық мақсаттағы зымыран жасағының бас қолбасшысы, артиллерияның бас маршалы Митрофан Неделин де бар-тын. Тарихи анықтамаларда апат себебі ретінде қауіпсіздік техникасы ережелерін өрескел бұзу, толық дайын болмаса да, зымыранды Ұлы Қазан төңкерісінің мерейтойы қарсаңында ұшыру жоспарланғаны атап көрсетілген. Апат туралы мәліметтер мемлекеттік құпия болып саналған және ол туралы ақпараттар алғаш рет сексенінші жылдары ғана кеңестік БАҚ беттерінде жарық көрген.

Иә, Кеңес Одағы космонавтикасының тарихындағы ең ірі апаттың орын алуына жауапты адамдардың жауапсыздығы себеп болды. Өйткені, бұл күрделі іске жүрдім-бардым қарауға болмайды. Ғарыш саласы салғырттықты көтермейді.

Бір қарағанда Михаил Янгель құрастырған «Р-16» зымыраны сол тұстағы техникалық талапқа сай келді. Дегенмен, оны жетілдіре түсу үшін уақыт керек болды. Сондықтан жауапты тұлғалар асығыстық танытпағанда бұл зымыран ұшпай жатып апатқа ұшырамас еді.

■ «Байқоңыр» ғарыш айлағының №41 аумағындағы мемориалдық тақта

Мән-жайды қысқаша түсіндіре кетейік. Ұлы Қазан төңкерісінің кезекті «туған күні» жақындап қалды. Содан зымыранды қазан айының соңында ұшыру жоспарланды. Сөйтіп, Кеңес Одағы коммунистік партиясының съезінде кеңестік космонавтиканың жетістігін көрсету мақсат болды. Осы мақсатта «Байқоңыр» ғарыш айлағында кеңестік мамандар тәулік бойы тер төкті. 21 қазанда биіктігі 12 қабатты үйдей болатын 140 тонналық зымыран ұшу алаңына шығарылды. Ұшу алаңына мемлекеттік комиссияның басшысы Митрофан Неделиннің өзі келді. Ол КОКП ОК Бірінші хатшысы Никита Хрущевке мән-жайды тікелей баяндап тұрды. Зымыранды ғарышқа ұшыру 23 қазанға жоспарланды. Алдын ала зымыранға жанармай құйылды. Ұшуға аз уақыт қалғанда зымыраннан ақау табылды. Техникалық талап бойынша сол сәтте зымыран ұшу алаңынан жөндейтін зауытқа кері қайтарылып, жанармайы толық құйылып алынуы тиіс болған. Ал, ол жағдайда көп уақыт жоғалтатындарын Неделин жақсы түсінген. Содан Хрущевке жағынуды бәрінен биік қойған Неделин нар тәуекелге барып, зымыранды орнынан қозғалтпастан ұшу алаңында жөндеуді бұйырады. Басшының бұйрығын екі етпейтін мамандар зымыранның ақауын түзеткендей болады. Дегенмен, «асыққан – шайтанның ісі» екені сол күні тағы да дәлелденді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ғарышқа ұшуға жарты сағат қалғанда екінші сатылы қозғалтқыш жоспардан тыс іске қосылып кетіп, шыққан газ бірінші сатылы бакты өртеп, шарпыған өрт 100 метр аумақты қамтыды. Адам шығынын жоғарыда жаздық.

Сол күні түнде «Р-16» зымыранын құрастырған және осы сынақтың техникалық басшысы болған Янгель Хрущевке қоңырау шалады. Одақ басшысына қайтыс болғандардың тізімін айтады. Қаралы тізімде Неделин бастаған жоғары шенділер де бар. Сонда Хрущев Янгельден: «Сен, сынақтың техникалық басшысы апат болғанда қайда болдың?» – деп сұрайды. Расымен, бәрі апаттың құрбаны болғанда санаулы адам қалай аман қалды? Сөйтсек, Янгельдің көрер жарығы бар екен. Өзі құрастырған зымыран жарылғанда ол сыртқа темекі шегуге шығыпты. Қасында мемлекеттік комиссияның мүшелері Иосифьян мен Богомолов та бар. Тіпті, соңғысы ешқашан темекі шекпеген көрінеді. Сыртқа әшейін «за компанию» шыққан.

Бірден апатты тексеру комиссиясы құрылды. Оны Брежнев басқарды. Ертеңіне Брежнев бастаған шенділер «Байқоңыр» ғарыш айлағына келді. Мән-жайды тексерді. Келесі күні-ақ олар апат себептерін толық анықтаған баяндама әзірледі. «Зымыран апатының кемшілігі бас конструктор Михаил Янгель тарапынан емес» екені анықталды. Жарылысқа соқтырған ақау зымыранды басқару жүйесінен кеткені айтылды. Оның бас конструкторы Коноплев жанып кетті. Нақты кінәлі ұшу алдындағы нұсқауды толық орындамаған оператор болып шықты. Бірақ, Брежневтің уәдесімен оның атын анықтау мен жазалауға жол берілмеді. «Ең басты қателік зымыранның жанармай қайта құйып алынбаған қалпы жөнделуінде» деп көрсетілді. Бұл орайда «солай болсын» деген ұйғарымды «Р-16» зымыранын сынау жөніндегі бастапқы Мемлекеттік комиссия төрағасы Неделин айтқан. Маршал да сол апаттың құрбаны болды. Бір қарағанда, жауапсыздық танытқан жауаптылардың бәрі апаттан көз жұмды. Содан Брежнев «Наказывать никого не будем» деген тоқтамға келді.

Тура үш жылдан кейін, 1963 жылы 24 қазанда ғарыш айлағының №70 аумағында «Р-9» зымыраны ұшуға орнатылатын шахтада өрт шығып, 8 адам опат болды. Осы екі апатқа байланысты әр жылы 24 қазанда «Байқоңырда» апатта қаза тапқандарды еске алу күні болып белгіленген. Бұл күні ғарыш айлағында барлық жұмыс тоқтатылып, зымыран ұшырылмайды.

МЕНШІК ИЕСІ **«МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ**

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ**
ШОЛУШЫЛАР **МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, АРУЖАН МҰХАНБЕТҚАЛИ, ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ФАРАБИ СӘЙКЕНОВ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ, СЕРІК ҚИРАБАЕВ, САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН УӘЛИЕВ, АЛМА ДОСЖАНОВА, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
A05A1D6, **Абай даңғылы, № 143, 3 қабат, 303 кеңсе** (редакция)
A25H9M7, **Береговая көшесі, 12 үй** (бас кеңсе)

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ

+7 (701) **505 48 48** **kazakh_2006@mail.ru**

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Халықаралық Алматы әуежайы — Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері — «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті — Станционная к-сі, № 01
«Алматы-2» теміржол бекеті — Абылай хан даң., № 01
«Сайран» автобекеті — Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР

«Караван», «Kok tengri» (Мир пресс) **дүңгіршектері**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 20 300 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 1 516 / 347**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді.
Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды.
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді.
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты.
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.
Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, baribar.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды.
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады.

ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

студенттері «жүзден – жүйрік...»

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Педагогика және психология жоғары мектебінің 5 студенті ауыр атлетикадан қыздар мен жастар арасындағы Қазақстан Республикасының жеке командалық чемпионатында жүлделі орындарға ие болды.

Атап айтқанда, 20 жасқа дейінгі қыздар арасындағы жарыста 55 келі салмақ дәрежесіндегі Юлия Потасова бірінші орынға, 59 келі салмақ дәрежесіндегі Аружан Мұрат пен 81 келі салмақ дәрежесіндегі Гүлдана Елубай екінші орынға және 59 келі салмақ дәрежесіндегі Алина Козинец үшінші орынға ие болды. Ал, 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы сайыста Юлия Потасова бірінші орынға, Аружан Мұрат екінші орынға, Алина Козинец, Гүлдана Елубай мен Ангелина Полянина үшінші орынға қол жеткізіп, оқу орнының мерейін үстем етті.

Серпе және жұлқа көтеруден қарсылас шақ келтірмеген бойжеткендер бүгінде университетте «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша білім алуда.

Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы Сәдуақас Шыңғысбаевтың айтуынша, қазіргі күнде қыздар Шымкент қаласында өтетін әлемдік спорт додасына дайындық үстінде.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасының ауыр атлетика федерациясы ұйытқы болған жарыс онлайн форматта ұйымдастырылды. Оған еліміздің әр аймағынан 15 команда мен жалпы саны 569 зілтемірші қатысып, бақтары мен баптарын сынады.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімі

«Qazaq» газетінің ұжымы ҚР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері – **Еркебұлан Саламатұлы Мүсірептің** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына, өнер сүйер қауымға көңіл айтады.